

ISSN 2306-7365

1996 жылдың қарашасынан бастап шығады

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің

ХАБАРШЫСЫ

Н.А. Yesevi UKTÜ
Bülteni



Вестник МКТУ им.
Х.А. Ясауи



Bulletin of IKTU named
H.A. Yasawi

№1 (102)



Қаңтар-наурыз



2017



БАС РЕДАКТОР

техника ғылымдарының докторы, профессор

ТАЛЖАН ПЕРДЕШҰЛЫ РАИМБЕРДИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Калимбетов Б.Т.	– физика-математика ғылымдарының докторы, профессор
Шалқарова Ж.Н.	– медицина ғылымдарының докторы, профессор
Жұмабаев У.А.	– биология ғылымдарының докторы, доцент
Беркімбаев К.М.	– педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Қалықұлов Қ.М.	– экономика ғылымдарының докторы, профессор
Әтемова К.	– педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Қойшиев Т.Қ.	– техника ғылымдарының докторы, профессор
Жетібаев К.М.	– тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Балтабаева А.Ю.	– философия ғылымдарының кандидаты, ХҚТУ профессоры
Келесбаев Д.Н.	– PhD доктор
Әбілдаева Г.Е.	– аға редактор
Садықова А.Д.	– редактор
Байғұт М.Ж.	– көркемдеуші редактор

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

А Қ Ы Л Д А С Т А Р А Л Қ А С Ы

Абдибеков У.С.	- физика-математика ғылымдарының докторы, проф. /Қазақстан/
Аврамов К.В.	- техника ғылымдарының докторы, профессор /Украина/
Агаева Ф.А.	- доктор, профессор /Әзірбайжан/
Ақбасова А.Ж.	- техника ғылымдарының докторы, профессор /Қазақстан/
Байжігітов Қ.Б.	- биология ғылымдарының докторы, профессор /Қазақстан/
Баканов Ғ.Б.	- физика-математика ғылымдарының докторы, проф. /Қазақстан/
Батмаз Э.	- PhD доктор, доцент /Түркия/
Бахадырова С.	- доктор, профессор /Қарақалпақстан-Өзбекстан/
Бутанаев В.Я.	- доктор, профессор /Хакасия-Ресей/
Гржибовский А.М.	- доктор, профессор /Норвегия/
Ерен Мұстафа	- доцент /Түркия/
Ергөбек Қ.С.	- филология ғылымдарының докторы, профессор /Қазақстан/
Жолдасбаев С.Ж.	- тарих ғылымдарының докторы, профессор /Қазақстан/
Идельбаев М.Х.	- доктор, профессор /Башқұртстан-Ресей/
Йылдыз Муса	- доктор, профессор /Түркия/
Кенжетай Д.Т.	- филос. ж/е геол. ғылымдарының докторы, проф. /Қазақстан/
Куталмыш М.	- доктор, профессор /Түркия/
Мельников Б.Е.	- техника ғылымдарының докторы, профессор /Ресей/
Миннегулов Х.Ю.	- доктор, профессор /Татарстан-Ресей/
Молдалиев Ы.С.	- медицина ғылымдарының докторы, профессор /Қазақстан/
Мырзалиев Б.С.	- экономика ғылымдарының докторы, профессор /Қазақстан/
Назаров Н.А.	- доктор, профессор /Өзбекстан/
Өтелбаев М.	- физика-математика ғылымдарының докторы, проф. /Қазақстан/
Пала А.	- доктор, профессор /Түркия/
Турметов Б.Х.	- физика-математика ғылымдарының докторы, проф. /Қазақстан/
Турдукулов А.	- доктор, профессор /Қырғызстан/
Шимшек Н.	- доктор, профессор /Түркия/
Шимшек М.	- доктор, профессор /Түркия/

Журнал Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде 1996 жылғы 8 қазанда тіркеліп, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттігінің есепке қою туралы №232-Ж куәлігі берілген.

Индекс №75637

Журнал 2013 жылдың қаңтар айынан бастап Париж қаласындағы ISSN орталығында тіркелген.

ISSN 2306-7365

ӘОЖ 574.503

А.А.АБДРАСИЛОВ, А.Ж.АҚБАСОВА

**АУЫР МЕТАЛДАРМЕН ТЕХНОГЕНДІ ЛАСТАНҒАН ТОПЫРАҚ
ЭКОЖҮЙЕСІН ДЕТОКСИКАЦИЯЛАУ**

Бұл мақалада Түркістан өңірінің сұр топырағында ауыр металдардың, оның ішінде цинк, қорғасын, кадмийдің әртүрлі мөлшерлерінің жылжу және жинақталу үдерістеріне сипаттама берілген. Сондай-ақ, жергілікті өсімдіктердің, дәлірек айтсақ жоңышқа және жүгерінің сорбциялық қасиеттеріне негізделіп қойылған тәжірибе нәтижелері көрсетілген. Тәжірибенің нәтижесіне сай қорытынды жасалынған.

Тірек сөздері: сұр топырақ, ауыр металдар, күкірт құрамды қалдық, биоремедиация, гипераккумулятор, детоксикация, вольтамперометрия.

А.А.Абдрасилов, А.Д.Ақбасова

**Детоксикация техногенно загрязненной тяжелой
металлами почвенной системы**

В этой статье приведены результаты опыта, основанные на процессы продвижения и накопления различного объема тяжелых металлов, в том числе цинка, свинца, кадмия в сероземе окрестностях Туркестана. Предоставлен сорбционное качества местных люцерны и кукурузы. Сделано вывод из результата эксперимента.

Ключевые слова: серозем, тяжелые металлы, серосоставной отход, биоремедиация, гипераккумулятор, детоксикация, вольтамперометрия.

A.A.Abdrasilov, A.D.Akbasova

**Detoxication of Technogenic Polluted with Heavy
Metals Soil Systems**

In this article given the results of experiments based on the processes of promotion and accumulation of different amount of heavy metals, including zinc, lead, cadmium in the gray soils of Turkestan region. The sorption quality of local Lucerne and maize is given. The conclusion has done from the result of the experiment.


Key words: gray soils, heavy metals, the remainder of the sulfuric composition, bioremediation, hyperaccumulator, detoxification, voltammetry.

Anahtar kelimeler: gri toprak, ağır metaller, geri kalan sülfürik bileşimi, biyolojik parçalanması, hyperaccumulator, detoksifikasyon, voltametri.

Кіріспе. Соңғы жылдары антропогендік көздерден көп мөлшерде ластағыш заттар, оның ішінде ауыр металдар қоршаған табиғи ортаға тасталуда. Осының салдарынан экожүйелердегі экологиялық тепе-теңдік бұзыла бастады. Бұл мәселе бүкіл адамзатты алаңдатууда. Біз нысан ретінде қарастырып отырған топырақ экожүйесі – биосфераның құрамдас бөлігі ретінде, бұл үрдістен тыс қалмайды [1; 2; 3].

Зерттеу жұмысының өзектілігіне дәлел ретінде, біз тәжірибелік зерттеулердің алғашқы кезеңінде Түркістан аймағының бірнеше жерінен топырақ үлгілерін сынамадан өткіздік. Сынама негізінен төрт ауыр металдарға жүргізілді. Олар Zn, Cd, Pb, Cu. Нәтижесінде Zn пен Pb деңгейі фондық көрсеткіштен жоғары екендігі (Pb – 7,9 мг/кг; Zn – 3,4 мг/кг) анықталды (Сурет 1).

Түркістан өңірінің халқы ауыл шаруашылығымен, оның ішінде негізінен егіншілікпен айналысатынын ескерсек, бұл көрсеткіштер экологиялық таза өнім алу мүмкіншілігін тежейтін басты факторлардың бірі.



Сурет 1. Түркістанның сұр топырағында анықталған ауыр металдар көрсеткіші.

Зерттеу нысаны және әдістері. Зерттеу нысаны ретінде бірнеше объект: Түркістан өңірінің сұр топырағы, ауыр металдар (Zn, Pb, Cd), күкірт сүзгілі қалдық алынды. Әртүрлі мөлшердегі ауыр металдардың сұр топырақта жылжу және сіңіру үдерістерін және жергілікті өсімдіктердің сорбциялық қасиеттерін зерттеу Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аумағындағы «Мағжан» қалашығында және ХҚТУ Экология ҒЗИ-дің «Экологиялық бақылау және химиялық талдау» зертханасында жүргізілді.

Яғни, зерттеу және талдау жұмыстары далалық және зертханалық жағдайда анықталды. Зерттеу жұмысы барысында арнайы методикалық нұсқаулар, ауыр металдарды вольтамперометриялық әдіспен анықтайтын қондырғы (Та-Lab), химиялық реактивтер және басқада құрал-жабдықтар қолданылды [4; 5]. Зерттеу жұмысында негізінен биоремедиация және вольтамперометрия әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау. Жүргізілген далалық тәжірибелер арнайы жәшіктерде жүргізілді. Жәшікке бірінші құрам үшін 15 кг топырақ және екінші құрам үшін 13 кг топырақ пен 2 кг күкірт сүзгілі қалдық алынды. Жәшіктегі топырақтарды 2, 5, 10 ШРК мөлшерінде Zn, Pb, Cd металдарымен ластадық. Ластаған топыраққа жоңышқа мен жүгері өсімдіктері егілді. Вегетациялық кезең аяқталған соң, өсімдіктерді жинап, зертханада кептірдік. Кепкен өсімдіктерді арнайы методикалармен өндедік [4; 5]. Анализ нәтижелері төмендегі кестелерде (1, 2, 3 кестелер) көрсетілген. Кестелерде көрсетілген ШРК мөлшері Zn үшін 23 мг/кг, Pb үшін 32 мг/кг, Cd үшін 0,03 мг/кг есебінде алынған.

Кесте – 1. Гиперакумулятор ретінде пайдаланылған жоңышқа өсімдігіне жинақталған ауыр металдар мөлшері

Ауыр металдар	Сұр топырақта						Күкірт сүзгілі қалдық қосылған сұр топырақта					
	Бастапқы енгізілген мөлшер ШРК	Жоңышқаға өткен мөлшер мг/кг	Бастапқы енгізілген мөлшер ШРК	Жоңышқаға өткен мөлшер мг/кг	Бастапқы енгізілген мөлшер ШРК	Жоңышқаға өткен мөлшер мг/кг	Бастапқы енгізілген мөлшер ШРК	Жоңышқаға өткен мөлшер мг/кг	Бастапқы енгізілген мөлшер ШРК	Жоңышқаға өткен мөлшер мг/кг	Бастапқы енгізілген мөлшер ШРК	Жоңышқаға өткен мөлшер мг/кг
Zn	2	29	5	69	10	118	2	12	5	33	10	0,11
Pb	2	3,5	5	19	10	44	2	30	5	16	10	6,2
Cd	2	0,11	5	0,30	10	0,75	2	0	5	0,16	10	0,18

Кесте–2. Гипперакумулятор ретінде пайдаланылған жүгері өсімдігінің сабағы мен жапырағында жинақталған ауыр металдар мөлшері

Ауыр металдар	Сұр топырақта						Күкірт сүзгілі қалдық қосылған сұр топырақта					
	Бастапқы енгізілген мөлшер ПРК	Жүгеріге өткен мөлшер мг/кг	Бастапқы енгізілген мөлшер ПРК	Жүгеріге өткен мөлшер мг/кг	Бастапқы енгізілген мөлшер ПРК	Жүгеріге өткен мөлшер мг/кг	Бастапқы енгізілген мөлшер ПРК	Жүгеріге өткен мөлшер мг/кг	Бастапқы енгізілген мөлшер ПРК	Жүгеріге өткен мөлшер мг/кг	Бастапқы енгізілген мөлшер ПРК	Жүгеріге өткен мөлшер мг/кг
Zn	2	20	5	35	10	59	2	3,9	5	7,1	10	36
Pb	2	0,54	5	7,1	10	13	2	2,2	5	2,0	10	3,5
Cd	2	0,023	5	0,35	10	0,93	2	0	5	0,19	10	0,43

Кесте–3. Гипперакумулятор ретінде пайдаланылған жүгері өсімдігінің тамырында жинақталған ауыр металдар мөлшері.

Ауыр металдар	Сұр топырақта						Күкірт сүзгілі қалдық қосылған сұр топырақта					
	Бастапқы енгізілген мөлшер ПРК	Тамырға өткен мөлшер мг/кг	Бастапқы енгізілген мөлшер ПРК	Тамырға өткен мөлшер мг/кг	Бастапқы енгізілген мөлшер ПРК	Тамырға өткен мөлшер мг/кг	Бастапқы енгізілген мөлшер ПРК	Тамырға өткен мөлшер мг/кг	Бастапқы енгізілген мөлшер ПРК	Тамырға өткен мөлшер мг/кг	Бастапқы енгізілген мөлшер ПРК	Тамырға өткен мөлшер мг/кг
Zn	2	30	5	49	10	85	2	15	5	24	10	46
Pb	2	21	5	59	10	91	2	13	5	41	10	9
Cd	2	6,4	5	24	10	91	2	4,3	5	14	10	45

Қорытынды. Жүргізілген далалық және зертханалық зерттеулердің нәтижесіне сүйене отырып, мынадай қорытынды жасауға негіз бар:

1. Кәдімгі сұр топырақта жоңышқа өсімдігіне өткен Zn мөлшері металл коцентрациясы артқан сайын жоғарылайтындығы, ал қалдық қосылған топырақта коцентрация артқан сайын жоңышқаға өткен Zn мөлшері төмендейтіні анықталды.

2. Сұр топырақта жоңышқа өсімдігіне жинақталған қорғасын мөлшері металл концентрациясы жоғары болған сайын артатындығы, ал қалдық қосылған топырақта төменгі концентрацияда қорғасын жоғары жинақталатыны, концентрацияны арттырған сайын керісінше жоңышқаға аз өтетіндігі анықталды.

3. Кадмийдің жоңышқа өсімдігіне өтуі сұр топырақта металл концентрациясы артқан сайын жоғарылайтыны, ал қалдық қосылған сұр топырақта кәдімгі топырақпен салыстырғанда 4-5 есеге дейін төмен жинақталатыны дәлелденді

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Ақбасова А.Ж., Саинова Г.Ә.* «Экология» ЖОО оқу құралы. Алматы, 2003. 290 бет.

2. *Бекжанов М.А., Ақбасова А.Д., Гузовский К.З., Саинова Г.А., Кудасова Д.Е.* Удобрительно-мелиорирующее средство // Инновационный патент РК. № 29739. – 2015. – Бюл. № 4. (По данному инновационному патенту получены 5 авторских свидетельств РК).

3. *Samal Syrlybekkyzy, Gusman Zhardemovich Kenzhetaev, Amankul Dzhahankyzy Akbasova, Farida Kuantkanovna Nurbaeva, Ainur Erbulatovna Zhidebaeva, Sumbat Elamanovna Koibakova.* Creation of database of the coastal zone of the Caspian Sea soil condition using GIS technologies // Modern Applied Science Canadian Center of Science and Education. – 2015. – Vol.9. –№10. – P.55-60.

4. МУ 31-11/05. Количественный химический анализ проб почв, тепличных грунтов, илов, донных отложений, сапропелей, твердых отходов. . Томск. 2005. –С. 11-15.

5. МУ 31-04/04. Количественный химический анализ проб пищевых продуктов, продовольственного сырья, кормов и продуктов их переработки, биологически активных добавок к пище, биологических объектов. Томск. 2004. –С. 5-18.

REFERENCES

1. *Akbasova A.J., Sainova G.A.* «Ekologiya» JOO oku huralyi. Almatyi, 2003. 290 bet.

2. *Bekjanov M.A., Akbasova A.D., Guzovskiy K.Z., Sainova G.A., Kudasova D.E.* Udobritelno-melioriruyushee sredstvo // Innovatsionnyiy patent RK. № 29739. – 2015. – Byul. №4. (Po dannomu innovatsionnomu patentu poluchenyi 5 avtorskih svidetelstv RK).

3. *Samal Syrlybekkyzy, Zhardemovich Kenzhetaev Gusman, Amankul Dzhahankyzy Akbasova, Kuantkanovna Nurbaeva Farida, Erbulatovna Zhidebaeva Ainur, Sumbat Elamanovna Koibakova.* Coastal zone of soil condition using GIS technologies Creation of the database of the Caspian Sea // Canadian Center of Science and Education, Modern Applied Science. – 2015. – Vol.9. –No.

10. – P. 55-60.

4. МУ 31-11/05. Kolichestvennyiy himicheskiy analiz prob pochv, teplichnyih gruntov, ilov, donnyih otlojeniy, sapropeley, tverdyih othodov. . Tomsk. 2005. –S. 11-15.

5. МУ 31-04/04. Kolichestvennyiy himicheskiy analiz prob pischevyih produktov, prodovolstvennogo syirya, kormov i produktov ih pererabotki, biologicheski aktivnyih doavok k pische, biologicheskikh obyektov. Tomsk. 2004. – S. 5-18.

Абдрасилов А.А. – магистрант, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ., e-mail: kazah_prade@mail.ru

Ақбасова А.Ж. – техника ғылымдарының докторы, профессор, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ., e-mail: ecology_kz@mail.ru.

Абдрасилов А.А. – магистрант, университет Ахмета Ясави, г. Туркестан, e-mail: kazah_prade@mail.ru

Ақбасова А.Д. – доктор технических наук, профессор, университет Ахмета Ясави, г. Туркестан, e-mail: ecology_kz@mail.ru.

Abdrasilov A.A. – master student, Ahmet Yasawi University, Turkestan, e-mail: kazah_prade@mail.ru

Akbasova A.D. - Doctor of Technical Sciences, Professor, Ahmet Yasawi University, Turkestan, e-mail: ecology_kz@mail.ru.

ӘОЖ 378.147:547

**Г.А.ТУРЕБЕКОВА, Г.С.РАХМАНОВА,
К.М.СЕРИМБЕТОВА, А.К.ПАТСАЕВ**

**ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ СТУДЕНТТІҢ ТАНЫМДЫҚ
ІЗДЕНІСІН АРТТЫРУ**

Қазіргі заманауи адам күрделі әлеуметтік және ғылыми-техникалық қоғамда өмір сүреді. Бұл қоғамда жетістікке жету үшін танымдық ізденісін арттыратын ой-өрісінің деңгейі және зияткерлік қабілеті өте жоғары болуы тиіс. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі дәстүрлі теория негіздерімен қатар бекітілген бағдарламаға сәйкес білім алушының есте сақтау, зейінін қалыптастыру, ойлау және шығармашылық, сонымен танымдық қабілетін қосымша функция атқарады.

Танымдық қабілетін дамыту ақпаратты игеру үшін есте сақтау қабілетін жаттықтырумен, сондай-ақ шығармашылық тапсырмалардың нәтижелерін талдау кезінде осы ақпаратпен ақыл-ой іс-қимылдарын игеру: зертханалық жұмыстарды орындау және талдау, интерактивті тақтамен жұмыс істеу, мәселелік сұрақтардың шешімін табу.

Тірек сөздері: химия, танымдық ізденіс, кешенді қосылыстар, бейнефильм, мультимедия.

**Г.А.Туребекова, Г.С.Рахманова,
К.М.Серимбетова, А.К.Патсаев**

**Повышение когнитивных способностей студента
во время учебного процесса**

Современный человек живёт в сложном социальном и научно-техническом мире. Чтобы добиться в нём успеха, необходим достаточно высокий уровень интеллекта и входящих в него когнитивных способностей. Современная образовательная система, наряду с обучением школьника основам разнообразных знаний в соответствии со школьной программой выполняет дополнительную функцию развития у него памяти, внимания, мышления, воображения и других познавательных способностей.

Развитие когнитивных способностей к обучению связано с тренировкой различных видов памяти для освоения учебной информации, а так же освоение способов умственных действий с этой информацией в процессе её использования при реализации творческих заданий: выполнение и анализ результатов лабораторных опытов, работа с использованием интерактивной доски, решение проблемных вопросов.

Ключевые слова: химия, когнитивные способности, комплексные соединения, видеофильм, мультимедия.

**G.A.Turebekova, G.S.Rakhmanova,
K.M.Serimbetova, A.K.Patsaev**
**Increased cognitive abilities of students during
the learning process**

Modern human lives in a complex social and scientific-technical world. To achieve success in it, you need a fairly high level of intelligence and its member cognitive abilities. The modern educational system, along with student learning through a variety of knowledge in accordance with the school program performs an additional function of his memory, attention, thinking, imagination and other cognitive abilities.

The development of cognitive learning associated with the training of various types of memory for the development of educational information, as well as the development of methods of mental activities with this information in the course of its use in the implementation of creative tasks: implementation and analysis of the results of laboratory experiments, work with interactive whiteboard, the solution of problem issues.

Key words: chemistry, cognitive research, coordination compounds, video, multimedia.

Anahtar Kelimeler: kimya, bilişsel yetenekleri, karmaşık bileşikler, video, multimedya.

Кіріспе. Жоғары оқу орындарды жаңартуда маңызды бағыттарының бірі оқытудың, тәрбиенің және студенттердің даму сапасын жасарту болып табылады. Білім үйретудің, тәрбиенің және оқыту үдерісінің дамымалы функциясын жүзеге асырудың негізгі формасының бірі – сабақ болып саналады.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру [1; 2].

Негізгі бөлім. Жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу үшін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын пайдалана отырып, жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай жасау керек. Жаңа технологияның қай-қайсысын алмайық, оқу үрдісінде өзінің оңтайлығымен ерекшеленеді. Ал тиімді технологияны таңдау оқытушының өз еркінде. Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес [2; 3].

Студенттердің танымдық ізденісін жүзеге асыру үшін жүйелеп оқытудың негізінде өзін-өзі басқару әдістерін қолдануға болады. Оларда оқу-танымдық, оқу зерттеу және өзін-өзі бақылау мен бағалаудың бағыт-бағдарлары толық қамтылады. Танымдық жүйелі көзқарастың негіздегі оқытудың мазмұнын таңдауда жүйелілік принципіне көңіл бөлінеді, өйткені адамның дүниені жүйе ретінде тануы басты үдеріс болып табылады.

Студенттің танымдық қабілетін қалыптастыру мақсатында негізгі ғылыми ұғымдар сызбасын қолданған абзал: негізгі қағидалар→салдары→қосымшалары [5; 6; 7;].

Зерттелетін материалдың жоспарланған құрылымы студенттердің танымдық ізденісін, олардың бойында өзін басқару дағдыларын жедел қалыптастыруды жүзеге асыруға негіз қалайды. Бұл құрылым өзара байланысты әрекеттес компоненттерден тұрады: негізгі теория бөлімі, жүйелі талдау бөлімі, мәселелік бөлімі, практика, зерттеу, тәжірибе бөлімдері (сызба-1):

Сызба-1. Ақпаратты жүйелі түсіндіру блогы.

Зерттелетін теорияның, ықпалды факторлардың, сыртқы ортаның әсерін талдау сызбасы	Теория. Негізгі қағидалары, түсініктері, құрылымы	Зерттелетін теорияның негізгі элементтеріне қатысты мәселелік болжау
Негізгі қағидаға сәйкес сурет, сызба, химиялық таңбасы		Тәжірибе. Зерттеу. Модельдеу. Тәжірибе мақсаттары және жеке мақсатты бағдарламаларды түзу және жүзеге асыру.
Элементтердің мазмұны мен қызметіне, олардың салдарына әсер ететін ықпалды факторлар		

Оқу материалдарын түсіндіру, оны талдау мен зерттеу пәннің жұмыс бағдарламасы мен білім мазмұнына сәйкес жүргізіледі. Тірек – сызбасын оқу үдерісі барысында жиі қолдану теорияны әр тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді: жалпы жағдай, жүйелі талдау, ықпалды факторлар, мәселелік сұрақтарды нақты шешу. Осылайша студенттердің бойынан жүйелі көзқарасты, жүйелі ойлаудың тиісті тәртіпті жедел қалыптастыру оқу үдерісі барысында танымдық дербестікті және ғылыми-ізденістік қабілетін қалыптастыруға игі әсерін тигізеді.

Химия – жаратылыстану ғылымдарының бірі болып келеді. Ол тірі ағзада өтетін биохимиялық реакцияларды сыртқы ортада жүретін химиялық өзгерістермен байланыстыра отырып түсіндіреді.

Табиғат бізге денсаулықтың және ұзақ ғұмыр кешудің қайнар көзі болып келетін саны шексіз дәрілік өсімдіктердің мыңдаған түрлерін сыйлады. Ұзақ жылдар бойы адамдар оларды ауруға шипа ретінде қолданды.

Дәрілік өсімдіктер тірі ағзаның бойында өтетін зат алмасуға әсер ететін және оның сыртқы ортаға қарсы тұру қабілетін арттыратын биологиялық белсенді заттарға өте бай. Ал осы биологиялық белсенді заттардың қасиетін және құрылысын зерттеуде химияның алатын орны өте маңызды. Биологиялық белсенді заттардан дайындалатын дәрілік препараттар коллоидтық ерітінді немесе комплексті қосылыстар түрінде кездеседі. Сондықтан болашақ фармацевт химияның негізгі теориялық білімімен қарулануы тиіс. Себебі, бейорганикалық химия, физикалық және коллоидтық химия, органикалық химия, аналитикалық химия фармацевтикалық және токсикологиялық химияның, дәрілер технологиясының және фармакогнозияның негізгі әліппесі десек те болады.

Болашақ фармацевттің білгірлігін және таңдаған мамандығына қызығушылығын арттыру мақсатында оқытушы өзінің кәсіптілік құзыреттілігін ұдайы жетілдіріп отыру тиіс. Оқу үдерісін қызықты, әрі түсінікті өту үшін, бүгінгі таңда оқытушы ғана мәлімет беретін жалғыз қайнар көзі болуы тиіс емес, сондай-ақ оқытушы студенттердің жұмысын ұйымдастырушы және оларға бағыт-бағдар беруші болуы тиіс. Әрбір оқытушы оқу үдерісі барысында студенттердің танымдылық қабілетін жетілдіріп қана қоймай, оны ары қарай дамыту мақсатында бірнеше әдістерді біріктірсе жақсы нәтиже береді. Осыған байланысты күнделікті оқу үдерісінде мультимедия (зертханалық тәжірибелерді бейне таспа арқылы көрсету, бейнефильмдер), интерактивті тақта және топтық жұмыс айтарлықтай нәтиже береді. Мұндай әдістердің жиынтығы студенттердің қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және өзінің көзқарасын білдіруге мүмкіндік береді.

Есту және көру мүшесі арқылы қабылдаған дайын ақпаратты студенттер сабақ барысында қолмен ұстап және көрген ақпаратты өз бетінше жұмыс жасай отырып қорытынды жасауға үйренеді. Сонымен қатар, оқу үдерісінде ойын элементтерін қолдану студенттің қызығушылығын бір деңгейде ұстауға мүмкіндік береді.


Студенттің танымдық ізденісін арттыру мақсатында қолданылған тапсырмалар бейорганикалық химия пәнінің келесі тақырыптарында байқалады: «Химиялық реакцияның жылдамдығы», «Кешенді қосылыстар», «Тотығу-тотықсыздану реакциялары», «Элементтер химиясы». Соның ішіндегі «Кешенді қосылыстар» тақырыбындағы сабақтың үлгісін ұсынамыз. Тәжірибелік сабақ барысында танымдық ізденістерін арттыру мақсатында студенттерді білім деңгейіне қарай бірнеше топқа бөліп келесі жоспар бойынша жұмыс жасалды:

1. Мағынаны тану (әр топша өз тапсырмаларын блок түрінде түсіндіру);
2. Кешенді қосылыстар туралы бейнефильмді талқылау;
3. Интерактивті тақтада жұмыс жасау;
 - A) Анимацияға сәйкес кешенді қосылыстың құрылысын талдау;
 - B) Ой сергіту;

- С) Сәйкесін тап;
 4. Зертханалық жұмыс орындау: кешенді қосылыстарды алу және қасиеттері;
 5. «Сұрақты таңда» деңгейлік тапсырмасы;
 6. Сабақты бекіту (қорытынды тест.)
 Мағынаны тану кезеңінде студенттер тақырыпты жан-жақты қарастырып 1-сызбаға сәйкес интерактивті тақтада берілген кестені толтырады:

<p>Талдау сызбасы 1. Кешенді қосылыстар 2. Құрылысы 3. Жіктелуі 4. Қасиеті 5. Қолданылуы</p>	<p>Негізгі қағидалары Кешенді қосылыстар деп кристалдық күйде де, еріген кезде де құрамында бірнеше лиганд тобымен байланысқан орталық атомнан тұратын, кешенді ион деп аталатын құрылым түзетін күрделі химиялық қосылыстарды айтады. Мысалы: $K_4[Fe(CN)_6]$, $[Cu(NH_3)_4]Cl_2$, $K[Cr(SO_4)_2]$, $Na_3[Co(CN)_6]$ Қазіргі көзқарас бойынша, кешенді қосылыстар ішкі және сыртқы координациялық сферадан тұрады.</p>	<p>Күрделімәселе: Кешенді қосылыстардың тұрақтылығын сақтау, формулаларды дұрыс құрастыру.</p>
<p>Әсер ететін ықпалды факторлар 1. Еріткіштер 2. Атомдардың табиғаты 3. Қысым 4. Заттардың концентрация</p>	<p>ішкі сфера</p>  <p>Сыртқы сфера</p> <p>лиганда</p> <p>Комплекс түзуші ион</p> <p>$K_3[Fe(CN)_6] \rightarrow 3K^+ + [Fe(CN)_6]^{3-}$</p>	<p>Зертханалық жұмыс: 1. Берлин лазурін алу 2. Турнбулен көгі ерітіндісін алу.</p>

Келесі кезеңде 15 минуттық бейнефильмде студенттер кешенді қосылыстар туралы толық мәлімет алады. Бейнефильмнің соңында студенттер фильмді талқылай отырып, кешенді қосылыстар туралы алған білімін жан-жақты сипаттайды. Алдын-ала анимация түрінде мысал ретінде бір кешенді қосылыс талданады. Содан соң, анимацияға сәйкес топ өз кешенді қосылыстарын талдайды. Берілген кешенді қосылыстың ішкі және сыртқы сферасын, тотығу дәрежесін интерактивті тақтада жазып көрсетеді.



Кешенді қосылыстар	Координациялық сан	Лигандар	Кешентүзуші	Биологиялық ролі
<u>10</u>	<u>10</u>	<u>10</u>	<u>10</u>	<u>10</u>
<u>20</u>	<u>20</u>	<u>20</u>	<u>20</u>	<u>20</u>
<u>30</u>	<u>30</u>	<u>30</u>	<u>30</u>	<u>30</u>
<u>40</u>	<u>40</u>	<u>40</u>	<u>40</u>	<u>40</u>

Жоспар бойынша кешенді қосылыстар жайында интеллектуалды «Ой сергіту» ойынын ойнайды. Бұл жұмысты интерактивті тақтада орындайды. Әр ұяшықта балдық жүйесі көрсетілген сұрақтар жасырылады. Осы тапсырма барысында үлгерімі төмен және жақсы студенттер бір-біріне түсіндіре отырып ұжымдасып жауап беруге тырысады. Бұл кезде студенттердің ойлау қабілетін жылдамдатады.

Зертханалық жұмыста студенттер кешенді қосылыстардың алыну жолын, олардың түстерін ажыратып үйренеді. Алдын-ала тәжірибе бейне таспадан көрсетіледі. Сол бейне таспада көрсетілген жұмысты студенттер қайталайды. Көру мүшесі арқылы мағлұматты қолмен істеу арқылы білімді нақты бекітуге үлкен септігін тигізеді.

«Кешенді қосылыстар» тақырыбын қаншалықты меңгергендігін бақылау мақсатында «сұрақты таңда» деңгейлік тапсырмасын орындатқан кезде әрбір студенттің білім деңгейін анықтауға болады. Оқытушы тақтаға төмендегі кестені іледі:

1	1	1	2	2	3	2	4
3	5	3	6	1	7	2	8
1	9	2	10	3	11	3	12

Жоғарғы бұрышта сұрақ нөмірі, төменгі бұрышта сұрақтың деңгейі жазылады. Студент өзі деңгейді таңдап, сұрақ нөмірін айтып жауап береді.

Сәйкесін тап кезеңінде студенттер топтасып интерактивті тақтада жұмыс жасайды және сабақты қорытындылайды. «Сәйкесін тап» кезеңінде интерактивті тақтада 2 кешенді қосылыс беріледі және олар тапсырмадағы қасиеттерді сол қосылыстарға сәйкестендіреді:

$[\text{Co}(\text{H}_2\text{O})_6]\text{Cl}_2$	$\text{Na}_3[\text{Ag}(\text{S}_2\text{O}_3)_2]$	
монодентантты кешен	анионды кешен	координациялық саны 6
ацидокешен	аква кешен	катионды кешен
бидентантты кешен	лиганданың заряды 0-ге тең	координациялық саны - 2
лиганданың заряды 2-ге тең	кешенді түзушінің заряды +1	кешен түзушінің заряды +2

Қорытынды. Тәжірибе көрсеткендей, жоғары оқу орнында активті оқыту әдістерін қолдану жоғары дәрежелі маман иесін дайындаудың ең қажетті шарттарының бірі, яғни студенттің теориялық білімін іс – тәжірибе арқылы ұштастыра отырып, оның іс жүзінде білім дағдыларын қолдану қабілеттіліктерін және танымдық ізденісін арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Караев Ж.А., Кобдикова Ж.У.* Актуальные проблемы модернизации педагогической системы на основе технологического подхода. – Алматы, 2005.
2. *Туребекова Г.А., Дауренбеков К.Н., Кучербаев К.Ж.* Информационные технологии обучения в образовательном процессе вуза //«Педагогика и психология», №3 (24), 2015.
3. *Қобдикова Ж.У.* Оқыту процесін технологияландыру. – Алматы, 2000.
4. *Матрос Д.Ш., Полев Д.М., Мельников Н.Н.* Управление качеством образования на основе новых информационных технологий. – М. 2001.
5. *Мирсеитова С., Іргебаева Ә.* Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері. – Алматы, 2006.
6. *Дауренбеков Қ.Н.* Органикалық химия, оқулық, I, II-томдары. Шымкент, 2016.
7. *Janet A. Kistner and Joseph K. Torgesen* Motivational and cognitive/Aspects of Learning Disabilities. 1987. P.289-291.
8. *Perry D. Klein* Reopening Inquiry into cognitive processes in Writing-To-Learn / Educational Psychology Review, Vol.11, No.3, 1999. P.203-205.

REFERENCES

1. *Karayev Zh.A. Kobdikova Zh.U.* Aktualnyye problemy modernizatsii pedagogicheskoy sistemy na osnove tekhnologicheskogo podkhoda. –Almaty. 2005.
2. *Turebekova G.A., Daurenbekov K.N., Kucherbayev K.Zh.* Informatsionnyye tekhnologii obucheniya v obrazovatelnom protsesse vuza //«Pedagogika i psikhologiya». №3 (24). 2015.
3. *Kobdikova Zh.U.* Okytu procesin tekhnologiyalandyru. –Almaty, 2000.
4. *Matros D.Sh., Polev D.M., Melnikov N.N.* Upravlenie kachestvom obrazovaniya na osnove novykh informacionnyh tekhnologiy. – M. 2001.
5. *Mirseitova S., Irgebaeva A.* Arekettegi RWCT filosofiyasy men adisteri. – Almaty, 2006.
6. *Daurenbekov K.N.* Organikalyk himiya, okulyk, I, II-tomdary. – Shymkent, 2016.
7. *Janet A. Kistner and Joseph K. Torgesen* Motivational and cognitive/ Aspects of Learning Disabilities. 1987. P.289-291.
8. *Perry D. Klein* Reopening Inquiry into cognitive processes in Writing-To-Learn / Educational Psychology Review, Vol.11, No.3, 1999. P.203-205.

Төрбекова Г.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы, Шымкент қ., e-mail: gulya_t.a@mail.ru

Рахманова Г.С. – аға оқытушы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы, Шымкент қ.

Серимбетова Қ.М. – аға оқытушы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы, Шымкент қ.

Патсаев Ә.Қ. – химия ғылымдарының докторы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы, Шымкент қ.

Туребекова Г.А. – кандидат педагогических наук, Южно-Казakhstanская государственная фармацевтическая академия, г. Шымкент, e-mail: gulya_t.a@mail.ru

Рахманова Г.С. – старший преподаватель, Южно-Казakhstanская государственная фармацевтическая академия, г. Шымкент.

Серимбетова К.М. – старший преподаватель, Южно-Казakhstanская государственная фармацевтическая академия, г. Шымкент.

Патсаев А.К. – доктор химических наук, Южно-Казakhstanская государственная фармацевтическая академия, г. Шымкент.

Turebekova G.A. – Candidate of Pedagogical Sciences, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, e-mail: gulya_t.a@mail.ru

Rakhmanova G.S. – Senior Teacher, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent.

Serimbetova K.M. – Senior Teacher, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent.

Patsaev A.K. – Doctor of Chemical Sciences, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent.

ӘОЖ 02+002.52

Д.БЕКТАШОВ, А.ҚАСЫМБЕКОВ

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ КІТАПХАНА ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТОЛЫҚ
МӘТІНДІ ДЕРЕКТЕР БАЗАСЫН ҚҰРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мақалада, ХІХ ғ. жазба дереккөздеріндегі Орталық Азия түркілерінің мәдени мұрасының Қазақстанға тиісті ақпараттық ресурстарының электрондық каталогы мен толық мәтінді деректер базасын құру мәселесі қарастырылған. Жаңа ақпараттық технологиялар негізінде қажетті мәліметтерді жедел іздестіріп табу, құжаттарға тиісті деректерді сәйкесінше өңдеу және қашықтықтан қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша виртуалдық орта қалыптастыру қажеттілігі артып отыр. Жасақталған электрондық каталог пен толық мәтінді дербес дерекқордағы ақпараттық ресурстар Қазақстандағы сол бір өткен дәуірде қалыптасқан жағдайдың ерекшеліктерінің аспектілерін әр қырынан қарастыру, жүйелеп талдау, рельефті реконструкциялауға және олардың қалыптасу элементтерінің тарихын бағамдауға мүмкіндік береді.

Тірек сөздері: электрондық кітапхана, Орта Азиялық түркілер; ХІХ ғасыр жазба дереккөздері; мәдени мұра; электрондық коллекциялар және каталогтар; толық мәтінді деректер базасы.

Д.Бекташов, А.Қасымбеков

**Особенности разработки полнотекстовой базы данных
в системе электронной библиотеки**

В статье рассматриваются вопросы создание электронных каталогов и баз данных полнотекстовых информационных ресурсов культурного наследия Среднеазиатских тюрок, относящегося современному Казахстану в письменных источниках ХІХ века. Сформирована виртуальная среда путем организации оперативного поиска, обработки данных и дистанционного доступа к необходимым источникам и ресурсам в электронных коллекциях на основе новых информационных технологии. Сформированные информационные ресурсы в электронных каталогах и полнотекстовых базах данных дают возможность полноценно проанализировать различные аспекты информационных ресурсов, рельефнее реконструировать особенности ситуации и проследить через историю их создания отдельные элементы культурного наследия того периода современного Казахстана.

Ключевые слова: электронная библиотека; Среднеазиатские тюрки; письменные источники ХІХ века.; культурное наследие; электронные коллекции и каталог; полнотекстовые базы данных.

D.Bekdashov, A.Kasymbekov
Especially the Development of Full-Text Databases
in the Electronic Library

The questions of creation of electronic catalogs and full-text databases of information resources of the cultural heritage Central Asian Turks pertaining to the modern Kazakhstan in written sources of the XIXth century are considered. The virtual environment through the organization of operational research, data processing and remote access to the necessary sources and resources on the basis of new information technologies is created. Information resources in electronic catalogs and full-text databases give the chance fully analyze different aspects of information resources, vividly reconstruct the features of the situation and follow through the history of creation the individual elements of the cultural heritage of that period of modern Kazakhstan.

Keywords: electronic library; Central Asian Turks; written sources of the XIX century; electronic collections; cultural heritage; electronic catalog; full-text database;

Anahtar kelimeler: E-kütüphanе; Orta Asya türkleri; XIX a. yazılı veri kaynakları; kültürel miras; elektronik koleksiyonlar ile kataloglar; tam metinli veri tabanları.

Автоматтандырылған электрондық кітапхана жүйесін жобалау үдерісін ұйымдастыру барысында заманауи кітапханалық-ақпараттық жүйелерде орын алған жаңа ақпараттық технологиялар мен олардың инфрақұрылымдарының даму тенденцияларымен жете таныс болу, оларды оқып-үйрену нәтижесінде алынған нақты білімдерінің негізінде ақпараттық ресурстарды интеграциялау және кооперациялауда тиімді пайдалану, бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі саналады. Бұларға – ашық қоғамның ақпараттануы мен кітапханалық іс технологияларының корпоративтік ұстанымдарының негізінде өркендеп дамуы нәтижесінде электрондық кітапханаларды жасақтау және олардан тиімді пайдалану үшін бүгінгі күндегі қалыптасқан замана талаптарына сай жетілдіру, бүгінгі күндегі кітапхана жүйелерінің заманауи ақпараттық ресурстар орталықтарына айналу тенденциялары жатады [1-3].

Электрондық кітапханалар жүйесі дәстүрлі және бүгіндегі автоматтандырылған кітапханаларға балама жүйе мағынасында қарастырылып, оларға қарағанда кең ауқымдағы ашық түрде кездесетін электрондық ресурстарға қол жетімдікті қамтамасыз етуші жүйе ретінде қолданылады. Сонымен қатар, электрондық кітапхана каталогтары ақпараттық ресурстар туралы деректерді ендіру мен кодтаудың бір ғана жүйесімен тығыз байланыста болған аннотациялық толық мәтінді мағлұматтар жиынын сипаттайды. Кітапхана оқырмандары қауымына көрсетілетін ақпараттық қызметтің сервистерінің түрлерін кеңейтіруде,

қорларды ұйымдастыруды тиімділеуде, кітапханалар аралық абонент қызметтерін жаңа «бұлттық» сервис платформа – құжатқа-бағдарланған деректер базасы негізінде әзірленген құжаттар түрінде жеткізіп беруде, жаңа технологиялар арқылы ақпараттандыру маңызды рөл ойнайды [4].

Сондықтан, толық мәтінді деректер базаларын жасақтаушы «е-каталог», заманауи кітапхана жүйесін қалыптастыруда және оларды өндіріске ендіру барысында электрондық кітапханалардың негізгі құрамдас бөлімдерінің бірі болып саналады. Оларды жаңа ақпараттық технологиялар мен телекоммуникация құралдарын пайдаланып, заманауи бағдарламалық кешендер негізінде жетілдіру, кітапхана жүйелерін жетілдірудегі бүгінгі күндегі, өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Электрондық кітапхана жүйесін басқаруда кітапхана ісіндегі негізгі инфрақұрылымдық принциптер мен технологиялық функциялар, олардың ішінде кітапхана да қолданылатын библиографиялық жазбаларды автоматтандыру әдістері мен тәсілдерін тиімді пайдалану – кітапхана ісіндегі маңызды фактор болған жаңа ақпараттық технологияларды өндіріске енгізуге алып келеді. Осыған орай бүгінгі кітапханаларда көрсетілетін ақпараттық сервис қызметтеріндегі пайдаланушылардың сұраныстарына сәйкес болған релеванттық ақпараттық құжаттарды шұғыл түрде іздестіріп тауып беру үдерісінде дұрыс және тиімді шешімді қабылдау, кітапхана жұмыс орындарын автоматтандыру процесіндегі толық мәтінді деректер базасы электрондық каталогының бағдарламалық қамтамаларын *Node.js*, *Bootstrap* жүйелеріплатформасы негізінде орындалатын *JavaScript* бағдарламасы тілінде жетілдіру бүгінгі күндегі өзекті мәселелердің біріне айналдырып отыр [5].

Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты: ақпараттық құжаттар туралы деректерді ендіру барысында кодтаудың бір ғана жүйесімен үздіксіз байланыста болған аннотацияланған толық мәтінді электрондық құжаттардың мағлұматтарын сипаттайтын және олардың электрондық көшірмелеріне қашықтықтан қол жетімдікті қамтамасыз етуші электрондық каталог пен оның толық мәтінді деректер базасын құру болып табылады.

Мақсатқа жету үшін келесі мәселелерді: автоматтандырылған кітапхана-ақпараттық жүйесі құрылымдары мен оларды ұйымдастыру принциптерінің сипаттарына ретроспективалық шолу; электрондық каталогтар, олардың лингвистикалық қамтамалары мен пайдаланушы интерфейсі және олардың өмірлік циклдарын нақтылау; кітапхана жүйесіндегі жиі қолданыста болған бағдарламалық қамтамасыздандыру кешендеріне шолу жасап, оларды нақты жағдайда таңдалуының негізгі ерекшеліктерін талдау; толық мәтінді электрондық деректер базасын заманауи талаптарға сай ақпараттық технологиялар негізінде құру үдерістері қарастырылған.

Қазіргі заманғы ғылыми кітапханалар тек ақпараттарды сақтау қоймалары ғана емес, сонымен қатар мемлекет пен ашық зиялы қоғамның

өркендеп-өсу дәрежесінің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Заманауи электрондық кітапханалар қорларындағы ғылыми және білімдік ақпараттық ресурстарының дереккөздері болып, ғылыми-техникалық, әлеуметтік және т.б.сол сияқты даму көрсеткіштерінің элементтерінің бірі саналады. Кәсіби мамандардың пікірінше кітапхана жүйелерін автоматтандыру және ақпараттандыру үдерісіндегі толық мәтінді дерекқорлардың мамандандырылған базаларын қалыптастыру, мемлекет пен қоғамды ақпараттандыру саласындағы кезек күттірмейтін мәселелердің біріне айналып отыр.

Ғаламшар әлеміндегі ең алдыңғы қатарлы ғылыми электрондық кітапханаларда корпоративтік технологияларға негізделіп жасалынған толық мәтінді дербес дерекқорлар, мекен-жайлар туралы мәліметтерге негізделген ақпараттық дерекқорлар, нақты құжаттардың электрондық көшірмелерін тиісті мекен-жайлардағы нақты субъектілеріне жеткізіп беру, түрлі типтегі жинақталған дерекқорларындағы ретроспективалық конверсиялық жұмыстарды жасау және сонымен қатар дербес электрондық дерекқорларды ақпараттық ресурстармен толықтырудағы қолданылатын корпоративтік технологиялар – өзекті мәселелердің алғашқы шебінде болып, өндіріске көптеп ендірілуде.

Университет компьютер торабындағы ғылыми кітапхана жүйесінің құрамында жұмыс істейтін, толық мәтінді дербес деректер базасын жасау барысында – еліміздің тарихына, мәдениетіне, ғылымына және т.б. салаларына тікелей қатысты көне қолжазбалар мен сирек кездесетін толық мәтінді құжаттарына ізденушілер қауымын қашықтықтан қолжетімді ету мәселесін шешу керек. Сонымен қатар, ақпараттық ресурстардың сенімді қорғалуын қамтамасыздандыру бойынша бағдарламалық кешендер жүйесін жасау және оларды қазіргі замана талаптарына сәйкес жаңа ақпараттық технологиялар негізінде жетілдіру, бүгінгі күндегі кезек күттірмейтін мәселелер қатарында тұр.

«Сандық Қазақстан-2020» мемлекеттік бағдарламасын орындау барысындағы нақты қадамдардың бірі ретінде – көне қолжазбалар мен сирек кездесетін толық мәтінді тарихи құжаттарды сандық форматқа өткізіп, олардан электрондық дербес коллекциялар құру мәселесі де, зерттелетін өзекті мәселелердің бірі саналады. Әсіресе, Орталық Азия түркілерінің мәдени мұрасына тиісті сирек кездесетін басылымдар, қолжазба нұсқаларының электрондық коллекцияларын құру, оларды өскелең ұрпақ үшін сақтау мақсатында бірыңғай виртуалды орталар арқылы ғылыми айналымға ендіру, тарихи қолжазба деректері мен көне жәдігерлерді зерттеудің маңыздылығын арттыра түседі.

XIX ғасыр жазба дереккөздеріндегі Орталық Азия түркілерінің мәдени мұрасының негізгі дереккөзі болған – «Түркістан жинағы» топтамасындағы тиісті құжаттарға негізделген ақпараттық материалдар бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарының Қазақстан мәдени мұрасына қатысты алғашқы

нәтижелері – тарих, этнография және археология [6] салалары бойынша сұрыпталған және тиісті рубрикаға жүйеленіп бөлінген ақпараттық ресурстардан тұрады. Бұл жасақталған электрондық коллекциялардың толық мәтіндік құжаттарымен төменде көрсетілген мекен жайлар бойынша URL-сілтемелер арқылы танысуға болады. Түркістан өлкесінің Қазақстан тарихы мен этнографиясы (**Ошибка! Недопустимый объект гиперссылки.**), (**Ошибка! Недопустимый объект гиперссылки.**), археологиясы (**Ошибка! Недопустимый объект гиперссылки.**) бойынша электрондық коллекциялар сипаты уақытша, көрсетілген сілтемелерде, тиісінше орналастырылған.

Толық мәтінді деректер базасының электрондық каталогының бағдарламалық қамтамасы *Node.js*, *Bootstrap* жүйелерінің платформасы негізінде орындалатын *JavaScript* бағдарламасы тілінде жасалды. Ал, толық мәтінді ақпараттық құжаттардың электрондық нұсқасы, бүгінгі күндегі алдыңғы қатарда болған заманауи жүйелердің бірі – *Mongo DB* құжатқа-бағдарланған деректер базасы негізінде әзірленді.

Node.js – JavaScript бағдарламасын біржақты мамандандырылған тілден жалпылама ортақ тілге айналдырушы, V8 типтегі движоктарға негізделген бағдарламалық платформа болып саналады [5,7-9].

Node.js жүйесі өзінің API арқылы (C++ жазылған), түрлі тілдерде жазылған басқа сыртқы кітапханаларды қосу арқылы, JavaScript-кодтан оларға шақыртуды қамтамасыздандырады. JavaScript бағдарламасы арқылы кіріс-шығыс құрылғыларымен өзара әрекеттесу мүмкіндігін тудырады және веб-сервер рөлін орындай отырып, көпшілік жағдайда заманауи серверлерде (Google, Yandex және т.б.) қолданылады.

Сонымен қатар, Node.js жүйесінде дербес *desktop*-қосымшалар (NW.js жүйесінің жәрдемі арқылы AppJS немесе Linux үшін Electron, Windows, MacOS,) және микробақылаушыларды бағдарламалау (мысалы, *tessel* немесе *espruino*) үдерістерін жүргізу мүмкіндіктері бар. *Node.js* жүйесі негізінде оқиғаға-бағдарланған және асинхронды (реактивтік) блокировка жасалмаған кіріс/шығысты бағдарламалау жатады.

Bootstrap (Фреймворк) – бағдарлама құрылымын анықтайтын платформалар негізінде – сайттарды және веб-қосымшалар жасау үшін қолданылатын басы бос ашық түрдегі құралдар жиынтығын құрайды. Типографикаларды безендіру үшін қолданылатын веб-формаларды, батырмалар, белгілер, блоктар навигациясымен қатар және т.б. веб-интерфейс компоненттерін, JavaScript-кеңейтулер HTML- және CSS-шаблондарын өз құрамына алады [7].

Bootstrap жүйесінің құрал-жабдықтарының қолданыстағы келесі негізгі типтері сипаты келтірілген [8]: торлар – бағандардың алдын ала берілген өлшемдерін құжаттың CSS-сипаттамасында қолдану мүмкін (мысалы, бағана ені 140 px.span2 класына тиісті болған col-md-2 фреймворктың үшінші нұсқасы); шаблондар – өзгертін немесе өзгермейтін құжаттың шаблону; типографика – код, цитаттар және т.б. с.с. бірқатар кластарды анықтаудағы

шрифтер сипаттамасы; медиа – кескіндемелер мен бейнелерді басқару; кестелер – кестелерді безендіру құралдары; формалар – бірқатар оқиғалар мен формалардың сипаттау құралдары; навигация –табтар, мәзір және т.б. панель жабдықтарын безендіру кластары; алерттер –диалогтық және пайда болатын терезелерді безендіру.

Mongo DB – құжаттық бағдарланған деректер базасы. Mongo DB ("humongous" – шектен тыс үлкен деген) жоғарғы өнімді құжатқа-бағдарланған дерекқорлардағы мәліметтерді сақтау және өңдеу үшін қолданыстағы жүйелердің ең заманауи түрлерінің бірі саналады [9].

Бұл типтегі деректер базасы жәнебасқару жүйесінің негізгі ерекшеліктері: схема (кесте) жасауды талап етпейтін құжаттар қоймасы; JSON стиліндегі сұраныстар (өте қолайлы); деректермен болатын амалдардың (атомарлық) кең жиынтығы (шартты іздеу, күрделі кірістірмелер/жанартулар және т.б.); деректердің әр түрлі типтері (мысалы, массивтерді қолдау); индекстерді қолдау (B-Tree); автоматты түрде қалпына келтіру, шардинг және қораптағы репликация жасау; профилдеу арқылы белгілі бір қалыпқа келтіру, үлкен нысандарды сақтау, әкімшілік интерфейс, серверлік функциялар, Map/Reduce және т.б. қасиеттерімен сипатталады [9].

Mongo DB мен MySQL жүйелерін өзара салыстыру барысында алынған нәтижелердің ерекшеліктерінің көпшілігі MySQL жүйесінде де кездеседі. Әйтсе де, оларды салыстыру барысында Mongo DB жүйесінің келесі артықшылықтарын атап өтуге болады: сұраныстың объекті тілінің болуы (маңызды артықшылығы – SQL-ден анағұрлым жеңілдеу, себебі күрделі іріктеу, сұрыптауларды талап етпейді); деректермен болатын үлестірілген амалдарды Map/Reduce қолдау; схеманы (кесте) анықтауды талап етпейтін құжаттар ең маңызды артықшылығы саналады, яғни әрбір құжатта деректер үшін бос ұяшықтар сақтаудың қажеттілігі жоқ; толықмәтінді іздестіру мүмкін болған күрделі массивтерді қолдау; массивтің әр бір элементі нысан болып саналады; платформа деңгейіндегі шардинг (масштабтау) қолдау қарастырылған.

Сондықтан, электрондық кітапхана жүйесіндегі толық мәтінді деректер базасын құру үшін жоғарыда атап көрсетілген ерекшеліктерді ескере отырып, дерекқор базасы платформасын таңдау барысында мәліметтердегі деректі сақтау және өңдеу үдерістерінің бүгінгі күндегі қолданыста болған жүйелердің заманауи технологияларына негізделген жоғары өнімді құжатқа бағдарланған Mongo DB жүйесі таңдап алынды.

Зерттеу нәтижелерінің негізгі тұтынушылары: ғылыми-зерттеу және білім беру мекемелері; электрондық кітапханалардың ғылыми-білімдік ресурстардың мәліметтерінің базасын жасауға, жетілдіруге және оларды іске асыруға мамандандырылған коммерциялық мекемелер болулары мүмкін. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарының ғалымдары мен оқытушылары, PhD-докторанттар мен магистранттар, студенттер мен білім жүйелеріндегі

басқа да қызметкерлер қауымының өкілдерінің пайдаланушылары болуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Voroyiskiy F.S., Shrayberg Ya.L.* Рабочее проектирование корпоративной сети публичных библиотек Москвы - организация работ и их результаты. «Информационные технологии, компьютерные системы и издательская продукция для библиотек»: Материалы МК «LIB- СОМ-2001». М.: ГПНТБ России, 2001.

2. *Рахматуллаев М.* Информационные технологии в библиотеках. Методическое пособие по разработке проектов с использованием новых инф. технологий. Монография. Ташкент. 2003. Изд. Нац.Библ.. 272 стр.

3. *Kasimbekov A., Alzhanova E.* Educational resources in historical research of Kazakhstan in written sources of the XIX century. // Вестник Карагандинского университета. № 2(82)/2016, Караганда, 2016. С.30-35.

4. *Stukalova A.A. and Guskov A.E.* Publications on the Use of Cloud Technologies at Libraries // Scientific and Technical Information Processing, Allerton Press, Inc., 2016. Vol. 43, No. 1, pp. 47–57.

5. *Итан Браун.* Веб-разработка с применением Node и Express. Полноценное использование стека JavaScript. Web Development with Node and Express / Итан Браун; - СПб: Питер, 2017. - 336 с.

6. *Қасымбеков А., Бақтыбаев М.* «XIX ғасырдың жазба дерек көздеріндегі Қазақстан археологиясы жайлы электрондық коллекциялар ерекшеліктері» // «Өзбекәлі Жәнібеков оқулары - 2016» атты VII респуб. ғылыми-тәжірибе. конф. баянд. жинағы. 03.03.2016, Түркістан, 54-63 б.;

7. *Бэнкер К.* MongoDB в действии. - ДМК Пресс, 2014. - 394 с.

8. *David Cochran Ian Whitley.* Bootstrap Site Blueprints.-Packt, 2014. - 304 с

9. *Satheesh M., Joseph B. D'mello, Krol J.* Web Development with MongoDB and NodeJS -Second Edition.-Packt Publishing, 2015. -300 с.

REFERENCES

1. *Voroisky F.S, Shrayberg Ya.L.* Working design of the corporate network of public libraries in Moscow - the organization of work and their results. "Information technologies, computer systems and publishing products for libraries": Materials of MC "LIB-COM-2001". Moscow: Russian National Public Library for Science and Technology, 2001.

2. *Rahmatullaev M.* Information technologies in libraries. Methodical manual on the development of projects using new information technologies. Monograph. Tashkent. 2003. Publishing. National Library. 272 p.

3. *Kasimbekov A., Alzhanova E.* Educational resources in the historical research of Kazakhstan in written sources of the XIX century. // Bulletin of Karaganda University. No. 2 / 2016, Karaganda, 2016. С.30-35.

4. *Stukalova A.A. and Guskov A.E.* Publications on the Use of Cloud Technologies at Libraries // Scientific and Technical Information Processing, Allerton Press, Inc., 2016. Vol. 43, No. 1, pp. 47–57.

5. *Ethan Brown.* Web development using Node and Express. Full use of the JavaScript stack. Web Development with Node and Express / Ethan Brown; - St. Petersburg: Peter, 2017. - 336 p.

6. *Qasimbekov A.* of the XIX century, "M.Baqtibaev record sources on the archeology of electronic collection features" // "Uzbekali Zhanibekov readings - 2016" of the Republic VII. Research and experience. conference. reported. Set. 03.03.2016, Turkestan, 54-63 p .;

7. *Bunker K.* Mongo DB in Action. - DMK Press, 2014. - 394 p.

8. *David Cochran, Ian Whitley.* Bootstrap Site Blueprints.-Packt, 2014. - 304 p

9. *Mithun Satheesh; Bruno Joseph D'mello; Jason Krol.* Web Development with MongoDB and NodeJS -Second Edition.-Packt Publishing, 2015. -300 p.

Қасымбеков А.С. – техника ғылымдарының кандидаты, доцент, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ., e-mail: abbazbek.kasymbekov@ayu.edu.kz

Бекташов Д.М. – магистрант, Ахмет Ясауи университеті, Кентау қ., e-mail: dilnur.bektaшova@ayu.edu.kz

Касымбеков А.С. – кандидат технических наук, доцент, университет Ахмет Ясауи, г. Туркестан, e-mail: abbazbek.kasymbekov@ayu.edu.kz

Бекташов Д.М. – магистрант, университет Ахмет Ясауи, г. Кентау, e-mail: dilnur.bektaшova@ayu.edu.kz

Kasymbekov A.S. – Candidate of Technical Sciences, Associate Professor, Ahmet Yasawi University, Turkestan, e-mail: abbazbek.kasymbekov@ayu.edu.kz

Bektaшов D.M. – master student, Ahmet Yasawi University, Kentaу, e-mail: dilnur.bektaшova@ayu.edu.kz

ӘОЖ 336.02

**Г.Ж.БАЙБОСЫНОВА, Т.Я.НУРУМБЕТОВ
Ғ.А.ПАЗИЛОВ**

**ҚАРЖЫЛЫҚ DAҒДАРЫСТАН ШЫҒУДЫҢ
КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ**

Мақалада отандық қаржы институттарының экономикалық жағдайы зерттелген. Қазақстандағы банк секторының дағдарысқа ұшырауының кейбір себептері атап көрсетілген. Шетел және отандық банктерде дағдарыс жағдайы зерттеліп, осы мәселелерге шолу жасалған. Басқа мемлекеттерде дағдарысты шешу жолдары көрсетілген. Сондай-ақ, отандық банктердің келешекте даму бағыттары зерттеліп, олардың капиталдарын шоғырландыру, бірлесу, басқару құрылымдық қолдаулар, корпоративтік басқарудың тиімді жолдары, несие тәуекелдерінің алдын алу жолдары, жарнама саласындағы мультипликациондық маркетингді қолдану арқылы олардың тиімділігін арттыру жолдары ұсынылған.

Тірек сөздері: дағдарыс, өтімділік, банк, қаржы, нарық, бизнес, ақша, несие.

**Г.Ж.Байбосынова, Т.Я.Нурумбетов,
Ғ.А.Пазиллов**

Некоторые аспекты выхода из финансового кризиса

В статье исследуется состояние экономики отечественного финансового сектора. Определены некоторые причины кризиса финансового сектора, в особенности банковского сектора. На основе исследования научных трудов зарубежных и отечественных ученых, дан теоретически обзор выхода из финансового кризиса других стран мира. Наряду с этим обобщены и указаны пути преодоления кризиса отечественных банков на основе концентрации капитала и их укрупнения, широкого применения риск-менеджмента, корпоративного управления. Рекомендовано определение кредитных рисков банков и пути их преодоления. А также предложено применение в рекламной деятельности мультипликационного маркетинга, обеспечивающие в перспективе повышение их эффективной деятельности.

Ключевые слова: кризис, окупаемость, банк, финансы, рынок, бизнес, деньги, кредит.

**G.ZH.Baibosynova, T.YA.Nurumbetov,
G.A.Pazilov**

Some Aspects of Exit from Financial Crisis

The article investigates the state of the economy of the domestic financial sector. Definitions of some of the causes of the crisis of the financial sector,

particularly the banking sector. Based on the study of scientific works of foreign and domestic scientists theoretically given an overview of recovery from the financial crisis, other countries around the world. In addition, summarized and shown ways of overcoming the crisis, domestic banks on the basis of concentration of capital and their consolidation, the wide use of risk-management and corporate governance. It recommends certain credit risks of banks and ways to overcome them. And also provides the use in advertising cartoon marketing, providing a perspective to increase their effective operation.

Keywords: crisis, to liquidity, bank, finances, market, business, money, credit.

Anahtar kelimeler: kriz, likidite, banka, finans, piyasa, iş, para, kredi.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында еліміздегі макроэкономикалық тұрақтылыққа жету үшін ақшанесие саясатының ынталандырушы рөлін қалыпқа келтіру және экономиканы қаржыландыруға жекеменшік капиталды тартуды атап көрсеткен [1].

Ағымдағы дағдарыс қаржылық нарықтың сауығуына жағымды әсер етуі мүмкін, қаржылық ағымдарды әртараптандыруда кешенді стратегиялық жоспарлар түзуге және келешектегі дағдарыс жағдайларының иммунитетке қалыптастыруға көмектеседі. Банктердегі ішкі бизнес үдерістердегі қайта реттеу экономиканың қаржы секторының дамуына жағымды әсер етеді. Қаржы институттары мемлекет қолдаған жағдайында экономиканы өркендетуге және де әртараптандыруға атсалысуы мүмкін. Коммерциялық банктер келешекте Қазақстанның стратегиялық басымдылықтарын біртұтас дамыту бағыты «мемлекет-бизнес-қоғам» кеңінен қатысып экономиканың тұрақты дамуына ықпал етеді. 2008-2009 жылдардағы, 2015-2016 жылдардағы қаржылық дағдарыстар банк жүйесіндегі өзекті мәселелердің барлығын көрсетті. Олардың негізгілері банк жүйесіндегі құрылымдар, ұйымдастырушылық, технологиялық өркендеулер.

Банк жүйесінің тұрақты дамуы болашақта экономиканың өркендеуіне әсер етеді.

Қазіргі жағдайда банктік жүйеде жағымды өзгерістер байқалады: банктердің өтімділік жағдайы дұрысталды; банктердегі инвестициялық несиелік стратегиялары жұмыс атқара бастады, бұл – жағдайы жоғары, тиімді және перспективтік компанияларға несиелерді беруді, Үкіметтің дағдарысқа қарсы бағдарламасымен бірге экономикалық белсенділікті арттыруға жағдай жасады. Сонымен бірге 2014-2016 жылдардағы жаһандық дағдарыстың өршуіне байланысты кейбір маңызды сұрақтар туындайды. Осы сұрақтар қазіргі кезеңдегі банк секторын дамытудағы негізгі кедергі болуы мүмкін. Қазіргі жағдайда банк жүйесінің төмен капиталдандыруы шешілмей күрделене бастады. Яғни, капиталдандырудың жолы анықталмады. Қазіргі деңгейдегі несиелік институттарын шектеп, оларды дағдарысқа қарсы бірден-

бір шараға қарамай керісінше, олардың банктерді капиталдандырудың орнын арттыру қажет. Бірақ бұл шараны тек бәсеке негізінде және де көптеген банктердің қатысуымен орындау қажет. Сондай-ақ, банк иелерін жеңіл салық салу арқылы, пайданы капиталдандыруға ынталандыру қажет.

Несиелеудің бәсеңдеуіне негізгі себептер өндірістегі стагнация, атап айтқанда: өнімді қайта өңдеуші өнеркәсіп салаларындағы стагнация; жұмыссыздық деңгейінің артуы, халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуі. Банктердің ресурстық базаларының қалыптасу дәстүріндегі қиын мәселе – халықтың бос ақшаларын депозитке тарту мәселелері, т.б.

Себебі, 30-40 пайыз депозиттер қысқа мерзімге салынған, сонымен бірге ұзақ мерзімді депозиттердің 60-70 пайызының мерзімі 1 жылдан 3 жылға дейінгі мерзімге салынған. Сондықтан банктердің ресурстық қорларының қалыптасуында өте күрделі қиындықтар бар. Осы жағдайдан шығу үшін банктердің қаржылық өркендеу қорларын қалыптастыру мақсатында төмендегілерді ұсынамыз:

- Өркендеу үшін мемлекеттік қорлардың ресурстарын тарту қажет;
- Халықтың жинақ қорларын мақсатты тиімді пайдалану жолдарын қолдау керек.

Бірыңғай зейнетақы қорының қаржысын тиімсіз пайдаланғаны туралы баспасөз беттерінде айтылып жатыр, «Қазинвест банкі» АҚ банкротқа ұшырады, сондай-ақ банктердің депозитке төлейтін сыйақы мөлшері төмендеді.

Қаржылық дағдарыстан шығу жолдарын айқындау үшін шет мемлекеттердің тәжірибесін зерттедік (Чили, Жапония, Норвегия, Индонезия). Осы мемлекеттерде дағдарысқа ұшыраудың әртүрлі себептері пайда болған: қарыз алушылардың төлем қабілетінің төмендігі, өтімділік қорлардың жеткіліксіздігі. Осы жағдайларға байланысты олардағы банктердің төлем қабілеті төмендеген [2,3,4,5].

Чилиде дағдарысқа қарсы төмендегі шаралар қолданылған: дағдарысқа дейін қаржылық либерализм орындалды. Несиелеуде жағдай жақсарды және активтерге баға өсті. Ішкі сұраныстың өсуі шетелдік қарыздардың артуынан қамтамасыз етілді, жеке секторларға несие беру көлемі 2 есе артты. Үкіметтің банктік жүйеге деген сенімі артты. Орталық банк банктердің қайтарымсыз қарыздарын сатып алды, банктердің баланстарын жақсы жағдайға келтіріп және келешекте үлкен қарыздық резервтер және капиталды тартуға жағдай жасалды. Бұрышкерлерді қолдау бағдарламасының банктік жүйесі қабылданып, қажетті өтімділікті қамтамасыз етуге жағдай жасалды.

Норвегиядағы қаржылық дағдарыстың ерекшелігі ХХ ғасырдың 80-90 жылдардағы қаржылық ашықтылыққа несие беруге шектеулерді алып тастауына байланысты болды. ХХ ғасырдың соңында Германияның бірігуіне байланысты осы мемлекеттің бюджеттік шығындары артты. Бундесбанк жоғары деңгейдегі инфляцияның алдын-алу мақсатында пайыздық мөлшерлемелерді жоғарылатты. Осы уақытта Норвегияның кронасы

немістердің маркасына байланысты болғаны үшін Норвегияда пайыздық мөлшерлемелер артты. Осы жағдайда қаржылық дағдарыс төмендегі көрсетілген жолдармен шешілді.

Банктік мәселелер арнаулы құрылған екі жеңілдетілген қорлары көмегімен орындалды. Бірінші қор: жинақ банктерінің кепілденген депозиттермен жұмыс атқарды. Екінші қор: коммерциялық банктердің қорларымен жұмыс атқарды. Осы жағдайда шағын және орта банктерді банкроттық кепілденген қорларда делдалдық қорларын құру арқылы атқарылды.

Жапонияда қаржылық дағдарыс жағдайында қаржы нарығындағы және қозғалмайтын мүлік нарығында жетіспеушілік пайда болды. Осы жағдайда қаржылық ашықтылық пайыздық мөлшерлерді бақылауда алып тастаудың, қаржы нарығын реттеуді күшейтудің, несиелік лимитті шектелуінен басталды.

Индонезиядағы қаржылық дағдарыс ең ұзақ созылған дағдарыс болды. Бұл мемлекетте банк секторының жандануы төмендеді. Оны шешу шаралары қолданылды. Жойылу, ұлттандыру, банктерді қайта капиталдандыру және ақша-несие саясатын қатаңдату басталды. Дағдарысты жоюдың бірінші кезеңінде өте қатал шаралар қолданылды. Бірақ бұл жағдай саяси тұрақсыздыққа және депозиттердің толық қамтамасыз етілмеуіне алып келді. Сондықтан Үкімет 20 ғасырдың соңында қаржылық жетіспеушіліктерді жою үшін жалпы жағдай жасады, мемлекеттік реттеу қолданылды, аудит жағдайын күрделендірді. Осы мақсатта банктер үш топқа бөлінді. 1-топтағы банктер – қабілеті бар қаржылық мекемелер, олардың тәуекелділікті толықтыру коэффициенті 4 пайыздан жоғары, 2-топтағы банктердің тәуекелділік толықтыру коэффициенті 25 пайыздан 4 пайызға дейін, 3-топтағы банктер – олардың тәуекелділікті толықтыру коэффициенті 25 пайыздан артық болды [5,6,7,8].

Осы шаралардан соң Индонезияда жалпы ұлттық өнімнің төмендеуі қысқарды. Бірақ дағдарыстан шығуға кеткен Үкіметтің бюджеттік шығындары ЖҰӨ жартысын құрады. Индонезиядағы қаржылық дағдарыстан шығуда төмендегі жағдайлар кері әсер етті: жемқорлықтың жоғары деңгейі, лоббилендіру жоғарылады.

Жалпы түрлі мемлекеттердегі Чили, Жапония, Норвегия, Индонезиядағы банктердің дағдарысын талдай келіп төмендегі ерекшеліктерді атап көрсетуге болады.

Банк жүйесін сауықтыру олардың тиімсіз, бөлінген қаржылар көлемінен таңдаған саясатына байланысты емес, яғни дағдарысқа қарсы шешімдердің транспаренттік және жеделдетілгеніне байланысты емес. Зерттеулер нәтижесі көрсеткендей жеке банктердің тұрақсыздығы келешекте барлық банк жүйесінің дағдарыстан келіп шығуын төмендегідей қорыту мүмкін: активтердің сапасы төмендеген. Бұл жағдайда ежелгі коммерциялық банктерді яғни олардың активтерде несиелердің үстемдігі, жұмыс істемейтін

қарыздардың көбейгендігі, осы жағдайды шешу үшін 3 негізгі стратегия қолданылды: проблемалық активтердің банкін немесе қорларын түзу; стресстик активтерді басқару құрылымдарын түзу; үмітсіз қорларды түзу. Өтімділікті төмендету үшін төмендегі жұмыстар атқарылды. Бұл жағдай банктің рентабелділігіне және төлем қабілетіне теріс әсер етеді. Банктің пайдасының төмендеуі капиталдың азуына алып келді. Өтімділіктегі жетіспеушілікті орындау үшін келесі шаралар қолданылды: банк шоттарында мемлекеттік немесе квазимемлекеттік компаниялардың депозиттері ораластырылды; өтімділікті қосымша эмиссия арқылы сатып алды.

Капиталдың жеткіліктілігін қамтамасыз ету үшін төмендегі шараларды қолдану қажет:

Бұл жағдайда активтердің сапасын арттыру қажет. Керексіз қарыздардың көлемін төмендету қажет.

Сингапурдың ақша-несиелік саясаты өте ұтымды. Бұл мемлекеттің ақша, несие, валюта саясатына арнаулы ақша-несие басқармасы жауап береді. Сингапурдың мемлекеттік секторы сыртқы қарызды және бюджет профицитін орындайды. Осы жағдайда мемлекет секторы үлкен мөлшерлемеге ие, банктердің істемейтін несиелері жоқ деуге болады. Бұл елде экономиканың көлемі үлкен емес, ашық және сауда капиталы ағынының нәтижесінде валютаның айырбастау курсы тіпті өзгермейді. Осы жағдайда инфляция экономиканың өсуіне кедергі бола алмайды. Бұл мемлекетте құнды қағаздар нарығы дамыған, сақтандыру нарығы өте тиімді жұмыс жасайды. Қазіргі кезеңде отандық банктерді қолдау, олардың елдің экономикалық жүйесіндегі орнының маңыздылығынан келіп шығады. Тәуелсіздік жылдары отандық банктер отандық экономикалық жүйенің бөлшегі болып дамыды. Қаржылық жүйе қалыптасып нығайды. Бұл жағдай біздің экономикамыздың дамуына оң әсер етті. Келесі кезеңде отандық банктерді қолдау арқылы мемлекет ішкі экономиканы және нақты секторды қолдауға тырысады, атап айтқанда шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыруға, инвестицияларды несиелеуге тиімді жағдайлар жасалады.

Мемлекет банктердің операциялық жұмыстарына араласпайды, сондай-ақ банктердің қарыздарына ешқандай кепілдік бермейді. Қазіргі жағдайда банктердің активтері мен пассивтерін басқарудың тиімді жолдарын іздеу қажет. Келешекте экономиканың үздіксіз өсуі банк секторының тұрақтылығына байланысты. Осы жағдай халықаралық несиелердің берілуіне де сенім арттырады, шетелдік ресурстарды экономикаға тартуға көмектеседі.

Сондай-ақ, қаржы саласындағы жағымды жаңалықтар да болуы мүмкін, 2016 жылдың соңынан бастап 2017 жылдың бастапқы кезеңінде банктердің капитал қорының іріленуі болжануда, яғни «Қазақстан Халық банк» АҚ мен «Казкоммерцбанк» АҚ-ның капиталдарын біріктіру, сондай-ақ «ЦентрКредитБанк» АҚ мен «Цеснабанк» АҚ-ның капиталдарын біріктіру бойынша келіссөздердің жүргізіле басталуы. Ұлттық банктің базалық несиелік мөлшерінің төмендеуі.

Елбасының Жолдауында айтылғандай «Банктердің балансын тиімсіз несиелерден арылту жұмысын жеделдетіп, қажет болған жағдайда олардың капиталын акционерлер тарапынан арттыруды қамтамасыз ету керек. Банктердің ахуалына жедел бақылау орнату үшін Ұлттық банкке көбірек құқық берген жөн. Ұлттық банк банктердің қателік жіберуін күтпей, оларға ықпал ететін шаралар қабылдау үшін формальды көзқарастан ықтимал қателерге жол бермейтін қадамдарға көшуге тиіс. Экономикадағы қаражат жетіспеушілігі және несиелер бойынша жоғары мөлшерлеме түйіткілдерін шешу мақсатымен Ұлттық банк пен Үкіметке теңге түрінде қолжетімді орта және ұзақ мерзімге арналған қор қалыптастыруды» тапсырды.

Біздің пікірімізше отандық банктердің активтері мен пассивтерінің сапасын жоғарылатумен бірге олардың жалпы көлемін ірілендіру қажет [6,7,8]. Сондықтан республикадағы қазіргі 35 банктің орнына 20-25 банк сапалы жұмыс атқаруы мүмкін деп есептейміз.

Осы жағдайда коммерциялық банктердің тәуекелділігін басқаруды жетілдіру қажет, яғни тәуекел менеджмент операцияларын кеңінен барлық банктерде қолдану керек, олардың капиталды басқарудың тиімді стратегияларын қолдау шарт. Келешекте банктерді корпоративтік басқаруды кеңінен жариялау керек. Осы мақсатта корпоративтік басқарудың рейтингтік бағалау жүйесін қолдану қажет. Осымен бірге коммерциялық банктердің несиелік тәуекелділігін стресс тестілеуден өткізу қажет. Бұл жағдай олардың зиянды толықтыру көлемін және керексіз несиелерден көлемін азайтуға көмек береді. Банк секторының тиімділігін арттыру үшін олардан мультипликациялық маркетинг жүйесін жариялау керек. Осы жағдайда банктердің жарнама арқылы тиімділігі артады, жұмыс сапасы жоғарылайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Назарбаев Н.* Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». www.akorda.kz
2. *Кавзанадзе Н.К.* «Посткризисное развитие мирового банковского сектора» Ж.: Деньги и кредит, №3, 2013 ж. 60-63 б.
3. *Юдаева Г.* Стратегия выхода из банковского кризиса: международные опыт. Обзор центра макроэкономических исследований Сбербанка России. – М.: 07.04.2009 г.
4. *Тайбек Ж.К., Сариева Ж.А.* Эффективная организация менеджмента страхования в страховых компаниях в целях развития рынка страхования. Collection of scientific articles Economics management. Law 2016 Paris, France.
5. *Палаткина О.А.* Управления операционными рисками. Система управление рисков второго управления. РК. – возможности и условия конкурентного развития страны. Ж.: Банки Казахстана, №9. 2014 г.
6. Подходы к организаций стресс - тестирование в кредитных организациях. Национальный Банк, Алматы, 2014 г.

7. *Гаврилова Г.А.* Оценка эффективности банковских реклам. – Маркетинг в России и за рубежом. Москва, 2009 г.
8. Антикризисная программа правительства РК от 08.12.2015 г.

REFERENCES

1. *Nazarbayev N.* Kazakhstan khalkyna zholdauy. 2017 zhylgy 31 kantar «Kazakhstannyn ushinshi zhangyruy: zhahandyk basekege kabilettilik». www.akorda.kz
2. *Kavzanadze N.K.* «Postkrizisnoye razvitiye mirovogo bankovskogo sektora» Zh.: Dengi i kredit. №3. 2013 zh. 60-63 b.
3. *Yudayeva G.* Strategiya vykhoda iz bankovskogo krizisa: mezhdunarodnyue opyt. Obzor tsentra makroekonomicheskikh issledovaniy Sberbanka Rossiy. – M.: 07.04.2009 g.
4. *Taybek Zh.K., Sariyeva Zh.A.* Effektivnaya organizatsiya menedzhmenta strakhovaniya v strakhovykh kompaniyakh v tselyakh razvitiya rynka strakhovaniya. Collection of scientific articles Economics management. Law 2016 Paris. France.
5. *Palatkina O.A.* Upravleniya operatsionnymi riskami. Sistema upravleniye riskov vtorogo upravleniya. RK. – vozmozhnosti i usloviya konkurentnogo razvitiya strany. Zh.: Banki Kazakhstana. №9. 2014 g.
6. Podkhody k organizatsiy stress-testirovaniye v kreditnykh organizatsiyakh. Natsionalnaya Bank. Almaty 2014 g.
7. *Gavrilova G.A.* Otsenka effektivnosti bankovskikh reklam. – Marketing v Rossi i za rubezhom. – Moskva. 2009 g.
8. Antikrizisnaya programma pravitelstva RK ot 08.12.2015 g.

Байбосынова Г.Ж. – экономика ғылымдарының кандидаты, Ахмет Ясауи университетінің доценті, – Түркістан қ., e-mail: b_guljan@mail.ru.

Нурумбетов Т.Я. – экономика ғылымдарының докторы, профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ-ның, Шымкент қ., e-mail: nytm_t@mail.ru.

Пазилев Г.А. – магистр, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ., e-mail: pgalimjan@mail.ru.

Байбосынова Г.Ж. – кандидат экономических наук, доцент, университет Ахмета Ясави, г. Туркестан. e-mail: b_guljan@mail.ru.

Нурумбетов Т.Я. – д.э.н., профессор, ЮКГУ им .М.Ауэзова, г. Шымкент, e-mail: nytm_t@mail.ru.

Пазилев Г.А. – магистр, старший преподаватель, ЮКГУ им .М.Ауэзова, г. Шымкент, e-mail: pgalimjan@mail.ru.

Baibosynova G.Zh. - candidate of economic sciences, associate professor, Ahmet Yasawi University, Turkestan, e-mail: b_guljan@mail.ru.

Nurumbetov T.Ya. - doctor of economic sciences, professor, South-Kazakhstan State university of the name M.Auezov, Shymkent, e-mail: nytm_t@mail.ru.

Pazilov G.A. - senior teacher, master, South-Kazakhstan state university of the name M.Auezov, Shymkent, e-mail: nytm_t@mail.ru.

УДК 631.14

А.А.МАТЧАНОВА
ОЦЕНКА ЭФФЕКТИВНОСТИ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ
АГРОПРОМЫШЛЕННОЙ КООПЕРАЦИИ В РЕСПУБЛИКЕ
КАРАКАЛПАКСТАН

В статье рассматриваются вопросы эффективности функционирования агропромышленной кооперации в Республике Каракалпакстан. Сложившиеся принципы, методология и система показателей для оценки эффективности сельского хозяйства предприятий, отраслей и АПК в целом остаются основой для всей системы сельскохозяйственной кооперации и ее значении в стабилизации и развитии сельского хозяйства республики.

Ключевые слова: Республика Каракалпакстан, агропромышленная кооперация, оценки эффективности, сельское хозяйство.

А.А.Матчанова
Қарақалпақстан республикасында агроөнеркәсіптік
ынтымақтастық өнімділігін бағалау

Мақалада Қарақалпақстан Республикасындағы агроөнеркәсіптік қауымдастықтың тиімді қызмет ету мәселелері қарастырылған. Қалыптасқан қағидалар, көрсеткіштер әдістемесі мен жүйесі кәсіпорындардың, салалардың және АӨК ауыл шаруашылығының нәтижелі бағалануы үшін, жалпы барлық ауылшаруашылық қауымдастық жүйесі үшін және республика ауылшаруашылығының тұрақтануы мен дамуы мағынасында негізі болып қала береді.

Тірек сөздері: Қарақалпақстан Республикасы, агроөнеркәсіптік қауымдастық, нәтижелі бағалау, ауыл шаруашылық

A.A.Matchanova
Assessment of Efficiency of Functioning of Agro-Industrial
Cooperation in the Republic of Karakalpakstan

In article questions of efficiency of functioning of agro-industrial cooperation in the Republic of Karakalpakstan are considered. The developed principles, methodology and system of indicators for an assessment of efficiency of agriculture of the enterprises, branches and agrarian and industrial complex in general remain a basis for all system of agricultural cooperation and its value in stabilization and development of agriculture of the republic.

Keywords: Republic of Karakalpakstan, agro-industrial cooperation, efficiency estimates, agriculture.

Anahtar Kelimeler: Karakalpakstan, tarımsal sanayi şirketi, etkinlik tahminleri, tarım Cumhuriyeti.

Одним из основных факторов устойчивого экономического роста и развития аграрного сектора экономики, обеспечения нормальной жизнедеятельности сельской местности является развитие сельскохозяйственной кооперации. Мировой опыт кооперативного движения в течение длительного периода времени своего развития неоднократно доказывал эффективность и неоспоримые преимущества кооперативной формы хозяйствования, а также большую роль в становлении, развитии и укреплении экономики сельского хозяйства [1. с.69-73]. Изменения внешних и внутренних условий хозяйствования объективно привели к необходимости всесторонних исследований функционирования сельскохозяйственных кооперативов в условиях формирования многоукладного сельского хозяйства и усиления конкуренции между различными организационно-правовыми формами предприятий [2. с.433-437].

В годы независимости Узбекистана в структуре народнохозяйственного комплекса Республики Каракалпакстан произошли заметные изменения и сейчас в нем доминирующая роль принадлежит агропромышленному комплексу. В результате большинство промышленных предприятий призвано перерабатывать сельскохозяйственное сырье.

За последние годы агропромышленный комплекс Республики Каракалпакстан ежегодно производит более 482 млрд. сумов сельскохозяйственной продукции, которая составляет более 34,7% общего внутреннего валового продукта республики. А в натуральном исчислении сельское хозяйство, и его главная отрасль - орошаемое земледелие, ежегодно производит 188 тыс. тонн хлопка-сырца, 231,4 тыс. тонн зерна, 29,2 тыс. тонн картофеля, 134,1 тыс. тонн овощи, 69,6 тыс. тонн фруктов, а также 58,9 тыс. тонн мяса (в живом весе), 183,6 тыс. тонн молока и другой животноводческой продукции.

Агропромышленная интеграция наряду с интенсификацией и индустриализацией сельского хозяйства стала важнейшим фактором развития сельскохозяйственного производства в условиях ограниченного водоснабжения и соединения отраслей продуктивного животноводства с земледелием. Для промышленной переработки сельскохозяйственного сырья были построены и введены в эксплуатацию новые производственные мощности. Так, в городах Нукусе и Турткуле были сданы в эксплуатацию текстильные комплексы, и тем самым впервые был освоен выпуск готовых изделий из хлопка-волокна. Были введены в эксплуатацию ряд хлопкоочистительных и рисоочистительных заводов, мукомольные комбинаты, а также маслособойные заводы, ориентированные на местное сельскохозяйственное сырье. Все эти меры способствовали увеличению объема промышленной продукции по линии АПК. Благодаря созданию в разных направлениях новых отраслей промышленности в последние годы появились новые виды продукции, такие, как текстильные изделия, пищевые соли, консервные изделия и др.

С учетом ежегодного спроса на хлопко-сырец, и учитывая его потребность в текстильной промышленности на ближайшие годы, рассматривается вопрос увеличения объема производства хлопка путем внедрения интенсивной технологии и за счет расширения посевных площадей орошаемых земель. Однако, с резким сокращением водных источников в низовьях Амударьи в условиях экологической напряженности, становится реальным пересмотр структуры посевных площадей орошаемых культур. Несмотря на большие расходы вод в верхнем и среднем течении Амударьи в структуре посевных площадей Республики Каракалпакстан все еще преобладает водоемкие культуры, у которых спрос на воду очень велик.

Таким образом, в Каракалпакстане, в частности в северных районах, посевные площади хлопчатника во многих хозяйствах и даже в разрезе районов заменены водоемкой культурой в условиях отсутствия соответствующей технологии полива, что отрицательно сказывается на мелиоративном состоянии земель. В результате, снизилась урожайность хлопчатника, и хлопководческие хозяйства изменили свои производственные направления на зерновые и кормовые культуры. Но площадь хлопчатника в северных районах не сокращалась, и даже в структуре посевных площадей были включены посевы овощебахчевых культур, которые не принимались в нужном объеме в расчет как севооборотные культуры. Свидетельством этому служат производственные показатели хлопководческих хозяйств Кунградского района. Здесь даже в отдельные годы урожайность хлопчатника с одного гектара составляет 10,8-15,0 центнеров, что даже на 38% ниже среднереспубликанского показателя. Поэтому, в дальнейшем надо обратить внимание на совершенствование структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в республике, имея в виду значительное сокращение посевных площадей хлопчатника в северных районах. Это, во-первых, предотвратит распространение посевных площадей во всех хозяйствах, во-вторых, приведет к развитию хлопководства за счет южных районов, где имеются благоприятные термические ресурсы в вегетационный период.

В дальнейшем для создания нормальных мелиоративных условий в хлопкосоющих хозяйствах республики необходимо интенсивно развивать искусственное дренажирование орошаемых земель, путем строительства межхозяйственных и внутрихозяйственных коллекторных сетей. В настоящее время дренажирование сельскохозяйственных земель осуществляется горизонтально открытым дренажом. Вопросы возможности применения вертикального дренажа в условиях Республики Каракалпакстан исключены, из-за геолого-литологического строения территории.

В настоящее время производственный и социальный потенциал фермерских хозяйств, и других малых форм хозяйствования используется недостаточно эффективно. Как показывает мировой и отечественный опыт, наиболее приемлемым способом решения проблем обслуживания

индивидуально-семейных хозяйств и малых сельскохозяйственных предприятий является создание сельхозпроизводителями различных кооперативов [2, с.50-52]. Вместе с тем следует отметить, что сегодня развитие кооперации в агропромышленной сфере экономики сталкивается с целым рядом проблем, среди которых: неблагоприятная макроэкономическая ситуация, отставание интеграционных процессов и др. [3, с.50-53].

В сложившихся условиях рыночное реформирование должно предполагать создание организационно-экономического механизма сельскохозяйственной кооперации, способствующего эффективному использованию всех, находящихся в распоряжении сельхозпроизводителей ресурсов и отвечающее модернизации технологических процессов.

Кооперативная система агропромышленного комплекса (АПК) является неотъемлемым элементом рыночной системы хозяйствования, без которого не может эффективно развиваться агропродовольственный комплекс [4, с.51-55]. Кроме того кооперативная система при создании соответствующих экономических условий может стать основой решения экономических и социальных проблем, формируя новую структуру экономики и правовой конкурентной среды [5, с. 223].

Анализируя динамику зарегистрированных фермерских хозяйств по Республике Каракалпакстан, можно отметить, что с 2000 наблюдается положительный тренд, где $R^2=0,94$ (рис.1).




Рисунок 1. Количество зарегистрированных фермерских хозяйств в Республике Каракалпакстан.

Сложившиеся принципы, методология и система показателей для оценки эффективности сельского хозяйства предприятий, отраслей и АПК в целом остаются основой для суждения об эффективности всей системы

сельскохозяйственной кооперации и производственной, в частности, а также ее значении в стабилизации и развитии сельского хозяйства республики.




Рисунок 2. Динамика площади земель, отведенных под фермерские хозяйства в Республике Каракалпакстан.

Анализ динамики земельных площадей фермерских хозяйств в Республике Каракалпакстан за период с 2000-2013 гг. показал положительный тренд. Если в 2000 г. было зарегистрировано 2297 фермерских хозяйств, то к 2013 году их численность составила 10102 единиц. Отметим, что с 2006 года темпы образования слабо замедлились, но сохранилась их устойчивая тенденция, при этом растет площадь выделенной земли (рис.2). Так, с 2003 по 2006 гг. наблюдается резкое увеличение площади земель, выделенных фермерским хозяйствам в Каракалпакстане (с 241874 до 566197 га соответственно). Наибольшая земельная площадь, отведенная для фермерских хозяйств отмечена в 2008-2010 гг. (в среднем 585860 га). Это свидетельствует о концентрации земли и капитала и постепенной адаптации фермеров к условиям рыночной экономики в республике.

Таким образом, в настоящее время перед современной кооперацией поставлены задачи рационализации сложившейся аграрной экономики путем оживления экономических методов руководства. Выбирая ту или иную форму кооперации, очень важно правильно оценить степень созревания необходимых предпосылок и конкретных условий для развития процесса

кооперирования. Личные подсобные и фермерские хозяйства могут успешно развиваться как совместно с крупным агропредприятием, которое возьмет на себя функции снабжения и сервисного обслуживания, сбыта их продукции, так и самостоятельно, кооперируясь между собой. Организационные, экономические, социальные и морально-психологические преимущества кооперативных форм хозяйствования по сравнению с другими хозяйствующими субъектами заключаются в следующем: сельскохозяйственные производственные кооперативы, составляющие центральное звено кооперативной системы, являются крупными организациями, что позволяет их коллективам более эффективно осваивать инновационные технологии и вести хозяйство на уровне современных требований.

ЛИТЕРАТУРА

1. Балкибаева А.М. О развитии сельской потребительской кооперации в Казахстане //Вестник науки Казахского агротехнического университета. - 2012. - № 2 (73). - С. 69-73.
2. Бучаев А.Г. Развитие кооперации в аграрном секторе экономики Дагестана //Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий.- 2004.- №10. - С. 50-52.
3. Евлоев Я. Кооперация и интеграция в агропромышленном производстве //АПК: экономика и управление.- 2000.- № 5.-С.50-53
4. Ефременко А. Кооперация в системе агробизнеса //АПК: экономика, управление.- 2003.- №11.-С.51-55.
5. Петранева Г.А., Агибров Ю.И., Ахметов Р.Г. Кооперация и агропромышленная интеграция в АПК // М.: Колос С, 2005. – 223 с.
6. Myrzaliyev B.S., Abyllkasymov Y.T. Prospects of agricultural management on the basis of creation of the Kazakhstan innovative venture system in agroindustrial complex (Management of industrial-innovative development of the agroindustrial complex)//Life Science Journal 2014;11(4), pp: 433-437. <http://www.lifesciencesite.com>, IF:0,69
7. Myrzaliyev B. S., Abyllkasymov Y.T. About of management of industrial-innovative development of the agroindustrial complex// Science: Integrating Theory and Practice. Part 2. Materials of International «Conference Science: Integrating Theory and Practice». February 23-24, 2014, pp: 27-30. ICET, Bozeman, MT, USA.2014. IF: 0,35

PEFERENCES

1. Balkibaeva A.M. O razvitiu selskoy potrebitelskoy kooperatsii v Kazaxstane //Vestnik nauki Kazaxskogo agrotexnicheskogo un-ta im.- 2012. - № 2 (73). - S. 69-73.

2. *Buchaev A.G.* Razvitie kooperatsii v agrarnom sektore ekonomiki Dagestana //Ekonomika selskoxozyaystvennix i pererabativayushix predpriyatij.- 2004.- №10. - S. 50-52.

3. *Evloev, Ya.* Kooperatsiya i integratsiya v agropromishlennom proizvodstve //APK: ekonomika i upravlenie.- 2000.- № 5.-S.50-53

4. *Efremenko A.* Kooperatsiya v sisteme agrobiznesa //APK: ekonomika, upravlenie.- 2003.- №11.-C.51-55.

5. *Petraneva G.A., Agibrov Yu.I., Axmetov R.G.* Kooperatsiya i agropromishlennaya integratsiya v APK // M.: Kolos S, 2005. – 223 s.

6. *Myrzaliyev B.S., Abyllkasymov Y.T.* Prospects of agricultural management on the basis of creation of the Kazakhstan innovative venture system in agroindustrial complex (Management of industrial-innovative development of the agroindustrial complex)//Life Science Journal 2014;11(4), pp: 433-437. <http://www.lifesciencesite.com>, IF:0,69

7. *Myrzaliyev B. S., Abyllkasymov Y.T.* About of management of industrial-innovative development of the agroindustrial complex// Science: Integrating Theory and Practice. Part 2. Materials of International «Conference Science: Integrating Theory and Practice». February 23-24, 2014, pp: 27-30. ICET, Bozeman, MT, USA.2014. IF: 0,35

Матчанова А.А. – докторант, Қарақалпақ мемлекеттік университеті. Өзбекстан Республикасы, Нукус қаласы. e-mail:amangul-matchanova@yandex.com, тел:+998908055444

Матчанова А.А. – докторант, Каракалпакский государственный университет, Республика Узбекистан, г. Нукус. e-mail: amangul-matchanova@yandex.com, тел:+998908055444

Matchanova A.A. – doctoral, Karakalpak State University, Republic of Uzbekistan, Nukus, e-mail: amangul-matchanova@yandex.com

ӘОЖ 32.327

Е.С.ӘБДРАМАНОВ

ҚАЗАҚ-АУҒАН ҚАТЫНАСТАРЫ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

Қазақ пен ауған ежелден бауырлас, арасында жылы қарым-қатынас орнаған Қазақстан мен Ауғанстан елдерінің негізгі халқы. Екі ұлт өкілі тарихтың әр түрлі кезеңдерінде көптеген қиындықтарды бастан кешірді, бірақ үнемі бір-біріне қол ұшын беріп отырды. Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы қарым-қатынас тарихтың терең қойнауында жатыр, дегенмен бұл мақалада тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстан мен Ауғанстан елдерінің өзара саяси, экономикалық және әлеуметтік қарым-қатынастары сөз болады.

Тірек сөздері: Қазақстан, Ауғанстан, халық, көші-қон, саясат, экономика, қарым-қатынас.

Е.С.Абдраманов

**Казахско-Афганские отношения:
прошлое и настоящее**

Казахи и афганцы два народа, представляющие географические страны Казахстан и Афганистан, которые отличаются давно сложившимися братскими и теплыми отношениями. Наши народы пережили много трудностей на разных этапах исторического развития, но всегда поддерживали и оказывали огромную помощь друг-другу. Отношения между Казахстаном и Афганистаном имеют древнюю историю, но эта статья предназначена рассказать о двусторонних политических, экономических и социальных отношений между странами после обретения независимости Республики Казахстан.

Ключевые слова: Казахстан, Афганистан, народ, переселение, политика, экономика, взаимоотношение.

Y.S.Abdramanov

Kazakh-Afghan relations: past and present

Kazakhs and Afghans are two nations representing geographical countries Kazakhstan and Afghanistan, which differ long-standing fraternal and warm relations. Our people have experienced a lot of difficulties at different stages of historical development, but they always supported and provided to each other with great assistance. Relations between Kazakhstan and Afghanistan have an ancient history, but this article is about bilateral political, economic and social relations between these countries after declaration of independence of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: Kazakhstan, Afghanistan, people, relocation, politics, economics, relationship.

Anahtar Kelimeler: Kazakistan, Afganistan, insanlar, tehcir, siyaset, ekonomi, ilişki.

Біз жаһандану дәуірінде өмір сүреміз. Бүкіл жер бетінде тұратын адамдар бір шатырдың астында орналасқандай тіршілік етуде. Осы шатыр астындағы әр елге өзіндік мәдени, экономикалық және саяси жүйе, наным-сенімдер мен ой-пікірлер тән. Бұл ғасыр адамдарды бейбітшілікке шақырып, ұлттардың бірлігіне және тұтастығына жол ашады. Шағын ұлттар үлкен қоғамда бір-бірімен байланысып, серіктестік жасап, әлемдік жаһандануға өз үлестерін қосуда.

Қазақстан мен Ауғанстан серіктестігі ауыр оқиғаларға толы тарихи кезеңдерді қамтиды. Азамат соғысы жылдарында көптеген қазақтар өздерінің тарихи отанын тастап, Ауғанстаннан баспана іздеуге мәжбүр болды. Ауған жағынан жерлестеріміз қонақжайлылық пен мұсылман халқының рухтық жақындығын тапты. Олар қазақ мәдениеті мен тілін сақтау құқығына, сонымен қатар Ауғанстан азаматтарына тиесілі басқа да құқықтарға тең дәрежеде ие болды.

Екі ел арасында қаланған достастық серіктестік негізінде қос халықтың бір-біріне жақын мәдениетінде жатыр. Қазақ пен ауған халықтарының көшпелі өмір сүру салтында, діни көзқарастарында, дәстүрлі музыкалық өнерінде (екі елдің домбырасы ұқсас), ұлттық киім-кешегі мен асханасында ұқсастықтар бар. Ауғандық қазақтардың Қазақстан Республикасының азаматтығын алуы Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы қарым-қатынасты нығайтты.

Қазір Ауғанстан аумағында тұратын қазақтар ана тілінде сөйлейді. Олардың арасында найман мен қыпшақ руларының өкілдері басым. Тәліп режимінің шабуылы кезінде Ауғанстанда әскери режим орнады, бұл жағдай көптеген ауғандық қазақтардың тарихи Отанына оралуына түрткі болды. Қазақстан Республикасы ел тәуелсіздігін жарияланғаннан кейін қабылданған «Халықтың көші-қоны туралы» заңына сәйкес Ауғанстандағы қазақтардың өз тарихи Отанына оралу үдерісі басталды.

Ауғанстан Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін танып, алғашқылардың бірі болып 1992 жылы дипломатиялық қарым-қатынастарды орнату мақсатында өз өкілдігін ашты. Екі елдің бірқатар халықаралық ұйымдарға мүше болып байланыс орнатуы, әр түрлі тақырыпта туындаған мәселелерді шешуге өз септігін тигізді [1].

1993 жылы Түркия Республикасында екі ел басшыларының алғашқы кездесуі өтті. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың шешімімен ауған халқына азық-түлік және құрылыс материалдары түрінде гуманитарлық көмек жіберілді. Тәліптер Кабулды басып алған кезде Қазақстан жағы Ислам Үкіметі жағын қолдап, тәліптердің лаңкестік әрекеттеріне қарсылық танытты.

1993 жылдан бастап Қазақстан мен Ауғанстан арасында ресми дипломатиялық қарым-қатынас орнады. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың

Ауған Президенті Б.Раббанимен Стамбулда кездесуі (1993 ж.), ҚР Сыртқы істер вице-министрі Қ. Әбусейітовтың Кабулға ресми сапары (2002 ж.), ҚР Сыртқы істер министрі Қ.Тоқаевтың Ауғанстанға жұмыс сапары (2006 ж.), Ауғанстан Президенті Б.Раббанидің Алматыдағы Экономикалық ынтымақтастық ұйымының 5-саммитіне қатысуы (1998 ж.), Ауғанстан Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушы А.Абдулланың Астанаға жұмыс сапары (2001 ж.), Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің басшысы Х.Карзайдың Алматыдағы АӨСШК саммитіне қатысуы (2002 ж.), Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің Президенті Х.Карзайдың Қазақстанға ресми сапары (2004 ж.), Ауғанстан Ислам Республикасының Президенті Х.Карзайдың ҚР Президентін ұлықтау салтанатына қатысуы (2006 ж.), Ауғанстанның Бірінші Вице-Президенті А.Масудтың Астанадағы Шанхай Ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің үкіметі басшыларының жетінші отырысына қатысуы (2008 ж.) мұның басты дәлелі саналады.

2007 жылы Астана қаласында Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Ауғанстан Үкіметаралық комиссиясының алғашқы отырысы өтті. Бұл отырыс барысында тараптар ауыл шаруашылығы, энергетика, минералдық ресурстар, көлік, денсаулық сақтау, білім беру сияқты салалардағы екі жақты ынтымақтастықтың бағыттарын қарастырды.

2008 жылы Кабул қаласында өткізілген Үкімет аралық комиссияның екінші отырысында сауда-экономикалық ынтымақтастығы, Қазақстанның астық пен мұнай өнімдерін Ауғанстанға жеткізуі, Ауғанстанға жәрдемдесу жөніндегі 2009-2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының жобасы талқыланды. Үкімет аралық комиссияда Қазақстан жағынан Индустрия және сауда Вице-Министрі Е.Қ. Мамытбеков, ал Ауғанстан жағынан Сауда және индустрия Министрінің орынбасары Шариф Шарифи тең төрағалық етті. 2007 жылы ҚР Үкіметінің Ауғанстанға жәрдемдесу жөніндегі 2007-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. Аталмыш жоспарға сәйкес 2008 жылғы шілде айында АИР Қаржы министрлігінің арнайы есеп шотына Бамиан провинциясында аурухана, Саманған провинциясында мектеп салуға және Құндыз-Талукан тас жолын жөндеуге 2 млн. 380 мың АҚШ доллары аударылды.

Сондай-ақ, 2014 жылы Ауғанстан Ислам Республикасының президентінің 2-ші орынбасары Мохаммад Карим Халили 7-ші Астаналық Экономикалық Форумы және Екінші дүниежүзілік дағдарысқа қарсы конференциясына қатысып ҚР премьер министрімен кездесті. 2014 ҚР Білім және ғылым министрі Ауғанстанның жаңа Президентін ұлықтауына қатысты. Осы жылы Абдулла Ауғанстан ұлттық бірлік үкіметі бас атқарушысы Астана қаласындағы 12-ші ШЫҰ саммитіне қатысты. Сонымен қатар, 2015 жылы Мәскеу қаласында Қазақстан мен Ауғанстан президенттері БРИКС ұйымы көшбасшыларының кездесуіне қатысу кезінде бір-бірімен кездесті. Ауғанстан президенті М.Гани кездесу барысында Қазақстан Президентіне «Гази Аманулла Хан» медалін тапсырды.

Қазақстан мен Ауғанстан қарым-қатынастары үдемелі қозғалыста дамып келе жатыр. Мемлекет басшылары халықаралық іс-шаралар аясында тұрақты түрде кездесуде. Сауда-экономикалық қатынастарын дамытуда Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Ауғанстан бірлескен үкіметаралық комиссиясы (ҰАК) маңызды рөл атқарады. ҰАК Қазақстандық жағының тең төрағасы ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі министрі В. Божко, Ауғанстан жағының тең төрағасы АИР Сауда және индустрия министрі Мұхаммад Шакер Каргар болып табылады.

Екі жақты шарттардың құқықтық базасы ҚР мен АИР арасындағы қарым-қатынас пен ынтымақтастық негіздері жөніндегі шарттан, сауда-экономикалық ынтымақтастық, білім саласындағы ынтымақтастық, есірткі құралдарының, психотропты және оған үйлес заттардың заңсыз айнылымымен күрес саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдерден, сондай-ақ дипломатиялық қарым-қатынастар орнату жөніндегі хаттамадан тұрады. Яғни, жалпы екі ел өкілдері арасында экономикалық қатынастардың, лаңкестік және есірткі заттарына қарсы күрес саласында шарттарына, келісімдеріне қол қойылды.

Ауғанстанда индустрия мен өнеркәсіп қарқынды дамып жатты, алайда 30 жылдық соғыс салдарынан ел экономикасы қатты әлсіреді. Өнеркәсіптің дамуы тоқтап, жер асты пайдалы қазба байлықтары өңделмей қалды. Ауғанстан экономикасының негізі – ауыл және мал шаруашылығы, аграрлық шаруашылық және тау-кен өндірісі құлдырап қалды. Ауғанстан таулы аймақта орналасқандықтан су қорына өте бай. Өкінішке орай, бұл аймақтар соғыс салдарынан зардап шекті.

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын жүргізудегі үлкен тәжірибесі Ауғанстанда жаңа технологиялар мен инвестиция салуға жол ашады. Мысалы, арықтардың құрылысы, су құбырлары және жер өңдеуге арналған ауыл шаруашылық техникалары. Ауыл шаруашылығының өнімдерін сақтауға арналған қоймалардың құрылысы құрғақшылық пен егін шықпай қалған жағдайда, өнімдердің жетіспеушілігін азайтуға көмектеседі. Сонымен қатар сүт және ет өңдеуге арналған фабрикалардың құрылысы, мұнай, газ, темір, пайдалы қазбалар, асыл тастар кендері елдер арасындағы байланысты нығайту мен дамуына өз септігін тигізеді.

2002 жылы Уақытша үкімет құрылғаннан кейін Қазақстанның дипломатиялық миссиясы Кабулда болып қайтты, 2003 жылы Қазақстан Республикасының Ауғанстандағы Елшілігінің ресми ашылуы болды. Қазақстан Республикасы Ауғанстанды қайта құру барысында мыңдаған тонна бидай, құрғақ сүт, сан алуан азық-түліктер жіберді. Сондай-ақ, Қазақстан тарапынан жол салу, мектеп пен емхана ашу, Ауғанстанның солтүстігінде үйлерін сел бұзған отбасыларға азық-түлікті көмек ретінде жеткізу түрінде баға жетпес гуманитарлық көмек көрсетілді.

Сонымен қатар, Ауғанстан азаматтарына әр түрлі Қазақстандық ЖОО-да оқып, білім алуға 1 мыңға жуық квота көлемінде грант бөлінді, ал бұл

Ауғанстанның білім беру саласын дамытуда қарқынды алға басу болды. Қазіргі таңда Қазақстанның жоғары оқу орындарында 750-ден аса ауған жастары білім алуда.

Бір жағынан Ауғанстан Қазақстанның қызметі мен тауарларының тұрақты тұтынушысы, екінші жағынан бұл - Қазақстандық импортты қажет ететін Орталық Азия, Оңтүстік және Таяу Шығысты байланыстыратын дәліз болып табылады, сондықтан Ауғанстан транзитті ел болуға қызығушылығын танытып отыр [2].

Ауғанстанда жағдайдың тұрақталуы Орталық Азия қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей әсер тигізетін геосаяси фактор. Ауғанстан терроризм мен нашақорлық мәселесін көтеретін Халықаралық семинарларға, конференцияларға ерекше мән берумен қатар, адам саудасы мен кедейлікке қарсы конференциялардың белсенді мүшесі болып табылады.

Қазақстан Орталық Азия республикаларымен достық қарым-қатынаста, бейбітшілікте, терроризммен күресте АҚШ, Ресей, Қытай, мұсылман әлемімен стратегиялық байланысты нығайтуда ерекше көзге түсетін, сыртқы саясатымен ерекшеленген, экономикасы дамыған ел [3]. Америка мен НАТО-ның әскери күштері Ауғанстанда терроризм мен нашақорлыққа қарсы әскери қызметін нығайту үшін Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттері секілді аймақтық серіктестерден қолдау күтеді [4].

Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және басқа Орталық Азия мемлекеттері сияқты Ауғанстанда тұрақтылық болса бүкіл Орталық Азия аймағында тұрақтылық болатындығына сенім білдіреді. Сондықтан, Қазақстан Ауғанстан Ислам Республикасымен саяси қатынастарын сақтауға тырысады. ҚР ұзақ мерзімдегі Ауғанстан Ислам Республикасымен достық қатынас орнатып, Талибан режимінің таралуынан қорғап келеді.

Ауғанстанда Талибан режимі қалыптасқаннан кейін, Америка басшылығымен коалициялық күштердің кең қатысуына қарамастан қазірдің өзінде Ауғанстанда тұрақтылық және қауіпсіздік проблемалары бар. Осыған байланысты бүкіл көрші мемлекеттер, Орталық Азия мемлекеттері, әсіресе, Ресей Федерациясы, АҚШ және НАТО елдері Ауғанстан үкіметіне, Ауғанстанда есірткі айналымы мен оны өндіру, исламдық экстремизмнің кеңеюі, терроризммен күресу мәселелеріне сын айтып келеді.

Қазіргі таңда Қазақстан Ауғанстанның әлеуметтік-экономикалық саласына маңызды қолдау көрсетіп келеді. Қазақстан сыртқы саясатын белсенді жүргізіп, оның бастамасымен Халықаралық конференцияларда атомдық қаруды залалсыздандыру секілді тақырыптар көтеріліп отыр. Қазақстан Республикасы Еуразиялық аймақта Еуропа мен Ресей, Ауғанстан арасындағы байланыстарды нығайтушы көпір болып табылады.

Ауғанстандағы ҚР-ның бас дипломаты және елшісі Өміртай Мақашұлы Бітімов, өзінің бір сұқбатында осы мәселеге байланысты «Ауғанстанның ұлттық бірлік үкіметі, яғни жаңа үкімет жақын уақытта Ауғанстанға тұрақтылықты орнатады, Ауғанстан үкіметі ҚР-ның экономикалық,

кәсіпкерлік саласынан, ұлттық саясат және демократиялық саяси әдістер бөлімдерінен үлгі ала алады», - деп, өз ойын білдірді. Қазақстан Республикасының көпұлттылығы мен ұлттар арасындағы бейбітшілігі, Ауғанстан үкіметі үшін басқарудың керемет озық моделі болып табылады.

Қабул қаласында Қазақстан Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры Ерлан Қарин бастаған отандық сарапшылар тобы, Ауған аналитикалық ұйымдарымен кездесулер өткізді, екі жақты ынтымақтастық пен аймақтық қауіпсіздік мәселелерін талқылады. Сондай-ақ, Қабулда Ауған стратегиялық зерттеулер институтының директорымен жүздесу болды. Кездесудің мақсаты Ауғанстан ғылыми орталықтарымен екі жақты байланыс орнату және дамыту еді. Қазақстан жағы аймақтық тұрақтылық пен қауіпсіздік мәселесін саралады, ауған сарапшылары Қазақстандық «Нұрлы жол» бағдарламасына қызығушылық танытты. Қазақстанның Ауғанстанға гуманитарлық көмегі әрі қарай жалғасын таппақ. Осындай көмектер мен өзара байланыс, елдердің арасындағы серіктестіктің ұзақ мерзімді стратегиясын айқындай түседі.

Бүгінде Қазақстан Азия құрлығының аймақтық саясатында елеулі орынға ие. Өңірдің басқа елдерімен қарқынды және жемісті қарым-қатынастар орнатылып, өзара байланысты дамытып келеді. Таяуда ғана республикамыз Ауғанстанның белсенді әріптесі санала алмады, ТМД елдері арасында ауған саясатында көшбасшы Ресейге тиесілі еді. Алайда, 1992 жылдан бастап екі ел арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнап, елшіліктер ашылды, отандық компаниялардың Ауғанстан нарығына келуі секілді бірқатар маңызды қадамдар жасалды. Көрші, бауырлас елдер арасындағы байланыстар үкіметаралық деңгейге көтеріліп, ынтымақтастық жобаларды жүзеге асыру қатынастарына көшті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Dzhuraev E., Dzhuraev Sh.* The Kazakh and Kyrgyz Sides of Afghanistan: So Near and Yet So Far // The Regional Dimensions to Security. Part of the series New Security Challenges. -2013. pp. 173-188.
2. *Kassenova N.* Relations between Afghanistan and Central Asian states after 2014. Incentives, Constraints and Prospects. -Stockholm, 2014. –P. 40
3. *Fried D.* A Strategy for Central Asia // The DISAM Journal, Winter 2006. pp. 99-105.
4. *Наметов К.О.* Проблемы терроризма в Центральной Азии (Казахстан, Киргизия, Узбекистан, Таджикистан, Афганистан) // Наука и современность-2014: Материалы республиканской научно-практической конференции магистрантов, докторантов и молодых преподавателей, посвященной реализации Послания Президента Республики Казахстана "Казахстанский путь-2050". 2014. - С.185-187.

REFERENCES

1. *Dzhuraev E., Dzhuraev Sh.* The Kazakh and Kyrgyz Sides of Afghanistan: So Near and Yet So Far // [The Regional Dimensions to Security](#). Part of the series [New Security Challenges](#). -2013. pp. 173-188.
2. *Kassenova N.* Relations between Afghanistan and Central Asian states after 2014. Incentives, Constraints and Prospects. -Stockholm, 2014. –P. 40
3. Fried D. A Strategy for Central Asia // *The DISAM Journal*, Winter 2006, pp. 99-105.
4. *Nametov K.O.* Problemy terrorizma v Centralnoj Azii (Kazakhstan, Kirgiziya, Uzbekistan, Tadjikistan, Afganistan) // *Nauka i sovremennost-2014: Materialy respublikanskoj nauchno-prakticheskoy konferencii magistrantov, doktorantov i molodyx преподаvatelej, posvyashhennoj realizacii Poslaniya Prezidenta Respubliki Kazaxstana "Kazaxstanski put-2050"*. 2014. - s.185-187.

Әбдіраманов Е.С. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ., e-mail: erbol.Abdramanov@ayu.edu.kz

Абдраманов Е.С. – кандидат исторических наук, доцент, университет Ахмета Ясави г. Туркестан, e-mail: erbol.Abdramanov@ayu.edu.kz

Abdramanov E.S. - candidate of historical sciences, Associate Professor, Ahmet Yasawi University, Turkestan, e-mail: erbol.Abdramanov@ayu.edu.kz

UOS 947.08

E.ZULPIHAROVA, D.DELIGÖZ

RUS ÇARI I.PETRO (1672-1725)

Rusya'yı 7 Mayıs 1682'den ölümüne kadar yöneten Rus Çarı. Büyük Petro (Rusça: Пётр Великий, Pyotr Velikiy) olarak anılır. Rusya'yı Avrupa'nın ve dünyanın kaderinde söz sahibi devletleri arasına sokmayı başarmış, bu nedenle tarihte 'Büyük' sıfatıyla anılan ender hükümdarlardan biri. I.Petro'nun Rus tarihindeki rolü çok büyüktür. O, Rus hükümdarlarının en ehemmiyetlisi sayılır. Petro, Rusya'yı eski Moskova zihniyetinden tamamen kurtarıp yeni bir Rusya oluşturdu. Rusya'yı Avrupalılaştırdı. Avrupa tekniğini ve yaşayış tarzını Rusya'ya soktu.

Anahtar Kelimeler: Rusya, Büyük Petro, Moskova, I.Petro, Rus Çarı, Dünya, Avrupa.

Э.Зұлпыхарова, Д.Делигөз

Орыс Патшасы I Петр (1672-1725)

Ресейді 1682 жылдың 7 мамырынан бастап өмірінің сонына дейін басқарған Орыс Патшасы. Ұлы Петр (Орысша: Пётр Великий, Pyotr Velikiy) ретінде айтылады. Ресейді Еуропаның және әлемнің тағдырында төреші мемлекеттер арасына қосуда табысқа жетеді, осы себептен тарихта «Ұлы» деп айтылған сирек билеушілердің бірі. I Петрдің Орыс тарихындағы ролі өте жоғары. Ол Орыс билеушілерің ең маңыздысы болып саналады. Петр Ресейді ескі Мәскеу көзқарасынан толықтай құтқарып, жаңа бір Ресей құрды. Ресейді Еуропаландырды. Еуропа техникасын және өмір сүру салтын Ресейге енгізді.

Тірек сөздер: Ресей, Ұлы Петр, Мәскеу, I Петр, Орыс Патшасы, әлем, Еуропа.

Э.Зулпыхарова, Д.Делигөз

Царь Руси Пётр I (1672-1725)

Российский царь который правил с 7 мая 1682 года до конца своих дней. Он был назван Петр Великий. Он достиг больших успехов в соединении России с Европой и другими странами. Поэтому он был призван великим. Он имеет большую роль в истории Руси. Он является самым важным среди правителей. Петр изменив мнение старых москвичей, устроил новую Россию. Петр I превратил Россию в европейскую державу. Он внес европейскую технику и образ жизни в Россию.

Ключевые слова: Россия, Пётр Великий, Москва, Пётр I, Царь Руси, мир, Европа

E.U.Zulpykharova, D.Deligoz
Russian Emperor Peter the Great (1672 - 1725)

Is the Russian Emperor who governed the Russia from 1682 to his death. He was named as Peter the Great (in Russian: Пётр Великий, Pyotr Velikiy). He was named as “Great”, one of the rare rulers who had success in relationship between Russia and world dominating countries. The authority of the Emperor was great. He is one of the important figures in the history of Russia. Peter the Great created the new Russia, changing point of views of old Moscow influences. Russia became more European in character. Europe input new techniques and a new style of life to Russia.

Key words: Russia, Peter the Great, Moscow, Peter I, Russian Emperor, world, Europe.

I.Petro kimi tarihçiler tarafından Rusya'yı, Avrupa'nın ve dünyanın kaderinde söz sahibi devletlerin arasına soktuğu düşünülduğünden, “Büyük” sıfatıyla anılırken, kimi tarihçiler tarafından davranışları sebebiyle Deli Petro olarak anılmaktadır. Çar I. Aleksey'in ikinci eşi Natalya Narişkina'dan olan oğludur. 1682'de, zayıf ve hastalıklı üvey ağabeyi V. İvan'la birlikte tahta çıktı. Taht naipliğini üvey ablası Sofia Alekseyevna atandı; Sofia'nın aşığı başdanışman Vasili Vasilyeviç Golitsın'in ülkenin yönetiminde etkindi. Petro, bu dönemde annesiyle birlikte Moskova'nın dışındaki “Alman mahallesinde” yaşadı. Rusya'ya gelen Avrupalılarla yakınlık kurarak uygarlıkları hakkında bilgi sahibi oldu. Burada Avrupalı askerlerden topçuluk ve istihkâm eğitimi aldı. 14 yaşından itibaren gemilere büyük ilgi duydu. 1689'da annesinin zoruyla Eudoxia Lapoukine ile evlendi; ertesi yıl Alexis adında bir oğlu oldu[1].

I.Petro, 1689 Ağustos'unda hâkimiyete geçtikten sonra da “çocukluk eğlencelerini” bırakmadı, eskisi gibi askerlik oyunları ve gemicilikle meşgul oluyordu. Devlet işleri annesi ve patriğin elindeydi. Bu durum Petro'nun annesi ölünceye kadar devam etti(1694). Bu tarihten sonra devlet işleriyle ve ciddi meselelerle meşgul olmaya başladı[2,252].

Devletini genişletmeyi, dünya hâkimiyetini ele geçirmeyi düşleyen Petro, bu amaçlarına ulaşmak için ticareti geliştirmenin önemini kavramıştı. Ancak Rusya kuzeyinde buzlarla kaplı denizler, güneyinde Osmanlı Devleti denetimi altındaki Karadeniz arasında sıkışmış bir ülke konumunda idi, ticarete uygun limanları yoktu. Petro, ticaret için sıcak denizlere inme gereğini fark eden ilk kişi oldu[3]. Petro'nun sıcak denizlere inme planını gerçekleştirmek için ilk girişimi Azak Kalesi'nin kuşatılması idi. 1695 yılında ani bir baskınla Azak Kalesi'ni almayı denedi ancak deniz kuvvetlerinden yoksun Rus ordusu 96 günlük bir kuşatmadan sonra çekilmek zorunda kaldı. Bu başarısızlık üzerine Petro 1695-1696 kışında Don nehri kıyısındaki Voronej'de bir nehir donanması oluşturdu; kaleyi karadan ve denizden 31.000 asker ve 170 topla kuşatarak teslim aldı (6 Ağustos 1696). Asıl amacı Karadeniz'e ve ardından Boğazlara kadar gidebilmektir.

Bu amacından hiç vazgeçmemiş ve bu politika kendisinden sonra da sürdürülmüştür.

Azak Kalesi kuşatması, Çar I. Petro'ya donanmaya ve düzenli bir orduya sahip olmanın önemini göstermişti. Bu amaçla ülkeye yabancı uzmanlar davet etmek yerine soylu ailelerden seçilen gençlerin eğitim için İngiltere, İtalya ve Hollanda'ya gönderilmesini emretti. Avrupa'nın başarısının hangi koşullar altında geliştiği ve mümkün hale geldiğini öğrenmek; Avrupa'daki ilerlemeyi Rusya'ya taşımak istiyordu. Kendisi de denizcilik eğitimi için 1697'de kimliğini gizleyerek yurtdışına çıktı. Sırasıyla Almanya, Hollanda ve İngiltere'ye gitti. Marangozluk, tıp, gemi yapımıcılığı üzerinde çalıştı. Bir yandan da Osmanlılara karşı Avrupa'daki müttefik arayışı içindeydi ancak bu arayışı sonuçsuz kalmıştır.

Petro'nun Avrupa'ya gidişi, Rus halkı arasında birçok dedikodulara, şayialara ve nihayet memnuniyetsizliğe yol açmıştı. Bundan, streletsler faydalandılar ve ayaklandılar. İsyan bastırılmış ve birçok strelets idam edilmiş olmasına rağmen, Petro Moskova'ya dönünce, yeniden takibat yaptırdı ve streletsleri idam ettirdi. "Rus yeniçerileri bu suretle ortadan kaldırılmış oldular. Rusya'da artık Petro'ya karşı koyacak hiçbir kuvvet ve zümre kalmamıştı. Petro, 1698 sonbaharında Rusya'ya dönünce hemen yeniliklere başladı. Yüksek tabakanın Avrupa biçimi giyinmeleri ve sakallarını tıraş etmeleri emredildi. Sakal taşımak hakkı, ancak ruhanilere ve köylülere bırakıldı. O zamana kadar Rusya'da, Bizans'tan gelen " Dünya yaradılışına, göre yürütülen takvim kullanılır ve 1 Eylül sene başı sayılırdı. Bu defa, 1 Ocak 1700 den itibaren, miladi senenin kabulü emredildi. Petro, Rusya'yı "Avrupalılaştırma,, hareketine başlamış bulunuyordu. Bu hususta, Lefort ve Gordon gibi yabancılar kendisine akıl hocalığı yapıyorlar ve Petro'yu yenilikleri tatbik için teşvik ediyorlardı. Petro bir taraftan, Rusya'ya Avrupa tekniği, kıyafeti ve kültürünü sokmaya çalışırken, aynı zamanda Rusya'yı denize ulaştırmak maksadıyla de faaliyete başladı; bu ise ancak harp yolu ile mümkündü[2,255].

Petro 1701-1704 yılları arasında İngerya'yı işgal etti. Mayıs 1703'te St. Petersburg şehrini kurdu. Finlandiya Körfezi'nin bataklıklarına inşa edilen şehirde, orduya asker toplanmasının yanı sıra, gıda maddelerinin tedarik ve sevkiyatı gibi hususlarda, halktan büyük fedakârlıklar talep edildi. Petro, daha çok adama ve daha çok paraya ihtiyaç duymaktaydı. Petro'nun bu kadar isteği ayaklanmalara neden oldu. 1705'de Astrahan şehrinde boyarlara ve Almanlara veya bir deyişle yabancılar karşı bir isyan teşebbüsünde bulunuldu. Eşzamanlı olarak bir başka isyan Başkurtlar arasında vuku buldu ve 1709 tarihine kadar bastırılmadı. 1707 de Petro, hırsızları ve kaçak serfleri Don Kosakları ayaklandı. Kondrat Bulavim önderliğindeki yoksul Kosaklar, ev sahibi Kosakların hakkından gelmeyi başarmıştı ve böylelikle isyan, daha tehlikeli bir boyut kazandı. Dolayısıyla, patro, Don'a daha büyük çaplı birlikler göndermek zorunda kaldı. Bulavin, Çerkassk'da yakalandı, fakat 1708'de aynı şehirde intihar ederek öldü; suç ortakları ise Kuban bölgesine sığındılar. Tüm bu isyanlar büyük zorluklarla bastırılmıştı. Bir keresinde, sanki tüm Güneydoğu Rusya ayaklanacakmış gibi oldu. Düzenin tekrar sağlanması

gibi Kalmuk hanının 20000 askerini yardıma göndermesiyle durum kontrol altına alınmıştı [4,196-197].

XII. Karl, 1707 de askeri hazırlıklarını bitirdikten sonra, Rusya'yı yola getirmek maksadıyla, büyük ölçüde bir sefer açtı. 1708 kış ve ilkbaharında Lehistan tamamıyla Ruslardan temizlendi. Rus ordusu Dnepr nehrinin doğusuna çekildi. Ruslar bu defa, sınır boyunca 60 km. genişliğindeki sahayı kendileri tahrip ettiler ve İsveç ordusuna barınacak hiçbir yer bırakmadılar. Riga'dan, General Levenhaupt tarafından, İsveç ordusu için getirilmekte olan cephane ve ağırlık geciktiğinden XII. Kari bu defa hareket planını değiştirdi ve Moskova üzerine yürümekten vazgeçerek, 1707-1708 yılı kışını Ukrayna'da geçirmeğe karar verdi. Bir müddet önce, Ukrayna hetmanı Mazepa ile XII. Kari arasında gizli bir anlaşma yapılmıştı; hetman, Ukrayna'yı Rus tahakkümünden çıkarıp, İsveç himayesinde bir devlet kurmak istiyordu. 1707 sonbaharında İsveç kiralının Ukrayna'ya yürümesi üzerine, Mazepa, Petro'ya karşı harekete geçtiğini ilan etti. Fakat Rus kuvvetleri ani bir yürüyüşle, Mazepa'nın payitahtı olan Baturin şehrini zapt ve buradaki hububat ve silah stoklarını imha ettiler. Ukrayna'nın diğer şehirlerindeki stoklar da Rusların eline geçti. Bunun üzerine, Ukrayna ahalisi ve Kazaklarının büyük bir kısmı Mazepa'nın arkasından gitmediler; XII. Karida, Ukrayna'da bulacağını ümit ettiği yardımı ele geçiremedi. 1708 yaz başında, XII. Karl, Poltava şehrini muhasara etti. Rus kuvvetleri de buraya toplanmışlardı. İsveç kiralı, Kırım hanı (Devletgery) ve Bender muhafızı Yusuf paşa ile münasebet tesis etmiş, Ruslara kat'ı darbe indirmek için yardım istemişti. Fakat III. Ahmet ve sadrazam Çorlulu Ali paşa, XII. Karl'a yardım göndermek istemediler; Devletgery hana da, İsveçlilere katılmaması için emir verildi. Buna bakmaksızın, İsveç kiralı, küçük bir ordusu ile Rusları yenebileceğine inanıyordu. 27 Haziran (8 Temmuz) 1708 tarihinde, 17.000 kişilik İsveç ordusu, 50.000 kişilik Rus ordusu üzerine saldırdı. Meydan muharebesinden üç gün önce XII. Karl yaralanmıştı; bundan ötürü, muharebeyi istediği gibi idare edemedi, İsveç generalleri de verilen emirleri vaktinde ifa edemediler ve lüzumsuz bazı hareketlerde bulundular. Bu sebepten, Poltava meydan muharebesini İsveçliler kaybettiler. XII. Karl, Levenhaupt'un kumandasındaki 14.000 kişilik süvari kuvvetlerin Kırım'a çekilmesini emrettikten sonra, kendisi, Mazepa ile birlikte, Osmanlı topraklarına, Bender'e iltica etti; İsveç süvari kuvvetleri ise Kırım'a varamadılar ve Perevolocna mevkiinde Ruslara esir oldular. Bu suretle, Poltava zaferiyle Rusya İsveç tehlikesinden kurtulmuş oldu. Bu zafer, Rusya'nın durumunu birdenbire değiştirdi. Ruslar, müdafaadan taarruza geçtiler. Kısa bir zaman içinde, Lehistan yeniden Rus kuvvetlerinin eline geçti; İsveç dostu Stanislas Leszczyński Lehistan'ı bıraktı II. August tekrar kral oldu. Petro Estonya ve Livonya'yı zapt için harekete geçti. Car'ın kuvvetleri, II. August ve Danimarka kıtalarıyla işbirliği yapmak ve Kuzey Almanya'daki İsveç'e ait şehirleri almak üzere Almanya'ya girdiler. Poltava zaferi, Ruslara Avrupa yolunu açmış ve Rusya'nın Doğu Avrupa'da yeniden hegemonya kurmasını mümkün kılmıştı; hele St. Petersburg, artık her türlü tehlikeden kurtarılmıştı. Bütün bu sebeplerden ötürü, Poltava zaferi, Rus tarihinin en mühim vaka'larından birini

teşkil etmektedir. Mamafih, bu zaferin neticeleri az daha hiçe iniyordu. Rusya bu defa Osmanlı İmparatorluğu ile harbe tutuşmuş, İsveç'e karşı mücadele devam ederken, ister istemez yeni bir sefer açmak mecburiyeti hâsıl olmuştu[2,258-259].

Prut seferi, Petro'nun Poltava'da kazandığı askeri prestijini baltaladı. Bu hadise aynı zamanda İsveç savaşının da uzamasına sebep olmuştu. Fakat Petro muazzam bir enerji ile kaldığı yerden devam etti. 1714'te Gangut'da Rus filosu İsveç filosunun üstesinden gelmekle kalmadı, aynı zamanda Aaland adalar'ını da işgal ederek Stockholm'ü tehdit altına aldı. Bu olay savaşın dönüm noktasıydı. Aynı sıralarda Osmanlı İmparatorluğu'ndan dönen Charles ile Petro arasında barış müzakereleri başladı(1717-1718). Charles'ın ölümü nedeniyle görüşmeler kesildi ve sava ş üç yıl daha devam etti. Sonunda İsveç, barış yapmak zorunda kaldı.30 Ağustos 1721 yılında imzalanan Nystadt Anlaşması uyarınca İsveç, İngerya, Letonya ve Estonya'yı Rusya'ya teslim etti. St. Petersburg resmen emniyete alınarak Rusya Baltık denizi kıyılarına kolay erişim imkânı kazandı[4,198-199].

Gayet yapılı sağlam bünyeli ve fevkalade- enerjik bir kimse olan Petro, hayatını çok suiistimal ettiğinden (kadınlar, alkol ve gayet çok çalışma), bünyesi zayıf düşmüştü. 1724 sonbaharında, Petersburg'da, batmak tehlikesine maruz kalan birkaç bahriyeliyi kurtarmak için kayığa binmiş ve bu münasebetle kendini üşütmüştü; bütün sonbahar ve 1725 kışı başında hasta olan Petro, 28 Ocak (8 Şubat) 1725 tarihinde öldü; bu zaman ancak 53 yaşında idi. I. Petro'nun Rus tarihindeki rolü çok büyüktür. O, Rus hükümdarlarının en ehemmiyetlisi sayılır. Petro Rusya'yı, eski Moskova zihniyetinden tamamıyla kurtarıp, yeni bir Rusya yarattı: Rusya'yı "Avrupalılaştırdı; Avrupa tekniğini ve zahiri olsa dahi, garp yaşayış tarzını Rusya'ya soktu. Onun bu faaliyeti, gerçi " Türklere karşı savaşın icabı olarak başlamış, İsveç'ten Baltık eyaletlerini almak için yaptığı yirmi yıllık bir harbin ihtiyacını karşılamak üzere gelişmişse de, netice itibariyle Rusya'nın Avrupa tekniği ve hayatını benimsemesini sağlamıştır. Petro'nun Rusya'yı "Avrupalılaştırması, yukardan zorla, şiddetle ve yalnız küçük bir zümreye tatbik edilmesine rağmen, Rusya'nın, sonraları bu yolda büyük adımlar atmasına yol açmıştı. Petro'nun eski Rus geleneklerini atarak, Moskova Rusya'sının tarihi gelişmesini tabii yolundan, büsbütün başka bir istikamete çevirmesi, birçok tenkitlere yol açmışsa da, esas itibariyle Rusya için hayırlı olmuştur. Bunu gerçekleştirmek için, "Rus geriliği ve tembelliği, ne karşı gayet sert ve "barbarca, usuller kullandı. Haddi zatında çok kaba ve müstebit bir hükümdar olan Petro, enerjisi, ne yapmak istediklerini açıkça görmesi ve kendisi gibi enerjik kimseleri istihdam etmesi sayesinde muvaffak oldu. Rusya'nın hem insanca, hem tabii servet bakımından çok zengin oluşu, Çar'ın şahsına karşı Rus ahalisinde mukavemet hassası olmayışı, Petro'nun istediği gibi hareket etmesine imkân verdi. O sıralarda Avrupa'daki umumi durumun icabı ve bilhassa Lehistan'da ve Türkiye'de Petro'nun şahsiyeti ve Rusya'nın tatbikine giriştiği yeniliklerden doğacak neticeler layıkıyla anlaşılamadığından, Rusların faaliyetine geniş ölçüde mani olunamadı; İsveç kralı XII. Karl'ın, Rusya'yı yıkmak, Petro'yu emellerine ulaştırmamak planları da, kâfi derece yardım görmediği için, neticesiz kaldı. Kuzey Harbinden

Petro tam bir zaferle çıkması sayesinde, Rus İmparatorluğunun yalnız Doğu Avrupa'nın değil, umumiyetle Avrupa Devletleri arasında da yüksek bir mevkie çıkmasını temin etmiştir. Sonraki Rusya tarihi Büyük Petro'nun çizdiği yoldan yürüyerek, büsbütün emperyalist bir cehre aldı. Bundan dolayı tarihi literatürde "Büyük Petro'nun siyasi vasiyetnamesinden bahsetmek adet olmuştur. Bu "vasiyetname ye göre: Rusya'nın Osmanlı İmparatorluğu zararına genişlemesi, İstanbul'u ele geçirmesi, Lehistan'ı zapt etmesi gibi, sonraki yüzyıllarda Rusların tahakkuk ettirmek istedikleri maddelerin Büyük Petro tarafından, birer birer tespit edilmiş ve kendisinden sonraki Rus carlarına bunu gerçekleştirmeleri için temennide bulunduğu iddia edilmiştir. Fakat böyle bir "vasiyetnamenin sıhhati tarifen tevsik edilmiş değildir. Ruslar tarafından "Büyük lakabıyla tanılan I. Petro, Osmanlı tarih literatüründe " Akbıyık ve " Deli Petro diye geçmektedir; faaliyetinin hakiki mahiyeti Babı âlice anlaşılmamış, ancak "garip hareketleri ve hiddetli oluşu, kendisine "Deli lakabını kazandırmış olmalıdır. İşte bu "Deli Petro dur ki Rusya'yı çok kısa bir zamanda kuvvetli bir devlet haline yükselterek, Türkiye'nin en büyük düşmanı yapmıştı. Sonraki nesiller üzerinde Petro'nun şahsı derin tesirler icrasına devam etmiştir. Petro'nun hayatı ve faaliyeti en mümtaz Rus Ediplerinin eserlerine mevzu teşkil etmiş ve böylelikle hatırası daima yaşatılmıştır. Büyük Petro, az zamanda çok büyük işler yapan, Rusya gibi geri, geniş ve kalabalık bir memlekete yeni hayat aşılamağa muvaffak olan, tarihte nadir yetişen büyük şahsiyetlerden biridir. Cehalet, hunharlık, ahlaksızlık gibi birçok kusurlarına rağmen, Rusya'yı büyültmek, ilerletmek yolundaki faaliyeti, ona Rus tarihinde mümtaz bir mevki kazandırmıştır. Büyük Petro'nun muvaffakiyeti sayesinde Rusya Avrupalı büyük devletler sırasına girmiş ve beynelmilel siyasete faal bir şekilde karışmağa başlamıştır. Büyük Petro, gerek karakteri ve gerek faaliyeti bakımından, biraz Korkunç İvan'ı andırmaktadır; hele "fütihat siyaseti her iki çarı birbirine çok yaklaştırdığı gibi, iç idarede alınan cezri tedbirler de, esas itibariyle çok farklı olmakla beraber, her ikisinin de Rusya'da bir yenilik yapmak arzusundan doğduğu muhakkaktır [2,271-273].

Petro ölmeden önce yakınlarına, "Ben bir kanal açtırdım, bu bitmek üzeredir. Benden sonra gelenlerin vazifesi sadece bu kanalı tamamlamak ve suyu akıtmak oluyor." diye Rusya'nın durumunu ve geleceğini manalı bir şekilde ifade etmiştir. Gerçekten halefleri onun tespit ettiği esaslara harfiyen riayet etmiş, güney siyasetinde Karadeniz yoluyla boğazlara ve Balkanlara inme belli başlı hedeflerini teşkil etmiş. Türklere karşı yapacakları mücadele, Avusturya ile mümkün olduğu kadar müttefik olarak hareket etmeye çalışmışlardır [5,87].

Petro, bir vasiyetname ile haleflerini tespit etmeden ölmüştü. Menşikov 'un ve hassa olayları zabitlerinin istekleri üzerine tahta Petro'nun karısı çıkarıldı. I Katherina adıyla 1725 'den 1727 ye kadar hâkimiyet sürdü. Katherina'nın bıraktığı vasiyetname mucibince Petr Alekseyeviç tahta geçti ve II Petro adıyla (1727-1730) hâkimiyet sürmeye başladı. II Petro 1730 da çiçek hastalığından ölünce tahta Büyük Petro'nun kızı Anna geçirildi. (1730-1740) Anna'nın hâkimiyeti zamanında I Petro'nun koyduğu ekonomik prensipler devam ettirildi, sanayi müesseseleri

devlet tarafından korundu ve o nispette köylü zümresinin durumu daha sıkı bir hal aldı [2, 276].

КАЙНАҚСА

1. *Nisbet Bain*, Peter the Great and His Pupils. (1689—1730.), Excerpts from CHAPTER 17 of the Cambridge Modern History
2. Akdes Nimet Kurat, Rusya Tarihi, Türk Tarih Kurumu Basımevi, Ankara 1987, S.537
3. *Erdoğan Keleş*, Rusya'nın Sıcak Denizlere İnme Politikası (Alman Deniz Yüzbaşısı Stenzel'e Göre İstanbul'a En Kısa Yol), Ankara Üniversitesi Dil ve Tarih-Coğrafya Fakültesi Tarih Bölümü Tarih Araştırmaları Dergisi, cilt 28, Sayı 46, S.316
4. *George Vernadsky* (2011), Rusya Tarihi, Çev. Doğukan Mızrak-Egemen Mızrak, Selenge Yayınları, İstanbul 2011, S.590
5. *Mehmet Saray*, Türk-Rus Münasebetlerinin Bir Analizi, Milli Eğitim Bakanlığı Yayınları, Ankara 1999, S.280

Zulpharova E. – Doç.Dr. Ahmet Yesevi Üniversitesi, Türkistan.

Deligöz D. – Yüksek lisans, Ahmet Yesevi Üniversitesi, Türkistan, e-mail: dilerdd69@gmail.com

Зулпхарова Э.Ө. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ.

Делигөз Д. – магистрант, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ., e-mail: dilerdd69@gmail.com

Зулпхарова Э. – кандидат исторических наук, доцент университет Ахмет Ясави, г. Туркестан.

Делигөз Д. – магистрант, университет Ахмет Ясави, г. Туркестан e-mail: dilerdd69@gmail.com

Zulpykharova E. - Candidate of Historical Sciences, Associate Professor Ahmet Yasavi University, Turkestan.

Deliguez D. - master student, Ahmet Yasavi University, Turkestan e-mail: dilerdd69@gmail.com

ӘОЖ: 297.1:958.45

Н.Қ.КАТТАБЕКОВА

ТҮРКІСТАН ӨҢІРІНДЕГІ ӘУЛИЕЛІ ЖЕРЛЕР

Мақалада қасиетті Түркістан өңіріндегі әулиелі жерлер туралы анықтамалық ақпарат беріліп, киелі орындарға зиярат ету, әулиелі жерлерге байланысты аңыздар орын алған. Сонымен қатар қазіргі таңдағы исламдағы әулиелерге сиыну мәселесі талданады.

Тірек сөздері: Әулие, әулиелі жер, Түркістан, Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи, Гаухар ана, Жылаған ата, Укаш ата.

Н.К.Каттабекова

Святые места в окрестностях Туркестана

В статье рассматривается вопрос места и роли исламской культуры в возникновении человечества посредством повышения религиозной грамотности современного поколения.

Ключевые слова: святой, святые места, Туркестан, Арыстан баб, Ходжа Ахмет Ясауи, Гаухар ана, Жылаған ата, Укаш ата.

N.K.Kattabekova

The holy places in the Turkestan neighborhood

This article deals with the question of the place and role of Islamic culture in emergence of mankind by means of increase in religious literacy of modern generation.

Keywords: saint, holy places, Turkestan, Arystan bab, Khoja Ahmet Yassawi, Gauhar ana, Zhylagan ata, Ukash ata.

Anahtar kelimeler: kutsal, kutsal yerler, Türkistan, Arystan bab, Hoca Ahmet Yassawi, Jylagan ata, Ukaş ata, Gauhar ana.

Әулиелерді құрметтеу қазақ халқының діни өміріндегі ең маңызды құбылыстардың бірі, бұл жағдай исламға дейінгі наным-сенімдердің сақталуы нәтижесінде діннің құрамдас бөлігі ретінде қалыптасты. Қазақстанда әулиелік ежелгі наным-сенімге негізделгенмен, ислам дінінің негізгі қағидалары секілді бірігіп кеткен. Әулиелермен әулиелі жерлер ислам діні кең қанат жайған жерлерде көп кездеседі. Мындаған жылдар бойы халықтың әулиеге деген сенімі діннен бұрын нығайды.

Ғылыми әдебиеттерде «әулие» сөзіне мынадай түсініктер берілген. *Әулие* «алвалийу» – араб сөзінен шығып «жақын болу, дос болу, жаратушыға жан тәнімен берілу, жақын дос болу» деген мағынаны білдіреді [1, 116 б.]. Ислам дінінде әулие жоққа шығарылмайды, қайта таза дін ұстанушылар, Алланың досы, керемет қасиетіне ие, дін жолындағы адам деп

құрметтелінеді. Ислам энциклопедиясында «әулие» ұғымына былайша анықтама берілген: «Әулие» (араб тілінен аударғанда-желеп-жебеуші) – «ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгендігімен халық сеніміне ие болған қасиетті тұлға» [2, 94 б.]. Ш.Уәлиханов зерттеуінде: «Қазақтарда аруақты қастерлеу салты қазіргі күнге дейін өз күшінде. Олар басына қауіп төнгенде мұсылмандардың әулие-әмбиелеріне сиынатын, аруағын көмекке шақырады. Қазақтар аруақтарға бағыштап төрт түліктің қайсысын болсын құрбандыққа шалады. Мінәжат етіп, аруақтың басына (моласына) барып түнейді. Құрбандық шалады, өзінің қолы жетпей жүрген көкейтесті арманын өтеуді тілейді» деп атап көрсетеді [3, 89 б.]

Діни наным бойынша адам тағдырына ықпал жасайтын «қасиетті», «киелі жан» [4,18б.]. Қазақстан ұлттық энциклопедиясында: «әулие – (араб. желеп-жебеуші) ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгендігімен халық сеніміне ие болған қасиетті тұлға» – деген анықтама берілген [5, 18 б.]. «Жақын тұратын» деген түсінік кеңейе келе ескі араб тілінде «уәли» сөзіне ауысып, кейіннен «көмектесетін», «ғажайып иесі» құдайға жақын тұрушы деп құрметтеле бастады [6, 29-30 бб.].

Әулие адамдар ақылды, терең ойлы, әділ, шыншыл ретінде бейнеленеді. Олар әрқашан да өмірден жапа шеккендерге қол ұшын беріп, көмектескен, мейірбандылық көрсеткен. Ғалым-этнограф С.Әжіғали «Әулиелерді пір тұту және әруақтарға сену сарқыншақтары» мақаласында кең мағына береді: «Әулиеге табыну негізінде ортодоксальді (алған бағыттан, ұстанған принциптен қайтпайтын) мұсылмандық қағидаларына қайшы әулиеге табынушылық өз кезегінде ислам тегінде кең қанат жайып келеді. Ата-бабаларды, жергілікті желеп-жебеуші рухтарды құрметтеуге негізделген бұл ғибадат табынушылық феодалдық қоғам идеологиясында (санасында) жеке отбасы ғана емес, бүкіл ру-тайпаларының әл-ауқатының артуы деп түсінгендіктен қоғамның әлеуметтік саласына бойлай енді. Сол себепті бұл айрықша құбылыстың сарқыншақтары бүгінгі таңда да берік орын алып отыр [7, 51 б.].

Қабірлерге, әулиелерге зиярат ету – қазақ салт-дәстүрлерінің ықпалды бір бөлігі, ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбие институты. Әулиелер қоғамымызда ерекше маңызға ие болып отырғанын жоққа шығара алмаймыз. Ислам дінін танып-білуге деген жаңаша бетбұрыс еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана басталды.

Көптеген жағдайларда киелі орындарда «түрлі» ғұрыптық шара, іс-әрекеттер жасалады. Киелі орынның киелі болуы – ондағы кешеннің халықтың санасында туған діни-мифологиялық таным-түсінік, ғұрыптық әрекеттердің және оның ертедегі ескерткіштермен қаншалықты байланыстылығында. Халық арасында, соның ішінде қазақтың дінге сенуінде маңызды орын алған – әулиеге табыну, исламдағы жаңа дін рухына сәйкес, жаңа пайымға әкелген көптеген құдірет күштер туралы ұғымдарды сақтаған ежелгі идеялардың ықпалымен қалыптасты.

Исламға дейінгі ұғымның көптеген элементтерін бойына сіңірген қазақы әулиеге табыну өзінің негізгі идеялары жөнінен ислами рухты білдіріп, оның орнығуына көмектесті. Өйткені, ел арасындағы ислами ықпалдың әсері белгілі бір дәрежеде аңыздар мен әңгімелерден де байқалады. Әулиелерге табыну рәсімінде дұға ғана ресми исламға сәйкес келеді. Негізінен ғибадатта да, тәу етудегі сапарлар рәсімдері де исламға дейінгі діни іс-әрекеттер негізінде – анимистикалық наным-сенімде, сиқыршылық, табиғат күші мен құбылыстарының, ата-бабаларға табыну және бақсылық негізінде қалыптасты.

Қазақстанның әр аймақтарында көптеген дәстүрлі «әулиелі орындар» мұсылмандардың рухани өмірінде күні бүгінге дейін ғибадат орны болып қала беруде.

Түркістан аумағы қаншама тарихи кезеңдер мен оқиғалардың куәсі бола білген қастерлі өңір, бабалардың батасы, аналардың аманатын арқалаған қасиетті мекен. XII ғасырда әсіресе Қ.А.Ясауи көшіп келген соң ерекше атаққа ие болған. Оның өлімінен соң сол жер де кейін киелі жерге айналған үлкен кесене салынды.

Арыстан Баб кесенесі. Арыстан баб ерекше адам болған. Ол аңыз бойынша Қ.А.Ясаудің ұстазы мен жол бастаушысы болып саналады. Сол аңызға сүйенсек, о дүниеге кетер алдында Мұхаммед пайғамбар Арыстан бабқа аманат тасбиғын берді, ал ол 11 жастағы бала Қожа Ахмет Ясауиге ұсынады. Арыстан баб XII ғасырда жерленген. Жуықтап сол кезде кесене де салынған. Қазіргі сақталған кесене XX ғасырдың басында салынған. Бірінші бөлмеде Арыстан баб орналасқан, екіншісінде – шәкірттері Хермет-баба, Қарға баба, Лашын баба жерленген. Арыстан баб кесенесі жанында емдеу қасиеті бар өте тұзды сулы құдық бар.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Аңыз бойынша, қайтыс болғаннан кейін де кереметтері жалғасын тапқан Ахмет Ясауи Ақсақ Темірдің түсіне кіріп (Риуаят бойынша бұл Бұхараны алатындығы жайлы сүйіншілейді. Иылдырым А. Қ.А.Ясауидің хадис мәдениеті) жеңіске жететіндігімен сүйіншілейді. Ақсақ Темір шамамен 200 жылдан соң х 799/1396 жылы Ясауидің қабірін зиярат ету үшін Түркістанға келеді. Зияраттан соң сол дәуірдің сәулет өнерін көрсететін бір кесене салғызуга бұйрық берген.

Ахмет Ясауи бүкіл ғұмырын қарапайым халықты тура жолға шақыруға арнады. Араб тілінде жазылған Құранды, хадистерді түркі тілінде әр адамның бойына сіңіруге аянбай еңбек етті. Диуани хикмет атты еңбегінде Аллаға деген махаббатын, пайғамбарымыз Мұхаммедке с.а.у. деген сүйіспеншілігін, бұл өмірдің сынақ ретінде уақытша екенін, өлімді жие еске түсірумен, материалдық құндылықтардан гөрі рухани жан тазалығына мән беру керек екенін өлең жолдарымен жеткізе алды. Өзінің діни сауаттылығымен, қарапайым мінезімен, шыншылдығымен мындаған шәкірттер тәрбиеледі.

Яссауиға тариқатының рухани-моральдық ұстанымдары тек қазақ халқын ғана емес, түбі бір түркі халықтарын бір дүниетанымға ұйыстыра

білді. «Түркістан пірі» (яғни «түркі жұртының пірі»), «Түркі машайығы», «Әулиелердің сұлтаны» деген атаулар Яссауи ілімінің осы ерекшелігін аңғартады. Әсіресе қазіргі татар, түркімен, қарақалпақ, қырғыз, түрік халықтарының қазақ жұртымен рухани тұтастығы – аталған халықтарға да яссауи тарихатының кеңінен тарағандығының нәтижесі. Яссауи ілімі бүгінгі әлемдік қауымдастықта да түркі халықтарын ынтымақтастырушы басты факторға айнала алады [8,112б.].

Ахмет Ясауидің кесене жанына жерленуі дала көшпенділері үшін орны ерекше болды. Ахмет Ясауи қабірінің жанынан жерленгендер үшін қияметте шапағатшы болатындығы сенімі кең тарағандықтан, Қырғыз бен Қазақ түркілері қайтыс болған жақындарын сол жерге әкеліп жерлейтін.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Ахмет Ясауи кесенесі, оның айналасындағы жер дала ақсүйектерін жерлейтін орынға айналды. Қазақ тарихының ұлы тұлғалары хандар, билер, батырлар жерленген.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ішінен тек атақты Абылай хан (1771-1780жж.) қабірі жан-жақты зерттеледі [9]. Жетпіс жасында қайтыс болған Абылай хан Қожа Ахмет Ясауи жатқан қабірхананың шығысындағы дәлізде, қабірханаға кіретін шығыс есігі алдына қойылған [9,20 б.]. Бұл дәстүр «Қожа Ахмет Ясауидің Орта Азия түркілігіне қаншалықты ықпал еткендігін айқын көрсетеді» [10, 25 б.]. Кесене қазіргі күннің өзінде түріктер үшін Ясауи мәдениетінің орталығы [10, 83 б.] болып табылады. Кесене тұрған жердегі мешітке «Жәми Хазірет» және Түркістан қаласында Хазіреті Түркістан немесе Хазрет [11, 79-83 бб.] дейді.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі Қазақстанның тұңғыш жәдігері ретінде «ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра» [9,96 б.] тізіміне енген. Қожа Ахмет Ясауидің құрметіне Халықаралық қазақ-түрік университетінің негізі қаланды.

Ахмат ата кесенесі. Ахмат ата Әлі Қожа ата мен Гаухар анамыздың ұлы. Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың немересі. Ахмад атаның мазараты Түркістан қаласынан 8 км Қарашық аулының батысында орналасқан. Жергілікті тұрғындар оны Қырық қапқалы Қарашық деп атап кеткен.

Гаухар ана кесенесі. Түркістан қаласынан 3 км Яссы аулы аймағында орналасқан. Гаухар ана Қожа Ахмет Ясауидің қызы. Ұлы Хазірет Сұлтан Ибрагим бала (жеті жасында) кезінде қайтыс болған. Гаухар ананың емшілік қасиеттері арқасында көптеген адамдарға көмек көрсеткен. Кесене маңында емдік қасиеттері бар артезиан суы шығатын құдықтар орналасқан. Аңыздарға сүйенетін болсақ, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен Гаухар ана кесенесі арасында жерасты жолы бар. Қожа Ахмет Ясауи 63 жасында жерасты қылуына түскен кезінде, Гаухар ана өмірден өткен. Қылуынан күн шуағына шықпау үшін қызының мазарына барып тұруға Гаухар ана кесенесіне дейін жерасты жолы салынған деген аңыз айтылады.

Гаухар ананың өмірден өткеніне қанша уақыт өтсе де кесенеге зиярат етушілердің саны азаяр емес. Аңыздарға сүйенсек, Алладан сұрау үшін, осы Гаухар ананың мазаратына келіп ауруына шипа іздегендер өте көп.

Әлқожа ата мазараты. Бұл мазарат Түркістан қаласынан 3 км Яссы ауылында орналасқан. Құлпытастағы жазулар ескіріп қарайып кеткен.

Шахан ата кесенесі. Байдібек бидін ұрпағы, гұмыр бойы бабасының шырақшысы болған делінеді. Өсиеті бойынша мазары бітеу, есік жасалмаған. Гауһар ана кесенесінен 5 км қашықтықта орналасқан. Түркістанда жерленген.

Ғашық Жүсіп ата кесенесі. Бұл кесене Түркістан қаласының оңтүстігінде 22 км қашықтықта Иқан деген ауылда орналасқан. Тарихи деректерге сүйенсек, Жүсіп ата Қожа Ахмет Ясауидің замандасы болған. Иқан ауылының жергілікті тұрғының Иулдаш Нұршиддинұлының жеке мұрағатында Жүсіп ата туралы деректер [12,143 б.] табылған. Бұл деректерге сүйенсек Қожа Ахмет Ясауи Түркістан қаласының әкімі қызметін атқарған. Әкімнің бұйрығымен Жүсіп ата Иқан ауылына өкіл болып жіберілген. Ол кезде Иқан ауылы өзінің жүзімдерімен барлық елге танымал болған. Ахмет Ясауи Иқанға келгенде оны жүзімнің он екі түрінен жегізген. Жүсіп ата сопылық ілімді толығымен меңгеріп, жоғарғы кемел дәрежесіне жетіп әулие атанған.

Жүсіп ата туралы аңыз әңгімелер жетерлік. Намазға әзірлік жасап жатқан Ахмет Ясауидің суын оның шәкірті Хакім ата алып жуынып қояды. Бұған ұстазы үндемейді. Келесі күні Ахмет Ясауи Хакім атаны түйеге отырғызып: «Түйе қай жерде тоқтаса, сол жерге түсесің» деп бұйырады. Түйе Хакім атаның айқайына да қарамай, тоқтамай Әмурадария, Сырдарияны өтіп, Хорезмнен бірақ тоқтайды.

Ахмет Ясауи барлық шәкірттерін шақырып Хакім атаны кім Хорезмнен алып келе алады деп сұрағанда ешқайсысы үндемейді. Сонда Жүсіп ата тұрып Хакім атаны әкелуге келісімін береді. Сонда Ахмет Ясауи Жүсіп атаға шатырға шық деп бұйрық береді. Жүсіп ата шатырға шыққанда, шатыр эппақ түйеге айналады. Жолға шығар алдында Ахмет Ясауи шарт қояды. Хакім атаны әкелер кезде қолын байлап әкелесің дейді. Жүсіп ата жол бойы Хакім атаның қолын бос қойып Түркістанға жақындағанда ғана қолын байлап әкеледі. Хазіреті Сұлтанның алдына келгенде ол Жүсіптің бұл ісі дұрыс емес екендігін айтады. Жаза ретінде Жүсіп атаны үш рет қамшымен ұрады [12, 144 б.].

Жүсіп атаның мазаратының жанында Аташ қожа мен Бейбіт қожаның мазараттары орналасқан. Екеуі де Жүсіп атаның туыстары болып келеді.

Көк шапанды әулие кесенесі. Бұл әулиенің кесенесі Түркістаннан 7 км қашықтықта Шобанақ ауылында орналасқан. Жергілікті халықтың айтуы бойынша, Әзірет Сұлтанның замандасы болған. Көк шапанды кей деректерде Көк тонды деп кездеседі. Аңыздарға сүйенсек Ахмет Ясауиге сұхбат құру үшін іздеп барады. Жәй бармай бүкіл өзінде бар кітаптарын арқалап барады екен. Ахмет Ясауи кітаптарын көріп отырып барлығын су толтырылған хаузға салып жібереді. Бұған таң қалған Көк шапанды әулие ұстазына қарап кітаптарды неге суға тастадыңыз, жарамсыз болатын болды деп сұрағанда, ұстазы жәймен хауздан кітаптарды ала бастап, «Кітап-білім

бұлағы» мен тек оның шандарын ғана қағып жатырмын деп құрғақ кітаптарды алғанда, Көк шапанды әулие бұл кереметке таңқалған екен [12, 144 б.].

Бүгінгі күні көкжөтел ауруына шалдыққан адамдар осы Көк шапанды әулиенің мазарының топырағымен емделуге болады деген сенімде. Ахмет Ясауи дүние сапарының алдында өзінің жаназасын шығаруды осы Көк шапанды әулиеге тапсырған деген аңыздар айтылады.

Тоғайлы әулие. Ежелгі Шаға қорғанының оңтүстігінде Тоғайлы әулиеге зиярат ететін жер бар. Сол жергілікті тұрғындарының деректеріне сүйенсек, Ахмет Ясауидің анасының ағасы (нағашы ағасы) болып келеді. Тоғайлы әулие Ахмет Ясауидің жас кезінде, Сайрамнан Түркістанға келгенде, үнемі оның жанында жүріп ақыл кеңесшісі болған.

Мұқым ата мазараты. Мұқым атаның мазары Қарнақ ауылында жақсы сақталған. Қарнақ ауыл аты алғаш рет Махмуд Қашқаридың «Диуаны лұғат ат түрік» еңбегінде кездеседі. М.Хашимовтың деректеріне сүйенетін болсақ Мұқым ата Ахмет Ясауидің шәкірті Сүлеймен Бақырғанидың немересі. Мұқым ата Қарнақ ауылына XVI ғ. ортасында келген. Бұл әулие туралы аңыз әңгімелер өте көп. Мұқым ата Түркістанға Ахмет Ясауидің басына зиярат ету үшін келеді. Оған бұл өлке өте қатты ұнап қалады. Тіней руынан шыққан ақсақалдарға осы жерде қалуға рұқсат сұрайды. Бұл кезде олар сол жерден арық қаздырып жатқан. Бірақ тіней руының ақсақалдары рұқсат етпейді. Сонда Мұқым ата ренжіп «арықтарың құмға толсын» деп кетіп қалады. Ертесіне жұмысшылар таңқалады кеше қазған арықтары құмға толып қалған. Мұқым атаның жәй ғана адам емес екенін білген ақсақалдар артынан атпен адам жібереді. Мұқым ата Жаңатасқа жақын Қарауңгірге дейін жетіп қалған, алғашында артқа қайтқысы келмеді. Бірақ аттағылар өтініп сұрағандықтан бір шарт қояды: «Мен аттарыңа мінбеймін, арқалап барсаңдар ғана қайтайын» дейді. Мұқым атаны Қарашыққа дорбаға салып арқалап қайтқан деген аңыз бар.

Қаландар сопының, Шейх Мухаммед Шабар баба, Тақия ата, Темір тәйек Қайридин ата мазараттары да осы Қарнақ ауылында.

Хазіреті Ұкаш атаның кесенесі. Ұкаш ата кесенесі Түркістан қаласының солтүстік шығысына қарай 55 км қашықтықта, Бабайқорған ауылына жақын тауда орналасқан. Кесененің жанында құдық бар. Кесенеге бару үшін Бірлік, Қарашық, Шипан, Жүйнек, Қызыл, Қарнақ, Шерт ауылдарынан өтеді. Ұкаш ата жайлы аңыздар бар.

Пайғамбарымыз Мұхаммед с.а.у. арғы дүниеге кетер алдында: - Жаратушы Алланың құлдары, менің дүниелік жолым аяқталды. Шариятқа сай мен кімде-кімнен қарыздар болсам қарызын сұрасын,-дейді. Сонда орнынан Ұкаш ата тұрып - Сіз маған қарыздарсыз, -дейді. -Сіз соғыс кезінде мені қамшыңызбен екі рет тартып қалғансыз. Батылдығына таңқалған сахабалар – Әй, Ұкаш! сөзіңді қайтып ал, қамшымен бізді қанша ұрсаң да ұр, пайғамбарымыздың қарызын біз өтейміз дейді. Ұкаш ата айтқанын қайтпай

тұрып алды. Сонда Пайғамбарымыз арқасын тосады, «Сіз мені жалаң арқама ұрдыңыз» - деп соңғы іш көйлегін де шештіреді. Пайғамбарымыздың арқасында Алланың мөрі жарқырап тұрады. Сол кезде Ұкаш ата қамшысын тастай салып – «Алланың Елшісі, мен тілегіме жеттім, Сіздің арқаңыздағы пайғамбарлық мөрді көру үшін осылай жасадым, мені кешіріңіз» - деп жылаған екен. Пайғамбарымыз Ұкаш атаның шынжүректен шыққан кешірім сөздерін естіген соң былай деп дауыстады: - «Кім де кім Ұкаш атаға барса, сол отты тозақтан аман қалады».

Ұкаш ата сол кезде Пайғамбарымыз Мұхаммедтің с.а.у. әскер басы болған. Оның кереметтілігі денесіне не қылыш, не жебе кірмеген. Дұшпандар не істерін білмей қулыққа барады. Намаз уақытысында артынан барып басын шауып тастайды. Сол басы шауылған жерде кесене салынып, басына құлпытас қойылады. Кесененің көлемі Ұкаш атаның қаны шашыраған жерді қамтыған. Кесененің оңтүстік батысына қарай бір сызық болып қызыл тастар жатыр. Бұл Ұкаш әулиенің қылышының іздері. Тағы жүз метрдей жер жүрсең құдық бар. Аңызға сүйенсек, бұл құдыққа Ұкаш атаның шабылған басы түскен делінеді. Бұл жәй құдық емес, киелі құдық. Бұл жерге зиярат етіп келген адамдар құдыққа шелек тастайды. Шелек толып шықса – күнәдан таза, мүлдем шықпаса күнәсі көп деген сенім қалыптасқан. Сол себептен Ұкаш атаның құдығынан су аларында әр бір адам өткенін ойлап, іштей қиналады. Бұл құдық келген адамдардың күнәлерын өлшейтін таразының қызметін атқарып тұратындай.

Жылаған ата әулиесі. Қарнақ ауылынан өтіп, Хазіреті Ұкаш атаның кесенесінен ары батысқа қарай жүре берсең Жылаған атаның үңгіріне барасың. Кентау қаласынан алпыс шақырымдай қашықтықта, тау бөктерінің ішінде Ақсерке деп аталатын жердегі үңгірді ел «Жылаған ата» деп атайды. Ерте заманда осы өңірде Құрышхан деген хан болыпты. Өзі сүйіп қосылған жары Шаш (кей деректе Шашты ана) анадан перзент болмапты. Перзентсіз бұл жалғанда қызық жоқ екендігіне көздері жеткен екі мұңлық бар дүниесін Алла жолына сарп етіп, Құдайдан бала тілеп, әулие аралап, тентіреп кетеді. Аяқтары жеткен әулиелердің бәрін аралап, «қос дуана» атанып, табандары тозып, Шеңгелді әулие деген жерге келіп жетеді. Осы әулиенің басына түнеген кезде тілектері қабыл болып, Шаш ана құрсақ көтереді. Аллаһ тағаланың рақымына, әулиенің шарапатына разы болған қос мұңлық әулие басын паналап, тұрақтап қалады. Ай-күні жетіп босанған Шаш ана бір мес (перделі бала) туады. «Құдайға не жаздық, Құдайдың бұл неғылған сынағы?», - деп еңіреген ата мен ана месті арқалап, үш жыл тау кезіп, қаңғып кетеді. Арбаның шайқатылуымен бе, не еңіреп жылаған атаның шыдамсыздығынан ба, әйтеуір, мес үш жылдан соң жарылып кетеді. Жарылған местің ішінен бір бала шығады да, ата-анасына қарап: «Сіздер мені жеті жыл арқалап жүруге шыдағандарыңызда мен сіздерге және халыққа құт әкелетін перзент болар едім. Енді мен сіздерге жоқпын, бірақ сіздерге мен ана дүниеде бала боламын», - деп тауға қарай қаша жөнеледі. Ата мен ана

тұра қуады. Қуып келе жатқан ата мен анаға бөгет болсын деп таудың бір үлкен қара тасын үш жасар бала көтеріп әкеліп жолға қояды. (Бұл тасты қазіргі кранмен көтерудің өзі қиын). Ақыры ата-анасы қуып жетуге айналғанда бала дәу жартасқа «Қара тас, жарыл!», - деп айқайлайды. Сол кезде таудан үңгір пайда болып, бала соған кіріп, жоқ болып кетеді. Үңгірдің екі жағына екеуі келіп, баласын шақырып жылап, екі көзден айырылған екен дейді көне аңыз.

Содан әлгі жер – Жылаған ата атанған. Қазір үңгірдің жарқабағындағы жылтыр тастан анда-санда сорғалап құйылып, қайта жоқ болатын суды көруге болады. Жылтыр таста пайда болатын бұл суды ел «Атаның көз жасы» дейді. Ал төмендегі бұлақты «Ананың бұлағы» деп атайды. Әулиенің қасиеті де осы жылтыр тастан тамшылайтын суда. Егер барған адам жылтыр тастан құйылып тұрған суды көріп, ішсе немесе жуынса, онда тілегі қабыл болады. Ал егер су жоқ болса, онда қабыл болмағаны деп есептейді.

Аңыз бойынша бұл ата сонда әлі де өмір сүруде. Ел арасында Жылаған ата әулие туралы мынандай да аңыз бар. Бір қойшы өмір сүрген екен. Әйелі екеуі көп жылдар бойы балалы болуды армандапты. Бір күні әйелі жүкті болып тері сияқты дорбаны дүниеге әкеледі. Дорбаға балдары сияқты барынша қарайды. Бір күні қолдарынан дорба түсіп ішінен жеті-сегіз жасар бала шығып тауға қарай жүгіріп кетеді. Ата-анасы оның артынан жүгіреді. Ерекше бала таяқпен жерді жүгіріп бара жатып ұрғанда құдық пайда болыпты. Сол құдықтың суын ішкен ата-анасы әрі қарай баланың соңынан кете барады. Үңгірдің аузына барғанда бала ата-анасының дауысына тоқтап, былай дейді: - Алланың еркімен біз бөлек өмір сүреміз және бір-бірімізді сағынатын болдық. Бірақ бұл Алланың еркі. Бұл сағыныш уақытша ғана. Қандай жағдай болмасын арттарыңызға қарамай елге оралыңыздар! –дейді. Сөйтіп үңгірге кіріп жоқ болып кетеді.

Ата-анасы көп жылап, еліне қайтады. Біраз жолдан өткен соң шыдай алмай арттарына қарап қояды. Қараса арттарынан таза мөлдір су өзен ағып келеді, бұлар қарағандары сол еді ол сол жерде тоқтап қалады. Балдарын сағынған ата-анасы осы суға қарап өздерін жұбататын болған.

Сол үңгірге барар жолда, таудың биіктігінде құдық орналасқан. 2,5-3 м тереңдікте су көрініп тұр. Құдықтың жан-жағында үлкен адам аяғының іздері бар. Құдықтан 6 км қашықтықта Палуантас тас деген жер бар. Осы жерден Жылаған ата үңгіріне дейін жол түскен. Бұл жол тасып жатқан су арнасы. Судың деңгейі көтерілген кезде ол астына қарай тамшылап ағып тұрады. Үңгірдің оң жағында кішігірім демалыс орны салынған (тапшан). Қанша ғасырлар өтсе де жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша, балдары жоқ ерлі зайыптылар, осы жерде түнегенен кейін міндетті түрде балалы болады деген сенім қалыптасқан.

Түркістан өңірінде бұдан көп әулиелі жерлер бар, зерттеулерді қажет етеді. Ал біздегі, көптеген мешіттердің қасиетті орындар мен әулиелерді пір тұтуға деген қарсы көзқарастары мен пікірлері уақыт өткен сайын айқындала

түсуде. Ол аз болса жер-жерлерде нағыз мұсылманның әулиелерге табынуына шектеу қою қажеттігі түсіндіріліп келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарында шарифат, аят-хадис, діни лекцияларды оқуы негізінде жинақталған тәжірибеге арқа сүйеп, оның қағидаларын басшылыққа алуда. Бұл үрдіске институт ретінде мүфтиат белсенді түрде қатысып келеді.

Қазақтың тұрмыс-тіршілігінде исламға дейінгі дәстүрдің қалдық-жұрнақтары өзін діни синкретизм ретінде, тұрмыстық немесе халықтық ислам ретінде көрініп, исламмен әрекетке түсе өзінің өміршендігін жалғастырып келеді. Сенім адам өміріндегі басты құндылық болып табылады. Ол адамдарды жақсылыққа жетелейтін бір позитивті энергия беретін күш [13]. Бүгінде қазақи исламды этникалық символдың құрамдас бір бөлігі етіп қарап, дәстүрлі мәдениеттің ажырамас бөлшегі ретінде қайта жаңғыртылуға талпыныс, елдің ұмтылысын оның қазіргі жаһандану заманындағы жұртымыздың өзін ұлт етіп сақтаудағы басты жетістігі деп айтуға болады. Әулиеге сиынып емес, оларды сыйлап өскен, сол тақуа жандар арқылы ақиқатты таныған, өзін таныған, Жаратушысын таныған қазақ халқы әулиені зиярат етіп, Құран бағыштайды. Зияратшының ниеті Аллаға серік қосу емес. Ал бұған қайшы іс-әрекет жасап, Алланы ұмытып, әруаққа табынып, тілекті әруақтан сұрап жүргендер болса, олардың іс-әрекеті қазақи дәстүрге, қазақи зиярат әдебіне мүлде қабыспайды. Қазір белгілі бір ағымдардың бел алып, зиярат мәселесінде сауатсыздықтың күшеюіне себеп болып отырғаны мәлім. Адам танымының шатасуы қазіргідей өтпелі кезеңдерде ерекше күшейеді. Елімізде пайда болған сансыз көп діни ағымдардың іс-әрекеті соған дәлел [8, 130 б.].

Сондықтан олардың басын қарайтып, күніміз түскенде ғана бірдеңе дәметіп түнеумен шектелмей, олар туралы ақпарат жинап, олардың рухани болмысын тануға да әрекеттену керек. Өйткені олар жөніндегі түсініктердің басым көпшілігі бүгінде естен шығарылған, білетініміз – азын-аулақ, оның өзінде де өңін адам танымастай етіп өзгертіп алған жарым-жан аңыздар ғана. Ал шындығында, қай әулиенің болмасын, аңызының астарында ғасырлардың ғана емес, мыңжылдықтардың сыры жасырулы жатыр. Ал «Аңыз түбі – ақиқат».

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Шалқаров Д.* Орталық Азияда матуридийа тарихындағы Хусам ад-дин ас Сығнакидің алатын орны. А., 2016. -168 б.
2. Ислам энциклопедиялық анықтамалық. –Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС., 2010. 94-б.
3. *Уәлиханов Ш.* Алтышаһарға сапар. /Аруақтар немесе онгондар-өлген ата-бабалардың рухы - Алматы: Атамұра, 2006. - 89 бет.
4. Араб-иран кірме сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі / Құрастырған Л.З.Рустемов. – Алматы: Мектеп, 1989. – 320 б.
5. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы: 9 т. / Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: Қазақстан энциклопедиясы Бас редакциясы, 1999. – 2 т. – 720 б.

6. *Гольдциэр И.* Культ святых в исламе (Мухамедданские эскизы). – М.: Огиз-гаиз, 1938. – 180 с.
7. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1- том: біртұтастығы және ерекшелігі / Құраст. С. Әжіғали. – Алматы: Арыс, 2005. – 328 б.
8. *Әбдірәсілқызы А.* Қазіргі өзекті діни мәселелер: Зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар. – Астана, 2014. – 232 бет.
9. *Мұхтар Қожа.* Оңтүстік Қазақстанның әулие жерлері / Жинақ. – Шымкент, «Нұрдана -LTD» баспасы -2013; -20 бет
10. *Камал Ераслан.* Ахмед Иесеви. Дивани хикметтен сечмелер. 25 б.
11. *Фуат Көпрүлу.* Илк Мутасаууфлар 79-83 бб.
12. *Мурадхан Хашимов.* Религиозные и духовные памятники Центральной Азии. –Алматы.«Сага» баспасы 2001 ж. 143
13. RebekahL. H.Rice Daniel Howard-Snyder. Special(double)issue approaches to faith. Guesteditorialpreface. IntJPhilosRelig(2017)81:1–6 DOI10.1007/s11153-016-9610-1

REFERENCES

1. *SHalkarov D.* Ortalyih Aziyada maturidiya tarihyindagy Husam ad-din as Sygnakidin alatyin orny. A., 2016. -168 b.
2. Islam entsiklopediyalyig anyigtamalyig. - Almatyi: «Aruna Ltd» JSHS., 2010. 94-b.
3. *Ualihanov SH.* Altyishaharga sapar./ Aruagtar nemese ongondar-olgen atababalaryn ruhy - Almaty: Atamura, 2006. - 89 bet.
4. Arab-iran kirme sozderinin kazagsha-oryissha tusindirme sozdigi / Hurastyrgan L.Z. Rustemov. – Almaty: Mektep, 1989. – 320 b. «Kazahstan» Ulttyiq entsiklopediyasy: 9 t. / Bas red. Ә. Nysanbaev. – Almaty:
5. Hazahstan entsiklopediyasy bas redaksiyasy, 1999. – 2 t. – 720 b.
6. *Goldtsier I.* Kult svyatyih v islama (Muhameddanske eskizyi). – М.: Огиз-гаиз, 1938. – 180 с.
7. Hazah halhyinyin dasturleri men әдет-guryiptary. 1- том: birtutastygyi jane ereksheligi / Hurast. S. Ajigali. – Almatyi: Aryis, 2005. – 328 b.
8. *Abdirәsilhyizyi A.* Hazirgi ozekti dini maseleler: Zertteuler, mahalalar, suhbattar. – Astana, 2014. – 232 bet.
9. *Muhtar Hoja.* Ontustik Hazahstannyin aulie jerleri / Jinah. –SHyimkent, «Nurdana -LTD» baspasyi -2013; -20 bet
10. *Kamal Eraslan.* Ahmed Iesevi. Divani hikmetten sehmeler. 25 b.
11. *Fuat Koprulu.* Ilk Mutasauuflar 79-83 bb.
12. *Muradhan Hashimov.* Religioznyie i duhovnyie pamyatniki TSentralnoy Azii. – Almatyi.«Saga» baspasyi 2001 j. 143
13. RebekahL. H.Rice Daniel Howard-Snyder. Special(double)issue approaches to faith. Guesteditorialpreface. IntJPhilosRelig(2017)81:1–6 DOI10.1007/s11153-016-9610-1

Каттабекова Н.Қ. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ., e-mail.ru: nkatabekova@mail.ru.

Каттабекова Н.К. – кандидат исторических наук, доцент, университет Ахмет Ясауи, г. Туркестан, e-mail.ru: nkatabekova@mail.ru.

Kattabekova N.K. - Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Ahmet Yasawi University, Turkestan, e-mail.ru: nkatabekova@mail.ru

ӘОЖ 93.930

Е.С.ӘБДРАМАНОВ, А.У.САМУРАТОВА

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Алаш қозғалысы ұлт-азаттық күрес жылдары шынығып, тәуелсіз Қазақ мемлекетін құруды көздеді. Қазақ зиялылары соғыс пен революция өршіп тұрғанда отаршылдыққа қарсы күресіп, жергілікті халықтың құқықтарын қорғауға талпынды. "Алаш" қозғалысы саяси, әлеуметтік және экономикалық мүдделерді қорғауға негізделген жаңа қоғамдық құрылысты ұйымдастыруда орасан зор жұмыстар атқарды.

Тірек сөздері: Алаш Орда, Кеңес өкіметі, автономия, халық, тарих, саясат.

Е.С.Абдраманов, А.У.Самуратова

Движение Алаш

Движение «Алаш» возникло в результате национально-освободительной борьбы, целью которой было создание независимого Казахского государства. Войны и революции усилили попытки казахской интеллигенции по защите прав коренного населения против колониального угнетения. Заслуга «Алаш» заключается в том, что они провели огромную работу по реструктуризации общественного строя для защиты его политических, социальных и экономических интересов.

Ключевые слова: Алаш Орда, Советская власть, автономия, народ, история, политика.

E.S.Abdramanov, A.U.Samuratova

The Alash Movement

The "Alash" movement was by the result of national liberation struggle, the purpose of that was to create an independent Kazakh state. The wars and the revolutions intensified the attempt of Kazakh intelligentsia on protection of the rights of indigenous peoples against colonial oppression. The merit of "Alash" is that they did a great job on restructuring of the social system to protect its political, social and economic interests.

Keywords: Alash Orda, Soviet power, autonomy, people, history, politics.

Anahtar Kelimeler: Alaş Orда, Sovyet iktidarı, özerklik, insanlar, tarih, siyaset.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде Ресей империясының шеткі аймақтарында қалыптасқан саяси жағдай Алаш қозғалысының саяси алаңға шығуына түрткі болды. Қазақ өлкесін басқарудың отаршылдық сипаты, экономикалық және азаматтық қысым көрсету, еркін көшіп-қонуға тыйым

салу, шұрайлы жерлерді тартып алу, патшаның жергілікті билеушілерінің зорлық-зомбылығы мен қатыгездігі жергілікті халықтың наразылығын тудырды.

Патша өкіметінің қатаң озбырлық саясатынан қарапайым бұқара халықты қорғау мақсаты сол кезеңде енді ғана қалыптасып келе жатқан жергілікті қазақ саяси элитаның басты ұстанымы болды [1]. Бұл қозғалыс өз атауын қазақтың аңыз-эпсаналарында жиі кездесетін Алаша хан есімін алды. "Алаш" сөзінің төркінінде барлық қазақ жерлерінің бір орталыққа бірігу идеясы, ұлттық мүддені қорғайтын тәуелсіз қазақ мемлекеттілігінің негізі жатыр [2]. Жаңа саяси ұйым құру бастамалары Әлихан Бөкейханов, Халел Досмұхамедов, Ахмет Байтұрсыновтың көзқарастары мен қызметінде байқалады. Алашорда басшылары үндеген бостандық пен теңдік идеясы қазақ поэзиясының шоқ жұлдызы Шәкәрім Құдайбердиев, дарынды ақын Мағжан Жұмабаев және т.б. қозғалыс қатарына қосылуына мұрындық болды.

Орыс патшасы II Николайдың тәжден бас тартуы, Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясының жеңіске жетуі, орыс либералдарын бастаған А.Ф.Керенскийдің саяси билікке келуі секілді маңызды өзгерістер отаршылдық құрсауынан арылуды мақсат еткен Алаш Орда басшыларына үміт отын жақты [3]. Бұл пікірдің растығына дәлел ретінде 1917 жылы наурыз айында Ә.Бөкейхановтың Торғай облысы бойынша Уақытша үкіметтің Комиссары болып тағайындалуын айтуға болады.

1917 жылдың 21-28 шілдесі күндері Орынбор қаласында өткен Бірінші жалпықазақ съезінде "Алаш" партиясының тұсаукесері болды. Осы съезде 14 мәселе бойынша маңызды шешім қабылданды, оның ішінде Ресейдің мемлекеттік құрылымы, шекараны айқындау, қоныстандыру мәселесі, дінге қарым-қатынас, қазақ әйелінің орны, Құрылтай жиналысы сайлауына дайындық. 1917 жылы қарашада Құрылтай жиналысы сайлауында "Алаш" партиясы басым дауысқа және 43 депутаттық орынға ие болды.

1917 жылғы 21 қарашада жарияланған "Алаш" партиясының бағдарлама жобасының бірінші параграфында: "Ресей - демократиялық федеративтік республика болуға тиіс. Федеративтік республика құрамындағы әрбір мемлекет дербес және өз бетінше басқарылуы қажет. Өкімет басында Құрылтай жиналысы тұрады. Президент Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума арқылы белгілі мерзімге сайланады. Елді Президент министрлер Кеңесі арқылы басқарады және Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума алдында жауапты болады. Заң шығарушы билік тек Мемлекеттік Думаның қолында шоғырланады, оның құқығы үкіметті бақылауға тиесілі. Сайлау құқығын шығу тегіне, дініне және жынысына қарамастан барлығы пайдаланады. Депутаттарды сайлау тікелей, тең және жасырын дауыс беру арқылы жүргізіледі" деп көрсетілген.

1917 жылы 13 шілдеде Орынборда Екінші жалпықазақ съезі өтті. Оның жұмысына Түркістанның барлық аймақтарынан делегаттар қатысты: Бөкей

губерниясы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Закаспий, Ферғана, Самарқанд облыстарынан. Шақырылғандардың арасында жаңа ғана құрылған Түркістан автономиясының басшысы Мұстафа Шоқай болды [4]. Съезді А.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, И.Омаров, С.Дошанов, С.Қадырбаевтар ұйымдастырды. Съезд төрағасы болып Б.Құлманов сайланды.

Съезд делегаттары Түркістанның оңтүстігінде аштық жайлағанын хабарлады. Халық бытыраңқы, жергілікті биліктің тәртіп орнатуға күштері жеткіліксіз екенін айтты. Осы хабарламаны талқылап съезд қарарының бірінші тармағында халыққа партиялық күресті тоқтатып, бірігуге шақырды. Күн тәртібінде келесі мәселелер қаралды: Сібір мен Түркістанның автономияға көзқарасы, қазақ аймақтарының автономиясы, халықтық милиция ұйымдастыру, ұлттық кеңес, білім беру, ұлттық қор, мүфти, халық соты, ауылды басқару, азық-түлік мәселесі.

Съездегі басты мәселе Қазақ автономиясын құру болды. Автономия туралы баяндаманы Ә.Бөкейханов жасады. Оның баяндамасы мен қазақ автономиясы туралы мәселе ерекше комиссия қарауына берілді. Комиссия атынан Х.Ғаббасов сөз алды. Баяндаманы талқылай келе, съезд мүшелері Уақытша үкімет құлағаннан кейін Ресей Республикасы сенім мен беделге ие биліктен айырылғанын атады. Азаматтық соғыс қаупі туындап, елде бассыздық өскен. Тығырықтан шығатын жалғыз жол барлық қырғыз аймақтарының халқы мойындайтын күшті саяси биліктің ұйымдастырылуы деп білді [5].

Съезд бірауыздан қырғыз облыстарының Автономиясы құрылсын және оған "Алаш" атауы берілсін деп қаулы шығарды. 25 мүшеден тұратын Уақытша халық кеңесі Алаш Орда құрылып, оның 10 орны өлкенің орыс және басқа ұлт өкілдеріне берілді. Алаш Орда үкіметі Семей қаласында орналасады деп шешілді. Жалпықырғыз халық кеңесінің төрағасы, үкімет басшысы лауазымына баламалы негізде Ә.Бөкейханов сайланды.

Съезд Кеңес өкіметін мойындамауды шешті. Қызыл әскерге Қазақстан аумағына кірген жағдайда тойтарыс беру үшін Ұлттық әскер құру туралы шешім қабылданды. Съезге қатысушылар Қырғыз өлкесіне кеңестік басқару жүйесінің орнауына жол бермеуге шақырды. Бүкілқазақтық съезде құрылған уақытша халық кеңесі Алаш Орда арқылы автономды өзін-өзі басқаруды нақты жүзеге асыруды бастау қажеттігін алға тартты.

Дегенмен, Алаш Орда басшылары Кеңес өкіметімен байланыс жасап отырды. Халел мен Жаһанша Досмухамедовтар В.И.Ленин және И.В.Сталинмен кездесті. Алаш автономиясының ұлттар ісі жөніндегі халық комиссары ретінде Сталинмен келіссөздерді Х.Ғаббасов жүргізді. Алашордашылар үшін "өмір мен өлімге" айналған Қазақстан автономиясы туралы мәселе келіссөздердің басты тақырыбына айналды. Нақ осы кезеңде аймақта жергілікті қазақ большевиктері пролетариат үстемдігін орнатуға кірісіп кеткен еді. 1918 жылы 7 сәуірдегі жеделхатында Ұлттар бойынша

Халық комиссары И.В.Сталин Ә.Жангелдинге: "Буржуазиялық-ұлтшыл топтар халықты әрі қарай қанау үшін автономия талап етіп отыр" деп жазады [6].

Осы уақытта Алаш Орда басшылары Орынборда Кеңес өкіметін құлатқан атаман А.Дутовпен, Самарадағы Құрылтай жиналысы Комитетімен, Омбыдағы Уақытша Сібір үкіметімен байланыс орнатты. Алашордашылар Кеңес өкіметімен күресу мақсатында Омбымен одақ құруға тырысты. 1918 жылдың маусымында Алаш Орда басшылары: "Алаш автономды аумағында Кеңес өкіметі шығарған барлық декреттер жарамсыз танылсын" - деп қаулы қабылдады. Алайда, Алаш Орданың автономды, дербес болғанын Омбы мен Ресейдің Жоғарғы билеушісі адмирал А.Колчак қаламады [7]. Олар тек Алаш Орданы өз мүддесіне пайдалануды көздеді.

1919 жылдың наурыз айында Колчак әскерлері Самара мен Қазанға шабуыл жасады, сәуір айында бүкіл Жайық бойын басып алды, Қызыл әскерді артқа шегіндіріп Еділге жақындады. Орайлы сәтті пайдаланып Алаш Орда үкіметі Торғай даласында Кеңестерге қарсы бүлік көтерді. Бірақ 1919 жылдың жаз, күз айларында Алаш Орданың күші сарқылып, большевиктердің күшті соққысынан байтақ далаға ыдырап кетті. Осылай Алаш Орда автономиясы өмір сүруін тоқтатты. 1919 жылы 21 желтоқсанда Семей облыстық "Алаш" комитеті бүкіл партияның атынан өз жақтастарын өлкелік революциялық комитетке бағынуға шақырды. 1920 жылы 5 наурызда Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі Әскери-революциялық комитеттің үкімімен Алашорда жойылды. 1919 жылы 4 сәуірде БОАК жариялаған қаулыда: "Кеңес өкіметіне қарсы соғысқа қатысқан барлық қырғыздар, Алаш Орда үкіметінің бұрынғы мүшелері мен қызметкерлері ешқандай қудалау мен жазалауға ұшырамайды" - деп айтылған. Алайда, 1920-1930 жылдары бұрынғы алашордашылар саяси қуғын-сүргінге ұшырап, сталиндік репрессияның құрбанына айналды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Sabol, S.*, Alash Orda. Russian Colonization and the Genesis of Kazak National Consciousness. -Palgrave Macmillan UK. 2003. pp 133-149.
2. *Özgecan, K.*, Territory and the Kazakh Nation: Bordering the Alash Orda. Queen's University Belfast Centre for International Borders Research Working Papers Series. 2014. pp 18-23.
3. *Kendirbay, G.*, The national liberation movement of the Kazakh intelligentsia at the beginning of the 20th century. Central Asian Survey 16, 1997. pp 487-515.
4. *Abazov, R.*, Creation of the Turkistan Autonomous Soviet Socialist Republic. The Palgrave Concise Historical Atlas of Central Asia. -Palgrave Macmillan UK. 2008. pp 78-79.
5. *Аманжолова Д.А.* Партия Алаш: история и историография. -Семей, 1993. - 137 с.

6. *Нұрпейісов К.* Алаш һәм Алашорда. -Алматы: Ататек, 1995. - 256 б.
7. *Smele, J.D.*, Civil War in Siberia: The Anti-Bolshevik Government of Admiral Kolchak, 1918-1920. Cambridge University Press, Cambridge. 1996.

REFERENCE

1. *Sabol, S.* Alash Orda. Russian Colonization and the Genesis of Kazak National Consciousness. -Palgrave Macmillan UK. 2003. pp 133-149.
2. *Özgecan K.* Territory and the Kazakh Nation: Bordering the Alash Orda. Queen's University Belfast Centre for International Borders Research Working Papers Series. 2014. pp 18-23.
3. *Kendirbay G.*, The national liberation movement of the Kazakh intelligentsia at the beginning of the 20th century. Central Asian Survey 16, 1997. pp 487-515.
4. *Abazov R.*, Creation of the Turkistan Autonomous Soviet Socialist Republic. The Palgrave Concise Historical Atlas of Central Asia. -Palgrave Macmillan UK. 2008. pp 78-79.
5. *Amanzholova D.A.* Partiya Alash: istoriya i istoriografiya. -Semej, 1993. - 137 s.
6. *Nurpejisoв К.* Алаш һәм Алашорда. -Алматы: Ататек, 1995. - 256 б.
7. *Smele J.D.* Civil War in Siberia: The Anti-Bolshevik Government of Admiral Kolchak, 1918-1920. Cambridge University Press, Cambridge. 1996.

Әбдіраманов Е.С. – тарих ғылымдарының кандидаты, Ахмет Ясауи университетінің доценті, Түркістан қ., *e-mail*: erbol.Abdramanov@ayu.edu.kz

Самұратова А.У. – тарих пәнінің мұғалімі, М.Әбенова атындағы жалпы орта мектеп, Түркістан қ.

Абдраманов Е.С. – кандидат исторических наук, доцент, университет Ахмет Ясави, г. Туркестан, *e-mail*: erbol.Abdramanov@ayu.edu.kz

Самуратова А.У. – учитель истории, общая средняя школа имени М.Абеновой. г. Туркестан.

Abdramanov E.S. - candidate of historical sciences, Associate Professor, Ahmet Yasavi University, Turkestan, *e-mail*: erbol.Abdramanov@ayu.edu.kz

Samuratova A.U. - history teacher, general secondary school named M.Abenova. Turkestan.

ӘОЖ: 958.4

М.С.САУЛЕМБЕКОВА

**«БІРЛІК ТУЫ» ГАЗЕТІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ
ҚҰНДЫ ДЕРЕГІ**

Мақалада «Бірлік туы» газетінің жарыққа шығу алғышарттары мен себептері, сондай-ақ газет беттерінде көтерілген мәселелер мен сол кездің қоғамдық-саяси өмірдің айнасы ретінде газеттің қызметін қарастырады. Сонымен қатар «Бірлік туы» мерзімдік басылымының Отан тарихы бойынша құнды тарихи дерек ретінде баға беріледі.

Тірек сөздері: мерзімді басылымдар, «Бірлік туы» газеті, Алаш, М.Шоқай, С.Қожанов, Х.Болғанбаев.

М.С.Саулембекова

**Газета «Бірлік туы» как ценный исторический
источник по истории Казахстана**

В статье прослеживается процесс выхода в свет газеты «Бірлік туы», а также проблемы, поднятые на страницах газеты и отражение в ней общественно-политической жизни края. Дается оценка этому периодическому изданию в качестве ценного источника по Отечественной истории.

Ключевые слова: Периодические издания, газета «Бирлик туы», Алаш, М.Шоқай, С.Кожанов, Х.Болғанбаев.

M.S.Saulembekova

The Newspaper "Birlik Tua" as a Historical Source

The article traces the process of publication of the newspaper "Birlik Tua" as well as the issues raised on the pages of Newspapers and reflected in its socio-political life of the region. Assesses this periodical as a valuable source on Kazakh history.

Key words: Periodic ediction, the newspaper «Birlik Tuy», Alash, M.Shokai, S.Kozhanov, X.Bolganbaev.

Anahtar kelimeleri: Dergiler, "Birlik tu" gazetesi, Alaş, M.Şokai, S.Kocanov, H.Bolganbaev.

Қазіргі кезендік тарихымызды тереңдеп зерттеп, асыл мұраларымызға тарихи баға беруде көп жұмыстардың атқарылып жатқаны шындық. Кеңес өкіметі кезінде тарихтан өз орнын иелене алмаған, кезінде қазақ халқының көзі, құлағы бола білген басылымдарды зерттеу, сараптау, жас ұрпаққа таныстыру бүгінгі күннің негізгі міндеті болып табылады. Тәуелсіз еліміздің тарихы, асыл мұралары еркін де ерікті, маңызды да мәнді еңбектермен толығуы заман талабы.

Кез-келген деректің пайда болуының объективті екендігін, деректің кездейсоқ, өзінен-өзі пайда болмайтындығын ескерсек, онда, Қазақстан

тарихының жазба деректерінің үлкен бір тобын құрайтын ұлттық мерзімді басылымдардың пайда болуының объективті алғышарттарының бірі, ол – ғасыр басындағы баспасөзге деген ұлттық қажеттілік, қоғамдық сұраныс деп айтуға болады. Қажеттіліктен басқа, баспасөз тасқа басылып шығып, оқырманға жетіп, келешекте тарихи дерекке айналғанға дейін оның мазмұнына, демек, деректік құндылығына әсер ететін бірнеше белестен өтетіндігі белгілі.

Қазақ халқының мүддесін қорғаған, бағдаршам іспетті жол көрсете білген, жүректері ел, туған жер деп соққан абзал азаматтардың ұйытқысымен дүниеге келген басылымдар шоқтығы әрдайым биіктеп тұрады сөзсіз.

Қазақстан Республикасының өз тәуелсіздігін алуы, қоғамдағы түбегейлі өзгерістер халықтың отандық тарихқа деген қызығушылығын оятты. Тоталитарлық жүйеде идеологиялық басылымдар оқиғаның шын көрінісіне жана көзқарас білдіруге жол бермегендіктен, республиканың шынайы тарихын көрсету мүмкін болмады. Қазақ тарихында ұлттың бірлігін, атамекен тұтастығын қорғаған ұлттық биресми басылымдардың дүниеге келуін сол кезде елде орын алған саяси оқиғалардан бөліп қарастыруға болмайды. Өйткені олардың пайда болуының өзі сол жағдайлармен тығыз байланысты. Саяси өзгерістерден бейхабар халық үшін елдегі оқиғаларды саралап түсіндіретін, хабар беретін көзі керек болатын. Қазақ мерзімді баспасөз тарихында ұстанған бағыттары мен мақсат-мүдделері бір арнаға тоғысумен ерекшеленетін, тарихтары мен тағдырлары ұқсас көптеген басылымдардың зерттеліп, ғылыми айналымға енуі қуанарлық жайт. Бейресми басылымдардың ішінде «Бірлік туы» газетінің де өзіндік орны, көтерген мәселелерінің күнделілігі жағынан салмағының бар екендігі анық.

«Бірлік туы» – алғашқы қазақ басылымдарының бірі. Патша өкіметінің тұсында шыққан “Қазақстан”, “Қазақ”, “Алаш” газеттері мен “Айқап” журналы. Аталған басылымдар үшін оның бірінші белесі, белгілі бір топтың, не жеке адамдардың газет шығармақ болып шешім қабылдап, сол мақсатта нақты істерге кірісулері, газет шығарудың қажеттігін негіздеп, тиісті орындардан рұқсат сұрап арыз беруі болды. Келешек басылымның қандай болып шығары да сол топтың не жеке адамдардың саяси көзқарастарына, қоғамдық позициясына байланысты еді.

Ол туралы тарихшы М.Қойгелдиев: «XX ғасырдың алғашқы он жылдығында қазақ ұлттық интеллигенциясы үшін жалпы елдік зәру мәселелерді көтеретін қоғамдық ойға қозғау салып, бағыт бере алатын газет-журналдар шығару үлкен қоғамдық мәселеге айналған болатын. Қарқаралы петициясында өкімет алдына қойылған негізгі талаптардың қатарында қазақтардың «күнделікті мұқтажын айқындап отыру үшін қазақ тілінде газет шығару қажеттілігі» деп айтылған еді», - дейді [1; 141 б.].

Егер большевиктер диктатурасына дейінгі дүниеге келген қазақ тіліндегі газет-журналдардың тарихына көз салсақ, онда олардың үш түрлі тарихи жағдайда жарыққа шыққандығын байқауға болады. Мысалы,

алғашқы қазақ тілінде шыққан газеттер “Түркістан уалаятының газеті” мен “Дала уалаятының газеті” арнаулы мақсатпен, патша өкіметінің қолдауымен шықса, 1907 жыл мен 1917 жылдың ақпаны аралығындағы шыққан газеттер мен “Айқап” журналы қазақ зиялыларының ұзақ жылдарға созылған, ерлікке тең, саналы іс-әрекеттерінің арқасында, патша өкіметінің жергілікті жерлердегі әкімшілік органдарының ресми рұқсатынан соң ғана дүниеге келіп, солардың қатаң бақылауымен шығып тұрған. Ал, Ақпан төңкерісінен кейін шыққан “Сарыарқа”, “Бірлік туы”, “Тіршілік”, “Үш жүз” және “Ұран” газеттері тіптен басқа тарихи кезеңде, біршама демократиялық жағдайда дүниеге келген.

Азаматтық ұйымдардың демеуімен Ақпан революциясынан соң Ташкентте Мұстафа Шоқай, Хайретдин Болғанбаев, Сұлтанбек Қожанов редакторлары болған «Бірлік туы», Семейде Халел Ғаббасовтың редакторлығымен «Сарыарқа» газеттері шықты.

1916-1917 жж. Ташкент қаласында қазақ зиялыларының «Кеңес» атты астыртын саяси үйірмесі жұмыс істеген. Осы «Кеңес» үйірмесінің төрағасы генерал Сейітжаппар Асфендияров, орынбасарлары М.Шоқай, Садық Өтегенов болатын. Үйірменің басшы органы - бюросының мүшелері Санжар Асфендияров, Қоңырқожа Қожықов, Сұлтанбек Қожанов, Алдабек Мангелдин, Серікбай Ақаев, Зұлқарнайын Сейдалиев, Әлімұхамбет Көтібаровтар еді. Осы саяси үйірме ұлттық идеяларды іске асыруды өзінің бағдарламалық міндеті ретінде алға қойған. Үйірменің баспасөз органына айналған «Бірлік туы» газеті болды. 1917 ж. 24 маусымнан 1918 ж. сәуір айының ортасына дейін Ташкент қаласында аптасында 1 рет шығып тұрған. Негізін қалаушы әрі алғашқы редакторы – М.Шоқай. Газетті шығару ісіне Х.Болғанбаев пен С.Қожанов тікелей атсалысты.

«Бірлік туы» басылымы толыққанды зерттеу жүзін көрмегенмен, ол туралы азды-көпті мағлұмат беретін еңбектер баршылық. Алғашқы мәліметтерді «Қазақ» газетінен кездестіреміз. Аталған басылымда мұғалім Уәлихан Ғұмарұлы деп қол қойған автордың: «Ташкенттегі» «Ықтият» союзын ашқан жастар «Бірлік туы» деген серіктік тағы ашып отыр. Мақсаттары: осы серіктік ақшасы атынан «Бірлік туы» деген бір газет шығармақ. Серіктіктің ағзалық хақы 10 сом. Газеттің жылдық хақы 5 сом. «Бірлік туы» газетін шығаруға әзірге ұйғарған кісі түркістандық алаш қозғалысының белсенді қайраткері болған Садық мырза Өтегенов. Садық Өтегенов өз қаржысына мектептер ашып, гимназияларда сабақ беріп, «халық мұғалімі» деп атанып, біртіндеп саяси күреске тартылады. Егер серіктіктің пұлы көбейіп кететін түрі білінсе, қаламының шеберлігімен танылып жүрген мырзаларымыздың бірін шақыруға да ойсыз емес. Серіктік жалғыз газеттен ғана тұрмай, әдебиет-матғұбат жағында қызмет етіп, халық арасында бұларды көбірек татуға һәм халықтың басқаша жетілу жолдарына қызмет етуге тырыспақ [2], - деген ақпарат жарияланыпты. Осы шағын хабар – ошарында Уәлихан Ғұмарұлы: «Бұл серіктікті ашуға себеп бұл күнде

Ташкентте шығарып тұрған Көлбай Тоғысовтың «Алаш» деген газеті бар. «Алаш» газетінің шыққаннан бергі халыққа жақсы пайдалы бір жол көрсете алмауы»- деп газеттің шығу себебін өзінше түсіндіреді.

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы 236-санында жарияланған. Онда: «Бірлік туы» атты қазақ газетінің 1 һәм 2 нөмірлері басқармамызға келді. Шығарушысы: Мұстафа Шоқай баласы. Газет жетісіне бір рет шығады. Жылдық хақы 5 сом, жарты жылдағы 3 сом, үш айлығы 1 сом 70 тиын. Баспасөздің ең керек уақытында көтерілген «Бірлік туына» құтты болсын айтамыз. «Бірлік туы» алаш ұранына жала жапқан марқұм «Алаш» газетіндей болмай, қазақ-қырғыздың шын қызметкері, шын жолбасшысы болуына тілектеспіз һәм солай деген үміттеміз. «Бірлік туының» адресі: г. Ташкент, ред. Газ. «Бірлік туы» [3],- деп хабар береді.

«Бірлік туы» газетінің жарыққа шығуын Ташкентте басылып тұрған «Туркестанский курьер» газеті деп қуана хабарлайды. «Обращение к казакам-киргизам» тақырыбымен жарияланған үндеу сол жайынан сыр шертеді: «Особенно нам неустроенному хоть как-нибудь киргизскому народу нужны напрячь весь нашу сил для защиты своих интересов. Успехов возможны при единение и единогласии всего нашего народа нужны, что требует момент от каждой нации. Для этой цели в Ташкенте организовано киргиз-казакское издательское творчество под казахцем «Бирлик туи» которые начало издавать газету «Бирлик туи». Мы этого ждали давным-давно, но откладывали возможности» [4].

С.Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» тарихи-мемуарлық романына да «Бірлік туы» туралы қысқа мәлімет беріледі. Онда: «Түркістан алашшыл оқығандары Ташкентте «Бірлік туы» деген газет шығарып, «Алашты» ұран қылып, советті сөгіп тұрды» [5],- деп жазылған. Осы жерде автор «Бірлік туы», «Жас азамат», «Үш жүз», «Тіршілік» газеттерінің керекті нөмірлерінің қолына түспегендігін тілге тиек етеді. «Әлеумет тарихына қарағанда, 1917-1918 жылғы саяси күрестің зор майданындай ұлы дүбірлерде оқыған адамдардың бәрі де сол заманда шығып тұрған газет, журналдардың айналасына жиналмақ. Егер де әлеумет қатысқандар маңайындағы газет, журналдардың бағытына риза болмаса, өздері бөлек газет, журнал шығарып, майданға шықпақ», - деген С.Сейфуллиннің сөзінде шындық бар. Ниеттері бір Алаш азаматтары «Айқап» журналы мен «Бірлік туы», «Қазақ» газеттерін өз пікірлерін ашық білдіретін мінберге айналдырғанын мұрағат материалдары растайды.

«Бірлік туы» газеті 1917 жылы Ақпан революциясынан кейін қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдай, сондай-ақ, ел ішіндегі әлеуметтік-экономикалық ахуал туралы хабарларды жариялап, елді бірлікке шақырып, азаттық жолындағы күрестің жаршысы болды. Газет қазақтардан басқа, қырғыз, өзбек, татар, т.б. түркі халықтарының арасына кеңінен тарады. 1917 ж. тамызда өткен Түркістан өлкесі қазақ-қырғыз съезі баспасөз туралы мәселе бойынша “жаңадан шыға бастаған “Бірлік туы” барша қазақ-қырғызға

ортақ болсын” деген қаулы қабылдаған. «Бірлік туы» басылымы бетінде Орта Азия, Қазақстан халықтарының саяси-қоғамдық, экономикалық, мәдени өмірі жайлы көптеген материалдары жарыққа шықты.

Газеттің алғашқы редакторы М.Шоқай болса, С.Қожанов редактордың орынбасары әрі жауапты хатшы, кейін редакторы болып қызмет істеген. Сұлтанбек Қожанов 1913-1917 жылдары Ташкент қаласында мұғалімдер семинариясында оқиды. Түрікшіл жастардың «Кеңес» ұйымын құрып, басқарады. 1917-1918 жылдары «Түркістан автономиясы» қозғалысының мүшесі, Мұстафа Шоқай негізін қалаған «Бірлік туы» газетінің бас редакторы қызметін атқарады. «Бірлік туы» Стамбулдағы «Сабақ» газетімен байланысып жатқан түріктік тынысы мейлінше кең басылым болды. Мұстафа Шоқайдың «Бәріміздің құбыламыз – өзіміздің ата жұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мұхаббат, уәзифа болмақ. Мұны ұмытпау керек!» – деген толғанысының басында тұрған «Бірлік туы» бұл! – деп кезінде газеттің азаттық күрес жаршысы ретінде бағасын берді [6].

Газет жабылар кезде Хайретдин Болғанбаев редакторы болды [7]. НКВД-ның тергеу хаттамасынан Хайретдиннің 1917–1918 жылдары Ташкентте «Бірлік туы» газетін шығаруға қатысқаны көрінеді [8]. Х.Болғанбаев – «Қазақ» газетінің тұрақты авторы. Сонымен қатар Хайретдин біраз уақыт түркістандық ұлт газеті – «Бірлік туының» редакторы болған және осы басылымның үздіксіз шығуына ат салысқан. 1928 жылы ОГПУ шешімімен «халық жауы» ретінде 5 жылға сотталып Батыс Сібірге жер аударылды. 1934 жылы айдаудан оралған соң Алматыға келген. Кейін қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданына қарасты Қапқанбек ауылына көшіп барып, сонда тұрақтап қалады. 1937 жылы саяси қуғын-сүргін кезінде тұтқындалып, сол жылы 21 қазанда Ташкент қаласында атылған. 1958 жылы 26 ақпанда ақталды [9].

1917 ж. қарашаның 26 күні басталған Қоқан қаласындағы Бүкілтүркістан мұсылмандарының IV съезі Түркістан мұхтариаты (автономиясы) атты ұлттық үкіметі жарияланғанда «Бірлік туы» газеті осы мемлекеттік құрылымның қазақ, өзбек, орыс тіліндегі үш баспасөз органының біріне айналды. Осы съезге делегат болып қатысқан С.Қожанов газет беттерінде тәуелсіздік идеясын насихаттауға белсене араласты. Түркістан мұхтариаты басшылығындағы ұлттық элитаның көшбасшылары М.Тынышпаев, С.Лапин, М.Шоқай, С.Ақаев, С.Өтегенов, Ә.Оразаевтар Алашорда үкіметімен байланыс орнатып, қазақ мемлекетінің тұтастығы мәселесін алғаш рет ұлттық идея ретінде күн тәртібіне қойды. Алашқа қосу мәселесін талқылаған съезд жөнінде «Сарыарқа» газетінің «Алаш хәм Түркістан» мақаласында «Съезде Алашқа қосылмаймыз деген ешкім болған жоқ: кәрі-жас, қарасы-төресі, байы-кедейі бірауыз болды» [10] деп ұлттық идеяның қолдау тапқандығы жазылды. Осындай саяси шараларды батыл іске асырған Түркістан өлкесінде Алаш қозғалысының Оңтүстік қанаты дербес

жұмыс жасағандығын айғақтайтын деректік және дәйектік негіздер жеткілікті. Алғаш рет бұл тұжырым Түркістандағы партия-кеңес органдарының ресми құжаттарында «Алаш Орданың» түркістандық бөлімі «Бірлік туы» газеті органымен аттас ұйым болды. «Бірлік туы» газеті 1917 ж. маусымынан Ташкентте шыға бастады. Аталған газетті ұйымдастырушылардың тұғырнамасы дәлме-дәл алашордашылардың тұғырнамасындай еді» [11; 184-185 б.] деген сипатта негізделді.

“Бірлік туы” Түркістан автономиясы мен Алашорда үкіметіне қолдау көрсетіп, бұл жөнінде “Түркістан автономиясы”, “Бостандық хәм автономия”, “Қоқан шаһарында болған жалпы мұсылман съезінің қаулылары”, “Сырдария қазақ-қырғыз съезі” деген мақалалар жариялады. “Бірлік туы” кеңестік биліктің Түркістан өлкесінде орнығуына наразылық танытып, оның таптық негізді басшылыққа алған саясатын сынайтын “Кім дос, кім қас?”, “Өзіміздің большевиксінгендерге”, “Қазақ халқының дұшпандары”, “Тұла бойы қан сасиды”, “Қоқан қырғыны”, “Мұстафа хаты”, т.б. мақалалар жариялаған.

Ақпан төңкерісінен кейін қалыптасқан демократиялық жағдайда Қазақстанның әртүрлі аймақтарында шығып тұрған қазақ тіліндегі газеттеердің бәрі де қазан төңкерісінен кейін большевиктер туралы мақалалар жаза бастады. «Қазақ» газеті бастаған ұлттық демократиялық бағыттағы басылымдар алдымен большевиктер тарапынан жалпы мемлекетке төнген қауіп туралы жазса көп ұзамай тікелей қазақтарға төнген қатер туралы айтып, халықты оларға қарсы күреске шақыра бастады. 1917-1918 жылдар барысында қазақ тіліндегі негізгі тақырыбы большевизмге қарсы күресі тарихы. Бұл ретте сол жылдары Алаш зиялылары бас қосқан екі орталықта – Ташкент пен Орынбор қалаларында шығып тұрған «Бірлік туы» газеті «Қазақтың» орны ерекше. Егер біріншісі қасиетті Түркістан жерінде өз үстемдіктерін орнатқан большевиктер туралы айтса, екіншісі ел таныған Алаш көсемдерінің Дала өлкесінде большевизмге қарсы жүргізген бітіспес күресі туралы айтылған.

Большевиктердің бүліншілік і-әрекеттерімен, 1917-ші жылан жылының күзінен бастап бетпе-бет кездесе бастаған Ташкенттегі қазақ зиялылары, олар туралы «Бірлік туы» газетінің 8 қарашасындағы 14 санынан бастап тұрақты жаза бастады. «Ташкентте болған оқиғалар салдарынан газетіміздің бұл нөмірі өз уақытынан кешігіп шықты. Оқушыларымыз айыпқа бұйырмағай» - деп қараша айының басындағы большевиктердің ұйымдастыруымен болған Ташкенттегі қантөгіс салдарынан газеттің кешігіп шыққан себебін айтудан басталған 14 санында «Екі талай күндер» және «Мемлекет халі» деген екі үлкен мақала басылған. Бұл мақалаларда Ресейде қазан төңкерісінен кейінгі қалыптасқан саяси жағдай туралы большевиктердің өкімет билігі үшін жан таласа жүргізіп отырған күресінің мемлекет үшін, жалпы ел үшін аса қауіпті авантюристтік іс екендігі туралы айтылған. Мысалы, бірінші мақалада «Россияның көп шаһарларында большевиктер Уақытша үкіметке қарсы бүлік

шығарып, мемлекеттің өз халқы бірін бірі қырып жатыр» делінсе екінші мақалада «Большевиктер Петроградты жеңіп алған бұрынғы үкімет орнына жаңа үкімет жасаған.. бұл үкімет Халық комиссарларының Советі деп атап, һәр министрлікті басқаруға бір-бір комиссар құрылған. Советтің төбе төрағасы Улянов деп оқырмандарды Кеңес үкіметінің құрлымымен таныстыра келе: «Петроградта басталған большевиктер төбелесі Россияның басқа шаһарларында болды. Көп жерлерде солдаттар мен қара жұмыскерлер үкіметке қарсы бүлік шығарып, көп қандар төгілді» -деп жаңа үкіметтің қол жеткізген алғашқы табыстарын халыққа жеткізді» [10; 96].

«Бірлік туы» газетінде «Түркістан автономиясы» деген мақалада: «Соңғы кезде бүтін Россияны астаң-кестең қылған большевик пулеметінің салқыны Түркістанға да жетті. Түркістанның я тұрмысына я табиғатына тура келмейтін большевик саясатын Түркістанда күшпен жүргізбекші болып орыстың солдаттары мен жұмыскерлері қару-жарақ жұмсап зорлықпен өкімет жүргізе бастады» - деп, жергілікті халқына жаткенес өкіметін большевиктердің Түркістанда да қарудың күшімен орната бастағандығын айтады. Ал, «қазіргі күй» деген мақалада большевиктердің Түркістан топырағында алғашқы нақты қадамдары туралы: «Большевиктердің үкімет басына мінгеннен бері қарай істеп жатқан істері халықты үркітіп отыр. Олар әділдік, туралықты бір жаққа тастап, зорлық-зомбылық жолына бет алды». Түркістан зиялылары газет беттерінде большевиктердің берген уәдесінің орындалмағандығын нақты түсіндіреді. Мысалы, сол жылдары қоғамдық саяси өмірге белсенді араласа бастаған түркістандық Алаш жастарының бірі Сұлтанбек Қожанов, «Большевиктер» деген мақаласында, бітім туралы: «Әзірге бар халге қарап айтсақ Россияның большевик үкіметі соғыс тоқтатылып бітім сөйлеспекпіз деген жарлығымен бұқараның көңілін аулағаны болмаса һеш патшалықтардың я досы, я дұшпанынан жылы жауап ести алмай сөзі ескерусіз қалып тұрса керек» – десе жер туралы: «Екінші бұқараға жағымды сөзі жер үлестіру болса, уәдесін орындау большевиктердің қолынан келмесе керек, бұл іс айтқанымен бола салатын іс емес. Бұл бір үлкен іс», -деп жазды.

1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін большевизм істі жаңаша жолға қоюға міндеттеді. Совет өкіметі баспасөз жүйесіне түбегейлі өзгерістер жасады. Баспасөз туралы декреттің, сөз бостандығы жайындағы саяси-идеялық күрестердің бекем ұстыны пролетариат көсемінің бағдарламасымен соғылды. Большевиктер билікке келгелі партиялық цензура кең қанат жайғаны белгілі. Лениннің әйгілі «Партия ұйымы және партиялық әдебиет» атты бағдарламалық еңбегі 1905 жылғы 17 қазан манифесі жария еткен бостандық шарттары арайымен жазылған-ды. Онда жобаланған ережелерді жүзеге асыру он екі жылдан соң, Большевизмге оппозицияда болған барлық газет-журналмен қатар «Қазақ», «Бірлік туы», «Сарыарқа» жабылды. «Әдебиет партиялық болуға тиіс. Партиялық әдебиет принципі толығымен өмірге енгізілу қажет. Партияда жоқ әдебиетшілер жойылсын! Әдеби іс

жалпы пролетарлық істің бір бөлігі болуға тиіс! Әдебиетшілер міндетті түрде партия ұйымдарына кіруі керек. Баспалар мен қоймалар, дүкендер мен оқу залдары, кітапханалар мен кітап саудалау орындары - осының бәрі партияға есеп беретін болуға тиіс!» деген лениндік ұрандар толығымен жүзеге асырылды. Осы кезде газет кеңес өкіметі тарапынан қысымшылық көріп, жабылды.

1918 жылдың сәуір айында «Бірлік туы» Кеңес үкіметі тарапынан жабылғанда Қ.Болғанбаев пен С.Қожанов педагогтік қызметке ауысты.

М.Шоқайдың, М.Тынышбаевтың, Х.Болғанбаевтың Қоқанд автономиясын құруы Сырдария, Ферғана, Самарқандтағы Әзімхан Кенесарин, Серкүл Алдабергенов, Есет Ақжолов, Санжар Әсфендияров, Сұлтанбек Қожанов, Қоңырқожа Қожықов, Нәзір Төрөқұлов, Алдабек Мангелдин, Сағдат Шағмарданов, тағы басқалардың ерен қайраткерлігі Алаш баласының қай өңірде, қай уақытта болмасын ортақ мүдде төңірегінде тұтаса алатындығын, азаттық сүйгіштігін аңғартты. Сондай-ақ, Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш қайраткерлерінің, Мұстафа Шоқай бастаған Түркістан қайраткерлерімен саяси, адами ынтымағы олардың азаттық жолында бірлесіп күресе алатындықтарын дәлелдеді. Оны олардың өзара қарым-қатынастарынан, басында А.Байтұрсынов пен М.Дулатов тұрған «Қазақ» газетінің, шығарушысы М.Шоқай мен Х.Болғанбаев болған «Бірлік туы» газетінің, Халел Ғаббасов, Имам Әлімбаев пен Райымжан Мәреков шығарған «Сарыарқа» газетінің бағыты мен мазмұнынан да айқын аңғартуға боларлық.

Алаш қозғалысының осы Алашорда кезеңі қазақ елінің мемлекет бола алатындығымен бірге, ең бастысы – халқымыздың бойында өз абыройы үшін күресе алар үлкен рухани жігердің бар екендігін, ел болып ұжымдасуға аса мүдделі екендігін, бостандықтың қадірін, теңдіктің бағасын білер дегдар сананың бар екендігін де қай жағынан болмасын әбден байқатты.

XX ғасырдың басындағы ұлт басылымдары ұлт өмірінің ажырамас бөлігі еді. Қазан төңкерісіне дейінгі, сол кезеңдегі, содан кейінгі қазақ халқының өмірі туралы, елдегі қалыптаса бастаған саяси ахуалдар туралы, большевиктердің билік тұтқасынан айырылып қалмау үшін жасап отырған іс-әрекеттері, елге төніп отырған қауіп-қатерлері жөнінде шынай фактілерді арқау еткен жарияланымдардың құны айрықша.

Мерзімді басылым тарихын, әсіресе, ұлттық баспасөз тарихын, бүгінгі күн талабына сай, ұлттық мүдде тұрғысынан қайта қарау төл тарихымызды толықтыра түсері, оларды тарихи дереккөзі ретінде пайдалану бұралаңы мол XX ғасырдағы қазақ тарихын тереңірек зерттеуге мүмкіндік берері анық. Өйткені, ел тарихының жазба деректер тобына жататын мерзімді басылымдардың, оның ішінде ғасыр басында дүниеге келіп, бірі қысқа, бірі ұзақ өмір кешкен бейресми, ұлттық бағыттағы демократиялық басылымдардың ұлт тарихына байланысты берер мәліметтері, жеткізер деректері мол.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Қойгелдиев М.К.* Алаш қозғалысы. Алматы: Санат. 1995. - 303б.
2. «Қазақ» газеті, 1917, 3 маусым.
3. «Қазақ» газеті, 1917, 7 шілде.
4. Туркестанский курьер. 1917 ж., 16 маусым.
5. *Сейфуллин С.* Тар жол тайғақ кешу. – А., 1977, 159 б.
6. *Ергөбек Қ.* «Үлкен Түркістан» үшін күйген. // Түркістан газеті. 22 қазан 2012 ж.
7. *Тұрсұн Х., Исаев М.* Сұлтанбек Қожанов және тұлғатану мәселелері. Электрондық ғылыми журнал «edu.e-history.kz» №1
8. *Borangaliula.* The valuable detail wich haz broken away from shanyraca Н. Bolganbaev Works. Edifications. Astana. 2005.
9. National encyclopedia. Vol.2 Editor: A.Nysanbayev. Almaty.1999.-720 p.
10. Алаш қозғалысы құжаттар мен материалдар жинағы. 1917 ж., желтоқсан, 1920 ж., мамыр -Алматы: «Алаш». 2005. Т.2. - 496 с.
11. Қазақстан коммунистік партиясы тарихының очерктері. Орысша екінші басылымынан ауд. –Алматы: Қазақстан, 1985. -735 б.

REFERENCES

1. *Hoigeldiev M.K.* Alash hozgalyisyi. Almatyi: Sanat. 1995. - 303b.
2. «Hazah» gazeti, 1917, 3 mausyim.
3. «Hazah» gazeti, 1917, 7 shilde.
4. Turkestanskiy kurer. 1917 j., 16 mausyim.
5. Seyfullin S. Tar jol taygaq keshu. – A., 1977, 159 b.
6. Ergobek H. «Ylken Tyrkistan» yshin kyygen. //Turkistan gazeti. 22 hazan 2012 j.
7. Tursun H., Isaev M. Sultanbek Hojanov jane tulgatanu maseleleri. Elektronnyiy nauchnyiy jurnal «edu.e-history.kz» №1.
8. Borangaliula. The valuable detail wich haz broken away from shanyraca Н. Bolganbaev Works. Edifications. Astana. 2005.
9. National encyclopedia. Vol.2 Editor: A.Nysanbayev. Almaty.1999.-720 p.
10. Alash hozgalyisyi hujattar men materialdar jinagyi. jeltohsan 1917 – мамыр 1920 j.j. -Almatyi: «Alash». 2005. Т.2.- 496 s.
11. Hazahstan kommunistik partiyasyi tarihyunyñ ocherkteri. Oryissha ekinshi basyilyimyinan aud. –Almatyi: Hazahstan, 1985. -735 b.

Саулембекова М.С. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ., e-mail: M.saylembek_55@mail.ru

Саулембекова М.С. – кандидат исторических наук, доцент, университет Ахмет Ясави, г. Туркестан, e-mail: M.saylembek_55@mail.ru

Saulembekova M.S. – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Ahmet Yasavi University, Turkestan, e-mail: M.saylembek_55@mail.ru

ӘОЖ 297.5

Н.КАТТАБЕКОВА

ДІНИ МӘДЕНИЕТ - ҰЛТТЫ БІРІКТІРУШІ ҰСТЫН

Мақалада бүгінгі ұрпақтың діни сауаттылығын арттыру арқылы исламдық мәдениеттің адамзат жаратылысындағы орны мен рөлін көрсету мәселесі қарастырылады. Жаһандану үрдісі жаппай өріс алған тұста адамзат баласы жан дүниесінің дұрыс қалыптасуына ықпал етер діннің, яғни «Құран-Кәрімнің» аяттарынан мысалдар келтірілген.

Тірек сөздері: ислам діні, ислам мәдениеті, діни сауаттылық, руханият, құндылық, жаһандану.

Н.К.Каттабекова

Религиозная культура является объединяющим принципом нации

В статье за счет повышения религиозной грамотности сегодняшнего поколения исламской культуры был рассмотрен вопрос о роли и месте человеческих существ. Процесс глобализации масса эпохи человеческая душа способствует установлению религии, аяты "Корана" являются примерами.

Ключевые слова: ислам, исламская культура, религиозная грамотность, духовность и ценности и глобализации.

N.K.Kattabekova

Religious culture is a unifying principle of the nation

In the article by enhancing religious literacy of today's generation of Islamic culture has been considered the question of the role and place of human beings. Globalization era mass of the human soul contributes to the establishment of religion, "Koran-Quran" are examples of signs.

Key words: Islam, Islamic culture, religious literacy, spirituality and values and globalization.

Anahtar kelimeler: Islam, islam kültürü, dini oku yazarlık, maneviyat ve değerleri ve küreselleşme.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас» дегенді ақын Абай айтып кетіп еді кезінде. Шынында да, адамның Алланы тануы ақ пен қараны, жақсы мен жаманды айқындауға, аңғара білуге көмектесетіні анық. Мынадай алмағайып заманда өмірлік маңызы зор мәселелер туындап жатқанда адам баласы оның шешімін Аллаға деген шүбәсіз сенімнен іздейтіні де рас.

Тәуелсіз Қазақстан тұсында жер-жерден мешіттер ашылып, үлкендеріміз де, жастарымыз да мұсылманшылыққа бет бұрып жатқандай

болып тұр. Мектеп жасындағы балаларымыз да жайнамазға бас қойып, бес парызының бірін болса да орындауға ден қойғандай. Десе де, аяғын шалыс басып, өзге ағымның жетегінде кетушілер де жастардың арасынан шығып жатқаны өкінішті. Сондықтан да исламның асыл мұраты неде екенін анық түсініп, оны бұрмалаушылардың іс-әрекетіне жол бермеуіміз керек. Оларға қарсы тұруымыз керек. Әрине, жат ағымдарға қарсы тұрарлық, алапат жойқын күшке «антивирус» болатындай тегеурінді діни біліммен қарулану бүгінгі күннің аса өзекті мәселесі болып тұр. Бұл ретте, ең алдыменен көмекке келетін діни мәселелер жөніндегі әр түрлі мекемелер және әр адамның өзінің «Құран-Кәрім» мен Мұхамед пайғамбар хадистерінің әрбір сөзін жан-тәнімен түйсініп, түсінуі болып табылады.

«Ақылды адамға иман парыз» дегенді айтқан да ұлы Абай. Демек, ақылы бар адам өз өмірін дінмен байланыстырып, мұсылманшылықтың бес парызын орындау арқылы жүрегіне имандылық ұялатады. Мейірім-шапағат, ынтымақ-бірлік секілді адами құндылықтарды бойына сіңіріп, қанағат, шүкіршілік сезімдерін бастан кешіреді. Адамды табиғаттың өзге жаратылыстарынан ажыратып тұратын үлкен қасиеті де осы дінге сенетіндігінде екені ақиқат. Адамзат баласы үшін рухани қажеттілік осы діни сауаттылықтан нәр алып, сусындаудан бастау алса керек-ті.

Бейбіт өмір сүруге бет алған адамзат баласы діннің түпқазық екендігіне ғасырлар бойы көз жеткізіп келеді. Өйткені, адамзаттың бірлігі туралы тұңғыш әңгіме алғаш рет дін тарапынан айтылған болатын. Дін - адамдарды ақиқат жолында біріктіруші күш деп танылады. Бүгінгі таңға дейін Ислам дінінің атқарып келе жатқан қызметі шексіз. «Дін - апиын» деп үйреткен кеңестік жүйе келмеске кетті. Ендігі жерде діни сауаттылықты арттырып, жастарымыздың дұрыс бағытты ұстануына ерекше көңіл бөлуіміз керек.

Өскелең ұрпақтың рухани жандүниесінің ойдағыдай қалыптасуы, олардың мінез-құлықтық даму мәселесі, ізгілік ізденістерінен туындайтын имандылық әрекеттері ата-баба қанымен сіңген ділімізден, ғасырлар бойы мойынсұнған дінімізден бастау алатыны анық. Осыған орай дінді гуманистік білім берудің ажырамас компоненті болып табылатын социомәдениет феномені ретінде зерттеу айрықша маңызға ие болмақ. Дін бұл шеңберде адам өмірінің басқа да салаларымен өзара әрекетінің арқасында мәдениеттің құрамдас бөлігі санатында қарастырылады [1].

Қазіргі кезде жастардың рухани-мәдени бағдарламаларында дін айрықша рөл атқарады. Оларды әлеуметтік-саяси, тарихи, рухани көзқарас мәселелері, көп жағдайда, әртүрлі діндер мен конфессиялардың айырмашылығына қатысты діни уағыздық ыңғайдағы мәселелер қызықтырады. Олар үшін дін күнделікті дәстүрдің бір түрі секілді танылады. Халықтың мәдени дәстүрін және ұлттық рухын қалыптастыруда діннің ықпалы зор. Бұл ретте мемлекеттік органдар, білім беру мекемелері, педагогикалық ұжымдар алдында қазақ қоғамы үшін дәстүрлі діндердің әлеуетін тиімді пайдалану маңызды.

Еуропа елдерінде бүгінгі таңда діни білім беру бір ұлтты біріктірудегі басты мәселе ретінде қарастырылып жатыр. Ал, Қазақстан қоғамындағы діннің ерекшелігін жергілікті әкімдіктердің діни бірлестіктермен бірлесіп, әр түрлі діни мерекелердің өткізілуінен байқаймыз. Мұндағы мақсат - еліміздегі түрлі діндерді ұстанушылар арасында экстремистік көзқарастардың орын алуына жол бермеу. Бұл мақсатқа азаматтардың рухани білім алуы, яғни кез келген жанның діни сауаттылығы арқылы жетеріміз анық.

Рухани білімді толықтырушы күш ретінде қарастырылатын діни білім беру мәселесінде аса байыптылықпен, қоғамның жаһандану талаптарын ескере шешім қабылдау керек. Тәуелсіздікке дейін дәуірде халқымыз жан-жақты қысым құрсауына түсіп, кеңестік идеология шеңберінде өмір кешіп, өзінің адами-ұлттық болмысынан, тарихи мәдениетінен, бүкіл рухани құндылықтарынан айырылып қалудың аз-ақ алдында болғаны белгілі. Бүгінде халқымыздың сол рухани мәдениетінің белді бір бөлігі - дінімізді қалпына келтіру мемлекеттік және ұлттық мәселеміз болып отыр. Бұл бағытта Үкіметіміз де барынша қолайлы жағдай тудыру мақсатында жұмыс атқаруда.

Қазақ халқының рухани жан дүниесінің басты өзегінің бірі – ислам. Қоғам өзегі – дін, дінсіз қоғам да болмайды. Екеуі де етене, бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Ал соның ішінде Алланың алдындағы шынайы хақ діни болып табылатын «Ислам» дініміздің қоғамға ықпалы, әрі қатынасы жағынан алар орны ерекше. Атам қазақтың: «Құдай бір, Құран шын, Пайғамбар хақ» - дегені дініміздің халық бойына сіңгенінің дәлелі.

Діни мәселелер қандай заманда болмасын қоғам үшін аса маңызды күрделі мәселелердің бірі болып келген. Қазіргі кезеңде дін қоғамның әлеуметтік және рухани өмірінің маңызды құрамы. Дін арқылы адамдар өздерінің дәстүрлі құндылықтарын қайта жаңғыртуға талпыныс жасайды.

Құранды ашып қарасаңыз, тікелей қауымдардың сөз еткені сияқты, бастан аяқ адам баласының бақытты ғұмыр кешуіне аса мән берген. Дін қоғамды реттейді және жер бетінде қала білуіне басты себепкер болады.

«Құрандағы» сүрелердің тізімі бойынша Фатиха сүресінің алғашқы сөзі «Әлхамдү лилләһи ... لله الحمد» «Мадақ, мақтау атаулының бәрі Алла Тағалаға тән» - деп жазылған болса, ең соңғы Нас сүресінің соңғы сөзі «уән - Нас ... وال ناس» яғни «Адамдар» мағынасында аяқталып жатуы бізге көп нәрсені білдіріп, тіл қатады [2]. Алла Тағала адамды жаратты, ол адам ұлт пен тайпаға бөлініп, ақыры біртұтас қоғамға айналды. Қай қоғам болса да жер бетіндегі жұмыр басты адам баласына ислам ауадай қажет. Ислам діні ру-тайпалық, ұлттық емес әлемдік ғасырларға да бейім әлемдік дін.

«...Расында бір қауым өз жағдайларын өзгертпейінше, Алла оларды өзгертпейді...» (Рағд сүресі, 11-аят) [2]. Осы аят қоғамның сипатын өте ашық атап өтеді. Қоғам ақылын, пікірін, ұстанымын, өмірін өзі өзгертуі керектігін және барлық нәрсені Алла тағала өзгертеді деп әрекетсіз отыруға болмайтынын көрсетті. Әлемді, қоғамды өзгертуге ұмтылу, болмаса

айналанды, тіпті болмаса отбасыңды, бәрі болмады дегенде өз басыңды өзгерту керектігі айтылған. Адам баласы өзінің сана-сезімі, ой-өрісі, ақыл-парасаты, бір сөзбен айтқанда, өз бітім-болмысы арқылы айналасына, яки өмір сүріп жатқан қоғамға қызмет етеді. Осы қызметінде ізгілік жолыменен жүріп, Құран аяттарымен сусындаса, ол қиянатқа, зұлымдыққа әсте бармасы хақ. Жүрегіне иман ұялатқан жан сол ізгілік нұрын өзінің ден қойған дінінен, ана сүтімен дарыған тілінен алатыны тағы рас.

Дүние жүзіндегі сан түрлі халық, әрбір мемлекет өз тарихын зерттегенде діни, рухани үдерістерді негізге алады. Адамзат баласын өзге жаратылыстан ажыратып, өзінің осы жаратылған барша жаратылыстың қожасы екенін, бірақ сол үшін осы әлемнің Иесі алдында жауапты екендігін сезіндіретін нәрсе – дін. Бұл кез-келген халықтың тарихи тағдырында діннің маңызды рөл атқаратындығын, оның рухани, мәдени өркендеуінің көкжиектерін айқындайтын негізгі фактор екендігін көрсетеді.

Адамзат тарихының өн бойына көз жүгіртер болсақ, онда діннің сол тарихтың басынан аяғына дейін толық қамтып жатқандығын көреміз. Қаншама рет «діннің ақыры келді» деген сөз айтылса да ол қазірдің өзінде әлемдік өмірдің негізгі қалыптастырушы факторларының бірі болып табылады. Діннің халықтар өміріндегі алатын орнының маңыздылығы соншалықты діндердің негізін түсінбей жатып, сол діндерді ұстанатын халықтардың мәдениеті туралы толық көзқарас қалыптастыру мүмкін емес. Дін адамдардың біріктіруші және жұдырықтай жұмылып, ұйыстырушы идеологиялық тетік. Дін - қоғамдық құбылыстардың ең берекеге шақырушы шам-шырағы. Сенім адам өміріндегі басты құндылық болып табылады. Ол адамдарды жақсылыққа жетелейтін бір позитивті энергия беретін күш [3].

Жасыратыны жоқ, соңғы кездері діни экстремизм деген тіркес қанат жайып барады. Әр елде, әр жерде қылаң беріп, бой көрсетіп жатқан террорлық әрекеттер талай адамның өмірін қиып, орасан зардабын тигізуде. Қырылып жатқан балалар да қаншама. Осындай жан түршігерлік оқиғаларды ислам дінімен байланыстырып жатқандар да жоқ емес. Ал, Бақара сүресінің 217 аятында «...**Бүлік жасау - кісі өлтіруден де ауыр қылмыс...**» деп бүліктік бөлінудің аса ауыр қиянат екенін айшықтайды. Қандай да бір қоғамға экономикадан да құнды ақиқат, ол бірлік болып табылады. Ал бір адамның жанын себепсіз қиюды; «**өзі бұрын адам өлтірмеген, жер бетінде бұзақылық бүлік жасамаған нақақ адамды өлтірген адам – барлық адам баласын өлтіргенмен тең болады. Ал егер біреуді тірілтсе, ол – барлық адамды тірілткенмен бірдей болады.**» (Мәйда сүресі, 32 аят) [4]. Демек, Құран-Кәрімге ден қойсақ, террорлық әрекет жасау мұсылманға тән қасиет емес. Оны Ислам дінімен байланыстырудың ешбір реті жоқ.

ҚР Президентін Н.Ә.Назарбаев 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Діни экстремизмді насихаттаудың алдын алу, әсіресе интернет пен әлеуметтік желіде оның жолын кесу жұмысын жүргізу керек.

Қоғамда, әсіресе, діни қарым-қатынас саласындағы радикалды көзқарасқа байланысты кез келген әрекетке «мүлде төзбеушілікті» қалыптастыру керек.

Бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандарды теологиялық тұрғыдан сауаттандыру қызметтерінің мақсатты жұмысы ұйымдастырылуға тиіс. Өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік рухында тәрбиелеу үшін қосымша қадамдар жасау керек.

Тірек сөздері. Дене тәрбиесі және спорт, спирометрия, денсаулық, қызметтік мүмкіндіктер, тыныс алу жүйесі, дене сапалары, жүйелі жаттығу, студенттер.

Б.С.Омаров, Г.Т.Ильясова

**Годовые изменения спирометрических показателей
студентов в возрасте 17-19 лет**

Физическая культура и спорт является вопросом социальным, так как повышение эффективности физической культуры и спорта среди населения остается в нижнем уровне. В обществе имеет место недоступности и недостатка специальных мест, повышающих здоровья детей подростков, взрослых. У студентов занимающихся спортом и физической культуры в зависимости от вида спорта происходит значительные изменения в физических качествах, сердечно-сосудистой и дыхательной системах. Учитывая, что социальные условия (на примере физической культуры и спорта) влияют на укрепление и улучшение биологического бытия, то ощущается актуальность этой проблемы. В этой научной статье исследованы годовые изменения спирометрических показателей студентов в возрасте 17-19 лет.

Ключевые слова. Физическая культура и спорт, спирометрия, здоровье, функциональные возможности, система дыхания, физические качества, системная тренировка, студенты.

B.S.Omarov, G.T.Ilyassova
Annual Changes of Spirometric Indicators of Students
at the Age of 17-19 Years

In this scientific article annual changes of spirometric indicators of students at the age of 17-19 years are researched. And also this question is social as increase in efficiency of physical culture and sport among the population remains in the lower level. In the society takes place of unavailability and a lack of the special places raising health of children of teenagers, adults. At the students playing sports and physical culture depending on sport occurs considerable changes in physical qualities, cardiovascular and respiratory systems. Considering that social conditions (on the example of physical culture and sport) influence strengthening and improvement of biological life, relevance of this problem is felt.

Anahtar kelimeleri: Beden terbiyesi ve spor, spirometri, sağlık, hizmetlik şanslar, hava alma sistemi, beden kalitesi, sistemli antrenman, öğrenci.

Key words: Physical culture and sport, spirometer, health, functionality, system of breath, physical qualities, system training, students.

Тұрғындар денсаулығын арттыру үшін дене тәрбиесі мен спорттың тиімділігін барынша жақсарту әлі ден болса төменгі дәрежеде қалып келе жатқан әлеуметтік мәселе. Мұны әдебиеттерге шолу жасағанымызда келесі ғалымдар да өз еңбектерінде дәлелдеп отыр.

И.В.Романова, П.Н.Новицкий, Г.Ф.Беренштейн, Meszaros, Szmodis сияқты бірнеше ғалымдар өз зерттеу еңбектерінде балалар мен жасөспірімдердің тұрақты спортпен шұғылдануы олардың өсу және даму кезеңдерінде ағзасының қызметтік мүмкіндіктері мен денсаулық жағдайына, дене дамуына жүйелі түрде оң әсерін тигізетінін атап көрсеткен [1, 2].

Дене тәрбиесімен және спортпен шұғылдану жасөспірімдердің дене сапаларында, жүрек-қан тамырлары мен тыныс алу жүйелерінде спорт түріне лайық өзгерістер қалыптастырады [3].

С.Б.Тихвинский, С.В.Хрущев, Я.Н.Бобко өз еңбектерінде жүйелі түрде спортпен шұғылдану әсерінен адамның тыныс алу жүйесінің бейімделу және қызметтік мүмкіндіктері жоғарылайтынын дәлелдеген. Бұл әсіресе спортпен шұғылданушылар мен шұғылданбайтын құрдастарының көрсеткіштерін салыстырғанда тыныс алу жиілігінің азаюымен және өкпенің желдетілу мөлшерінің өсуімен байқалады [4, 5]. Дене тәрбиесі факультеті білімгерлерінің дене дамуы, қызметтік мүмкіндіктері және денсаулық деңгейінің көрсеткіштері өздерімен қатар оқитын жаратылыстану-гуманитарлық факультеттегі білімгерлерден жоғары екендігін көрсетеді.

Ә.Ж.Тастанов “Дене тәрбиесінің мақсаты жастарды спорттық табысқа жеткізу ғана емес, олардың денсаулығын нығайту. Өйткені әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүрудің негізгі қайнар көзі денсаулықты сақтау қажеттілігінің жоғары деңгейіне жетуге болады” – деп көрсетеді [6].

Л.П.Матвеев, В.П.Филин, В.Г.Семенов, В.Г.Алабин, Е.Я.Бондаревский және т.б. қазіргі дене тәрбиесі теориясының негізін салушылар, дене жаттығуларының гигиеналық шаралары және табиғаттың нақты күштерінің өсіп келе жатқан организмге әсерінің ұйымдастырылған үдерісі, денсаулықты қорғау және нығайту, сонымен қатар, жеке бастың үйлесімді дамуы, қоғам талаптарына сай білімнің және дағдының дұрыс қалыптасу мақсатында жүзеге асыруды керек деп есептейді [7, 8, 9].

Г.И. Андреева, Ж.Бозтаев, М.Ф. Хорошуха, И.А. Потапов, т.б. дене тәрбиесін адам организмінің табиғи биологиялық дамуын әлеуметтік факторлардың ықпалы ретінде қарастыра отырып, халықтың денсаулығын қорғайтын мемлекеттегі әлеуметтік шараларды ұйымдастырудағы жеке бастың бойында кездесетін кейбір аурулардың алдын алу, сауықтыру жұмыстары мен қоғамдағы салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатын көздейді [10, 11, 12, 13].

Қазіргі уақыт талабына сай қоғамда дене тәрбиесінің негізгі мақсаты – денсаулықты қорғау және оны нығайту адамдардың әр түрлі әлеуметтік қызметтерді орындауына, құрылымдық және қызметтік дайындығының үйлесімді және жан-жақты дамуына әсер ету. Берілген мақсаттар мен мәселелердің бірлесуі алдын ала сақтандыру шаралады медицина мен дене тәрбиесі мамандарының күштерін біріктіруге әсер етуі керек [14].

Дене тәрбиесінің денсаулықты жақсартудағы ықпалын көрсету мақсатында өнер, жаратылыстану, әлеуметтік ғылымдар, инженерия, гуманитарлық ғылымдар факультеттерінде оқитын білімгерлерге жылдың төрт маусымында (қыс, көктем, жаз, күз) түрлі физиологиялық зерттеулер жүргіздік. Қолданылған зерттеу әдістерінің бірі - өкпенің тіршілік сыйымдылығын (спирометрия) анықтау.

Жүйелі жаттығу барысында тыныс алу жүйесінің қызметтік мүмкіншілігі артып, дем алып, дем шығару мен қимыл-қозғалыс бірлігі қалыптасады. Сол арқылы организм мұқтажығына пара-пар оттегі қамтамасыз етіледі. Тыныс алу жүйесінің сыртқы әсерлерге бейімделуі жүйке жүйесі және қан мен ішкі секреция бездері арқылы басқарылады.

Сыртқы тыныс алу жүйесінің негізгі көрсеткіштерінің бірі өкпенің тіршілік сыйымдылығы (ӨТС) болып табылады сондықтан оны анықтап, басқа факультеттің білімгерлермен салыстыруды жөн санадық.

Зерттеу жұмысымыздың алдына келесі міндеттерді қойдық:

- дене тәрбиесі мен спорттың 17-19 жастағы студенттердің өсіп-жетілуіне (спирометрия көрсеткіштері бойынша) әсерін анықтау;
- әр факультет білімгерлер арасындағы спирометрия көрсеткіштерінің маусымдық және жылдық өзгерістерін салыстыру;
- студенттердің университеттегі оқу жылдары кезіндегі спирометриялық көрсеткіштерінің жасқа байланысты өзгеруін анықтау;

Білімгерлердің өкпелерінің тіршілік сыйымдылығын анықтау портативті құрғақ спирометр құралы арқылы орындалды. Бірінші реттік

өлшем нәтижелері 100% деп қабылданды, одан кейінгі нәтижелердің осы көрсеткішке шаққандағы айырмашылығы статистикалық әдіспен есептелінді. Анықталған нәтижелер 1-кестеде көрсетілген.

Басқа факультет білімгерлерінің өкпе тіршілік сыйымдылықтарының көрсеткіштері кестеде көрсетілгендей болып табылады. Өнер факультеті дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің өкпе тіршілік сыйымдылығы әрбір кезеңдегі өлшемдерде жоғары деңгейден анықталды. Айырмашылық дәлдігі (t) статистикалық орташа сандардың сәйкестігімен сипатталады.

Өнер факультеті дене шынықтыру және спорт мамандығының студенттерінің өкпе тіршілік сыйымдылығы әр түрлі көрсеткіштерімен ерекшеленеді. Алғашқы бірінші өлшем пайызымен салыстырғанда, екінші өлшем уақытында 38 студенттің 24 пайызында (9 студент) өкпе тіршілік сыйымдылығы төмен деңгейден анықталды (103-108%). Мұндай нәтиже үшінші өлшем кезінде 5,26%-ға дейін кеміді, ал төртінші өлшемде мүлдем анықталмады. Демек, уақыт өткен сайын өнер факультеті дене шынықтыру және спорт мамандығының студенттерінің өкпе тіршілік сыйымдылығы жақсара түсті. Дене тәрбиесі аптасына 2 рет өтілетін басқа факультет студенттері мен спорттың әр түрімен күнделікті шұғылданатын өнер факультеті дене шынықтыру және спорт мамандығының студенттерінің арасындағы спирометрия көрсеткіштерінің айырмашылығы дене тәрбиесі мен спорттың жас организмнің өсіп-жетілуіне оң әсерін тигізетіндігін дәлелдеді.

Одан әрі әр факультет студенттерінің спирометрия көрсеткіштерінің маусымдық және жылдық өзгерістерін салыстырдық (1-сурет). Бұл өзгерістерден байқағанымыз, өкпенің тіршілік сыйымдылығы көрсеткіштерінің басқа факультет студенттерінде де маусымға байланысты және жыл өткен сайын жақсара түсуі. Бірақ өзгеріс қарқыны өнер факультеті дене шынықтыру және спорт мамандығының студенттеріне қарағанда төменгі дәрежеден көрінді. Бұл да дене тәрбиесімен және спортпен шұғылданудың денсаулық көрсеткішіне пайдалы әсерін айғақтайды.

Біз зерттеуге университеттің 1-курсына қабылданған бір жылда туылған ер балаларды таңдап алған болатынбыз. Олардың жасы – 17-18 жас аралығы. Өкпенің тіршілік сыйымдылығы жасқа, жынысқа, бой ұзындығына, дене салмағына, кеуде шеңберіне, спортпен шұғылдануына байланысты. Спортпен шұғылданатын студенттердің дене дамуының негізгі көрсеткіштері – дене салмағы, бой ұзындығы, кеуде шеңбері жыл өткен сайын жақсы жетіледі. Кеуде және тыныс алу бұлшық еттерінің жетілуі өкпенің серпімділігін арттырады, өкпенің сыйымдылығы артып, ауа алмастыру және диффузиялық қабілеті жоғарылайды. Осыған байланысты өнер факультеті дене шынықтыру және спорт мамандығының студенттерінің спирометриялық көрсеткіштері жыл өткен сайын жақсара түсті. Бұл құбылыс басқа факультет студенттерінде де байқалды, бірақ спортпен шұғылданушы студенттердің

көрсеткіштеріне қарағанда төмен (2-сурет). Бұл дене тәрбиесі мен спорттың тыныс алу жүйесінің көрсеткіштерін және жүйелі жаттығу барысында тыныс алу жүйесінің қызметтік мүмкіншілігін арттыратындығын тағы да дәлелдейді. Әрине, дене тәрбиесімен және спортпен шұғылданудың денсаулыққа пайдалы екендігін білеміз, бірақ оны салыстырмалы әдіспен көрсету ұғымдылығы әсерлі де көрнекі болып табылатындығын ескере бермейміз. Ендеше, деніміз сау болуы үшін бала күнімізден дене тәрбиесімен күнделікті шұғылдануды дағдыға айналдырайық.

1-кесте.

Зерттеуге қамтылған факультеттер	Студенттер саны	1-ші өлшем, %	2-ші өлшем (көктем)		3-ші өлшем (жаз)		4-ші өлшем (күз)		t
			M±m	σ	M±m	σ	M±m	σ	
Өнер	38	100	123.18±2.53	15.64	128.86±2.51	15.50	134.18±2.78	17.18	
Әлеуметтік ғылымдар	24	100	103.0±0.51	2.43	103.83±0.46	2.22	104.45±0.60	2.88	t = 7.82 7.49 7.43
Инженерия	38	100	104.02±0.68	4.23	104.39±0.71	4.43	105.02±0.74	4.57	t = 7.34 9.38 10.14
Гуманитарлық ғылымдар	33	100	103.90±0.59	3.43	104.51±0.56	3.26	107.75±0.60	3.46	t = 7.44 9.47 9.30
Жаратылыстану	37	100	105.02±0.79	4.85	105.75±0.84	5.13	107.83±1.05	6.41	t = 6.78 8.75 8.87

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Романова И.В., Новицкий П.Н., Беренштейн Г.Ф. Особенности двигательной подготовленности учащихся с различным уровнем физического развития //Вестник Витебский государственный университет им. П.М. Машерова (Витебск) ISSN: 2074-8566. №4 (6), 1997.
2. Meszaros S., Mohacsi J., Farkas A., Frenri R., Szmodis J. Development of explosive strength in boys ages 7 to 8 // Children and Exercise. Band 4. - Ferdinand Enke Verlag Stuttgart, 1990. - P.61.
3. National Sports in the Sphere of Physical Culture as a Means of Forming Professional Competence of Future Coach Instructors. Indian Journal of Science and Technology, Vol 9(5), DOI: 10.17485/ijst/2016/v9i5/87605, February 2016 <http://www.indjst.org/index.php/indjst/article/view/87605>
4. Тихвинский С.Б., Хрущев С.В. Детская спортивная медицина. – М.: Медицина, 1991. – 559 с.
5. Бобко Я.Н. Об ассоциации некоторых характеристик анамнеза, жалоб и данных физикального обследования детей с патологией позвоночника, определяемой в терминах мануальной медицины //Санкт-Петербургский государственный педиатрический медицинский университет. научная статья 4 (8) 2002. стр. 32-35.

6. *Тастанов Ә.Ж.* Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып дене тәрбиесі үрдісін жетілдіру мәселелері //Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы, №2 (29), 2011.
7. *Матвеев Л.П.* Теория и методика физической культуры /Учебник для институтов физической культуры. М., ФИС, 1991. - 543 с.
8. *Филин В.П., Семенов В.Г., Алабин В.Г.* Современные методы исследований в спорте: Учебн. пособие /Под общ. Ред. В.П. Филина. - Харьков: Основа. -1994. -132 с.
9. *Бондаревский Е.Я. и др.* Информативность тестов, используемых для характеристики физической подготовленности человека //Теория и практика физической культуры. 1983. - №1. - С. 23 - 26.
10. *Андреева Г.И.* Комплексная индивидуальная гигиеническая оценка здоровья студентов // Дисс...канд. мед.наук. –Казань, 1990.-184с.
11. *Бозтаев Ж.* Использование средств физической культуры в формировании здорового образа жизни студентов. Дисс... канд. пед.наук. Алматы, 1999. -138с.
12. *Хорошуха М.Ф.* Особенности изменений физической работоспособности и ее кардиореспираторного обеспечения у юных спортсменов под влиянием тренировочных нагрузок различной направленности. Дисс...канд. мед.наук. -Киев, 1989, -214с.
13. *Потанов И.А., Нугай В.Г., Потанова В.В., Сыздыкова Р.Т.* //Медико-биологический контроль при занятиях физической культуры и спортом. -А, 1990. с.82
14. «Forming of Professional Competence of Future Teacher-Trainers as a Factor of Increasing the Quality» // Middle-East Journal of Scientific Research 15 (9): 1272-1276, 2013 ISSN 1990-9233, DOI: 10.5829/idosi.mejsr.2013.15.9.11542 [http://www.idosi.org/mejsr/mejsr15\(9\)13/11.pdf](http://www.idosi.org/mejsr/mejsr15(9)13/11.pdf)

REFERENCES

1. *Romanova I.V., Novickij P.N., Berenshtejn G.F.* Osobennosti dvigatel'noj podgotovlennosti uchashhihsja s razlichnym urovnem fizicheskogo razvitija //Vestnik Vitebskij gosudarstvennyj universitet im. P.M. Masherova (Vitebsk) ISSN: 2074-8566. №4 (6), 1997.
2. *Meszaros S., Mohacsi J., Farkas A., Frenri R., Szmodis J.* Development of explosive strength in boys ages 7 to 8 // Children and Exercise. Band 4. - Ferdinand Enke Verlag Stuttgart, 1990. - P.61.
3. National Sports in the Sphere of Physical Culture as a Means of Forming Professional Competence of Future Coach Instructors. Indian Journal of Science and Technology, Vol 9(5), DOI: 10.17485/ijst/2016/v9i5/87605, February 2016 <http://www.indjst.org/index.php/indjst/article/view/87605>
4. *Tihvinskij S.B., Hrushhev S.V.* Detskaja sportivnaja medicina. – М.: Medicina, 1991. – 559 с.

5. *Bobko Ja.N.* Ob asociacii nekotoryh harakteristik anamneza, zhalob i dannyh fizikal'nogo obsledovanija detej s patologiej pozvonohnika, opredeljaemoj v terminah manual'noj mediciny //Sankt-Peterburgskij gosudarstvennyj pediatricheskij medicinskij universitet. nauchnaja stat'ja 4 (8) 2002. str. 32-35.

6. *Tastanov A.Zh.* Okushylardyn zhas erekshelikterin eskere otyryp dene tarbiesi urdisin zhetildiru maseleleri //Abay atyndagy KazUPU-din Habarshysy, «Bastauysh mektep zhfnе dene madenieti» seriyasy, №2 (29), 2011.

7. *Matveev L.P.* Teorija i metodika fizicheskoj kul'tury /Uchebnik dlja institutov fizicheskoj kul'tury. M., FIS, 1991. - 543 s.

8. *Filin V.P., Semenov V.G., Alabin V.G.* Sovremennye metody issledovanij v sporte: Uchebn. posobie /Pod obshh. Red. V.P. Filina. -Har'kov: Osnova. -1994. -132 s.

9. *Bondarevskij E.Ja. i dr.* Informativnost' testov, ispol'zuemyh dlja harakteristiki fizicheskoj podgotovlennosti cheloveka //Teorija i praktika fizicheskoj kul'tury. 1983. - №1. - S. 23-26.

10. *Andreeva G.I.* Kompleksnaja individual'naja gigenicheskaja ocenka zdorov'ja studentov // Diss...kand. med.nauk. –Kazan', 1990.-184 s.

11. *Boztaev Zh.* Ispolzovanie sredstv fizicheskoj kul'tury v formirovanii zdorovogo obraza zhizni studentov. Diss... kand. ped.nauk. Almaty, 1999. -138 s.

12. *Horoshuha M.F.* Osobennosti izmenenij fizicheskoj rabotosposobnosti i ee kardiorespiratornogo obespechenija u junyh sportsmenov pod vlijaniem trenirovochnyh nagruzok razlichnoj napravlennosti. Diss...kand. med.nauk. -Kiev, 1989, -214 s.

13. *Potapov I.A., Nigaj V.G., Potapova V.V., Syzdykova R.T.* //Mediko-biologicheskij kontrol' pri zanjatijah fizicheskoj kul'tury i sportom. -A, 1990. s.827

14. «Forming of Professional Competence of Future Teacher-Trainers as a Factor of Increasing the Quality» // Middle-East Journal of Scientific Research 15 (9): 1272-1276, 2013 ISSN 1990-9233, DOI: 10.5829/idosi.mejsr.2013.15.9.11542 [http://www.idosi.org/mejsr/mejsr15\(9\)13/11.pdf](http://www.idosi.org/mejsr/mejsr15(9)13/11.pdf)

Омаров Б.С. – PhD доктор доцент м.а, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ., e-mail: Bahitzhan01@mail.ru

Ильясова Г.Т. – аға оқытушы Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ., e-mail: gulnara_7116@mail.ru

Омаров Б.С. – PhD доктор, и.о.доцент, университет Ахмет Ясауи, г. Туркестан, e-mail: Bahitzhan01@mail.ru

Ильясова Г.Т. – старший преподаватель, университет Ахмет Ясауи, г. Туркестан, e-mail: gulnara_7116@mail.ru

Omarov B.S. - PhD doctor, p.d. Associate Professor, Ahmet Yasawi University, Turkestan, e-mail: Bahitzhan01@mail.ru

Иyasova G.T. - Senior teacher, Ahmet Yasawi University, Turkestan, e-mail: gulnara_7116@mail.ru

ӘОЖ 372. 358 045

Г.Д.АШИКБАЕВА, Қ.М.ЕРКІНБЕКОВА

**ОҚУШЫНЫҢ БІЛІМІН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ
БАРЫСЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Мақалада жалпы білім беретін мектептегі жоғары сынып оқушыларын оқу-тәрбие жұмыстары барысында технологияға дайындау жолдарының өзгеруіне байланысты оның кезеңдермен ерекшеленетіні қарастырылған. Яғни, мектеп бағдарламаларының тақырыптары оқушыларға түсінікті және іс-әрекетте қолайлы болу мақсатында, оны практикалық сабақтармен байланыстыру ұсынылған. Сонымен бірге жоғары сынып оқушылары пайдалы өндіріске қатысып технологияға үйретілді, күшейтілді. Оқушыларды технологияға дайындаудағы мақсатымыз – олардың материалдық өндіріс саласында практикалық қызметке дайындығын қалыптастыру. Оқушының білімін еңбек жолына, тәрбиелі болуына, белсенді жұмысшыны еңбекқорлыққа бағдарлауды қамтамасыз етуге бағытталатыны нақтыланған.

Тірек сөздері: еңбекке оқыту, политехникалық білім беру, кәсіби бейімделу, Технология, технологиялық оқыту, политехникалық оқыту, технологиялық үдеріс.

Г.Д.Ашикбаева, К.М.Еркинбекова
Формирование знания ученика в ходе
технологической подготовки

В данной статье рассматриваются пути подготовки к технологиям в связи с изменениями и периодическими особенностями в ходе учебно-воспитательных работ со старшеклассниками в общеобразовательных школах. То есть были в целях того чтобы темы учебных программ были понятны и удобны в применении для учеников. Также были усилены участие старшеклассников в полезном производстве и обучении. Наша цель в подготовке учеников к технологии – это формирование их подготовки к практике в сфере производства. Также было отмечено важность направления обучения необходимой для применения знаний в труде, в развитии воспитания ученика и активного трудолюбивого работника.

Ключевые слова: обучение труду, политехническое образование, профессиональное адаптирование, Технология, технологическое обучение, политехническое обучение, технологический процесс.

G.D.Ashikbaeva, K.M.Erkinbekova
Forming knowledge of the pupil in the progress
of technological preparation

This article discusses the question of accustom high school students to professional work and conformity of the content of the educational process to the future operations of students, and to find effective ways of productive areas of training. It was proposed to establish a link between the themes of the school of theoretical programmes and practical sessions with the aim of providing clear and effective learning. In addition, high school students could participate in the production of, and trained in needed technology. Our goal is to prepare students to technology is the formation of their training to practice in the field of production. It was also noted the importance of training needed to apply knowledge in work, in the development of the education of a student active and hardworking employee.

Keywords: labour training, Polytechnic education, professional adaptation, technological training, technical training, technological process.

Anahtar kelimeler: Emek eğitimi, politeknik eğitim, profesyonel adaptasyon, teknoloji, teknoloji eğitimi, politeknik eğitim, teknolojik süreç.

Қоғамның қазіргі уақытта жаңа технологиялармен, оның мазмұнының барлық салаларындағы өндірістік және әлеуметтік жүйелердің практикалық қызметімен анықталады.

Қазіргі замандағы білім танымдық және тәрбие мақсаттарын ғана шешпейді. Сондықтан оқушылардың білімі әлеуметтік-педагогикалық мәселелер ретінде қаралуы қажет.

Білімді жаңарту қажеттілігіне қоғамдық дағдарыстың әсерлері, әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің болуы және әлемдік бірлестіктің дамуы немесе өнеркәсіптік орындарға ауысуы жатады. Осы уақытқа дейін болып жатқан жағдайлар мектеп білімін құруда анықталып, өнеркәсіптік қоғамның құрылу үрдісінде философиялық концепция негізінде қоғамдық ортаның бөлшектері, оның әлеуметтік-экономикалық даму құралы ретінде жүзеге асыруға бағытталған. Білімнің құрылу және қызмет ету негізіне материалдық өндіріске қатысты тұлғаның қабілеті кешендік бағдарламаның негізі ретінде дайындалған. Осы мақсаттарды қамту үшін педагогикалық жүйе жасалған, онда оқушы оқытушы жағынан әрекеттену объектісі ретінде қарастырылады. Мұндай педагогиканың мәселелеріне қоғамның белсенді қатысуы және білім мақсаттарын шешуді қамтуы, педагогикалық ізденістер керек. Осыған орай, аталған білім жүйесінің кемшіліктері де және жетістіктері де маңызды рөл атқарады.

«Технология» пәнінің негізгі бағыты жеке тұлғаның даму негізінде оның жетістіктері мен қоғамдық деңгейлерін анықтау. Атап айтқанда, қазіргі қоғамда білім, ғылым және мәдениетпен қатар, материалдық, ішкі дүниелік

құндылығы өндірістің негізі болып табылады. Сондықтан дәстүрлі технократиялық білім жүйесі өндірістік емес саласында жиі қарастырылады.

Баланың қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес әлеуметтік-кәсіптік және олардың білім алуға ұмтылу бағыттарын анықтайтын адамның өмірлік қажеттілігі шығады. Яғни білім мақсаты әлеуметтік құндылық қызметіне ену үшін адам және оның қоғамға қажетті қабілеттігінің дамуы болып табылады.

80-ші 90-шы жылдары аралығында мектепті ұйымдастыру үдерістері кең баламалау негізінде қарастырылған болса, ал 1988 жылы ақпанда болған шешімдер қолдау тапты. Онда оқушылардың жеке қабілеттерін дамытуға назар аудару, дифференциалдық оқытудың сұраныстары мен бейімділіктерінің сәйкестігін кеңейту, арнайы мектептер мен сыныптардың басқада пәндерді терең оқыту байланысын дамыту туралы шешім қабылданған. Аталған қаулыны қамту үшін 1988 жылы жалпы орта білім Концепциясы жасалынды.

Ал 90-шы жылдардың басындағы елдегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жаңа құнды бағдарларды дайындауға тұлғаны дамыту мақсатында білімнің мақсаттарын жасайтын қабілеттілігін арттыруға алып келді.

Педагогиканың жаңа негіздерге көшуі, оқу үдерісін ұйымдастыру және жаңа жағдайлар жасау қажеттіліктерін анықтайды, онда адам таңдау мүмкіншілігі мен өмірлік жолын табуға қол жеткізеді.

Жалпы, білім жүйесін реформалаудың мынандай үш ерекшелігі бар:

1. Білімнің тұрақты дамуы (мазмұндары, түрлері, әдістері).
2. Тұлғаның дамуы (әмбебап өзін-өзі дамыту қабілеттіліктері).
3. Білімді қоғамның дамуының басты факторына айналдыру.

1993 жылы елдің жалпы білім беретін мекемелерінің білім саласындағы инварианттық негіздерді оқытуға ең аз сағат санын анықтайтын Негізгі оқу жоспарын жасап, бекітті. Онда оқу жоспарындағы оқытудың жеке сипатын қамту балалардың қызығушылықтары мен мүмкіншіліктері арқылы қарастыру керектігі нақтыланған. Жалпы оқу жоспарына сәйкес еңбекке дайындау және оқушылардың кәсіптік бейімділіктерін анықтау мақсаттарында «Технология» білім саласы ретінде шешуге тиісті. Сонымен 1998 жылы технологияға және еңбекке үйретуге аптасына 1-11 сыныптарда 2 сағаттан бөлінген, ал 9-шы сыныпта сызу сабағына 1 сағаттан қосылған. Осыдан қоғамдық пайдалы және өнеркәсіптік еңбек оқу жоспарының жобасынан шығып кеткеннен байқауға болады.

Сондықтан технологиялық білімнің және политехникалық білімнің диалектикалық бірлікте, сонымен бірге бір-бірімен байланыста болатынын көріп отырмыз. Осыларды саралай келе ғалым В.А.Поляковтың пікірінше [1] «политехникалық білім қазіргі заман өндірісіндегі жалпы бөлімдерді, механикалық, химиялық, биологиялық, энергетикалық технологияларды қамтитын, жалпы еңбектік оқулар мен дағдыларды базалық құралдар арқылы қалыптастырады» десе, ал В.С.Леднев «политехникалық білім технологиялық

қызметтің білім саласындағы оқушылардың дайындықтары жалпы және кәсіптік білімде» дейді [2]. Ал С.Я.Батышевтің ойы бойынша «политехникалық оқыту жүйесі жалпы еңбектік пен арнайы кәсіптік-техникалық білім мен дағдыларына бағытталған» [3].

Яғни адамзаттың өнеркәсіптік кезеңге енуі еңбекке оқыту концепцияларын ойлау қажеттілігі мен политехнизм принциптерінің жаңа жобаларын толықтыруы болып табылады. Осыған орай, П.А.Атутов: «адамның технологиялық еңбек мәдениетін жүзеге асыру және оның практикалық қызметте белсенді қатысу қабілеттілігін дамыту туралы мақсаттары» деген болатын өз еңбегінде, сонымен қатар ол технологияны ғылыми білімді пайдалану түрі ретінде өзгерту қызметінің құралы деп түсіндірген [4]. Атап айтқанда политехникалық және технологиялық жүйелердің негізгі айырмашылығы – оқыту мақсатының құралы болып табылады.

Политехникалық және технологиялық жүйелердің негізгі айырмашылығын оқыту – «Технологияның» басты мақсаты деп көрсетеді П.А.Атутов [5]. Политехникалық білімнің негізгі мақсаты қазіргі заман өндірістерінің салаларында оқушылардың еңбекке дайындығын қалыптастыру болып саналады, ал технологиялық оқыту мақсаты ретінде дайындауды қалыптастыруға болады. Сайып келгенде, мақсатты құрылған және оны орындау барысында технологиялық дайындық политехникалыққа қатысты қамтылған.

«Технология» пәні оқушыларды өзіндік еңбек жолына, дайындайды. Яғни оның кәсіптікті анықтауына және мектеп бітірушілердің әртүрлі мамандықтарды игеруіне көмектеседі.

Жоғарыда аталған ғалымдардың пікірлерін сараптай келе, қазіргі замандағы технологиялық білімді технологиялық табиғатқа негіздей отырып, екі түрін анықтауға болады. Оның бірі – технократиялық деп аталады, яғни адам сол арқылы өз өмірлік мәселелерін шешетін техникалық құралдар арқылы болса, ал екінші түрі - технологияны философиялық, әлеуметтік-мәдени, қоғамның тарихи дамуының бөлімдері ретінде қарастырады.

Әлемдік ғалымдар, атап айтқанда К.Роджерс, Ф.Баррон, Д.Харрингтон еңбектерінен технологиялар арқылы білім беру қажеттілігінің ұтымды екенін байқауға болады [6, 7].

Сол себепті «Технология» пән ретінде дербес болып жатқан қолданушыға бағынбайтындығы қарастырылады және адам өмірін орналастыруға қабілетті кейбір білімдердің жиынтығын қамтамасыз етеді. Яғни технология туралы әртүрлі анықтамалар берілген. Атап айтқанда, технологияның әлеуметтік-мәдени негізі ретінде әлеуметтік-мәдени құрылымын жасаушы болып саналатынын білдіреді және технология қоршаған ортамен байланысуына қызмет етеді.

Сонымен қорытындылай келе, технология туралы анықтамаларды, яғни оның деңгейлерін сараптай отырып, технологияда бірнеше деңгейлерді қарастыруға болатына көз жеткіздік. Атап айтқанда:

- философиялық деңгей: технология бір мезгілде шеберлік пен шикізатты қажетті өнімге өзгерту ғылымы (материалдарды, энергияларды). Осыдан барып технология өзгерту қызметтерінің нәтижелі түрлері туралы ғылымды ұсынады;

- пәнаралық деңгей: технология - негізгі өнімді өзгертетін тәсілдері (зат, энергия) және адамның қызығушылығы туралы біріктірілген білім шеңбері. Ол ғылыми білімдерін (физика, химия, биология) практикада қолдану мақсатында, сонымен қатар, білімнің қолданбалы шеңбері болып табылады, талданады;

- қорытынды деңгей: технология - адам қызметіндегі нақты шеңберде өндіріс тәсілдері туралы ғылым (өндірістік, педагогикалық технология);

- эмпирикалық деңгей: технология заттарды дайындайтын және қызмет жасайтын нақты технологиялық үдеріс туралы ғылым.

Сонымен, оқушының білімін технологиялық дайындық барысында қалыптастыру – бүгінгі ақпараттық технологиялыр барынша дамыған ғасырда өзектілігін арттыра түсетіні анық. Сондықтан «Технология» пәнінің де салмағы ауырлай түспек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Поляков В.А.* Роль трудового обучения в политехническом образовании школьников. -М.: Просвещение, 1985.

2. *Леднев В.С.* Научное образование: развитие способностей к научному творчеству. Издание второе, исправленное –М.: МГАУ, 2002. -120 с.

3. Профессиональная педагогика / Под ред. С.Я.Батышева. – М.: ассоциация «Профессиональное образование». 1999.

4. Политехническая подготовка школьников в процессе труда. Методические разработки /Под ред. действ. чл. АПН СССР П.Р.Атутова. – М.: АПН СССР, 1985. –76 с.

5. Политехническая подготовка школьников в процессе труда. Методические разработки /Под ред. действ. чл. АПН СССР П.Р.Атутова. – М.: АПН СССР, 1985. –10 с.

6. *Rodgers K.* Freedom to learn: a view of whatedication might leson. – Columbus: Ohio, 1969. -178 p.

7. *Barron F.* Harrington. Pedagogical Testing: Problems, Confusion, Prospects - Cambridge: Cogito-CENTR, 2001. -142p.

REFERENCES

1. *Poljakov V.A.* Rol' trudovogo obuchenija v politehnicheskom obrazovanii shkol'nikov. -M.: Prosveshhenie, 1985.

2. *Lednev V.S.* Nauchnoe obrazovanie: razvitie sposobnostej k nauchnomu tvorčestvu. Izdanie vtoroje, ispravlennoe –M.: MGAU, 2002. -120 s.

3. Professional'naja pedagogika / Pod red. S.Ja.Batysheva. –M.: asociacija «Professional'noe obrazovanie». 1999.

4. Politehnicheskaja podgotovka shkol'nikov v processe truda. Metodicheskie razrabotki /Pod red. dejstv. chl. APN SSSR P.R.Atutova. - M.: APN SSSR, 1985. –76 s.

5. Politehnicheskaja podgotovka shkol'nikov v processe truda. Metodicheskie razrabotki /Pod red. dejstv. chl. APN SSSR P.R.Atutova. - M.: APN SSSR, 1985. –10 s.

6. *Rodgers K.* Freedom to learn: a view of whatedication might leson. – Columbus: Ohio, 1969. -178 p.

7. *Barron F.* Harrington. Pedagogical Testing: Problems, Confusion, Prospects - Cambridge: Cogito-CENTR, 2001. -142 p.

Ашиқбаева Г.Д. – аға оқытушы, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ., e-mail: gumi69@list.ru

Еркінбекова Қ.М. – бөлім меңгерушісі, Мақтаарал гуманитарлық экономикалық және агробизнес колледжі. Мақтаарал қ., e-mail: karligach@list.ru

Ashikbaeva G.D. – старший преподаватель, университет Ахмет Ясави, г. Туркестан, e-mail: gumi69@list.ru

Erkinbekova K.M. – заведующий отдела, колледж Мақтаарала гуманитарно-экономической и агробизнес, г. Мақтаарал, e-mail: karligach@list.ru

Ashikbaeva G.D. - senior teacher, Ahmet Yasavi University, Turkestan, e-mail: gumi69@list.ru

Erkinbekova K.M. - Head of Department, College of Humanitarian and Economic Development of Maktaral, Maktaral, e-mail: karligach@list.ru

ӘОЖ 600

Г.Д.АШИКБАЕВА, Қ.М.ЕРКІНБЕКОВА

«ТЕХНОЛОГИЯ» ҰҒЫМЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Мақалада «Технология» ұғымдарының бір-бірімен ұқсастығын және олар жаңа ойларды адамның практикалық қызметінің біріктірілген мінез-құлқын құрайтын негізді болжайды. Оның дамуына және материалдық өндірістің белгіленуінен адамның қажеттілігін қамтитын өзгеріс анықталады. Мұнда технология кең мағынада тек қана материалдық өндіріспен байланысты қызмет ретінде емес, сонымен қатар, жалпы адамның қызметін өзгертуші ретінде анықталады. «Технология» ұғымы белсенді және маңызды өзгерістерді талдау болып табылады. Оның дамуына және материалдық өндірістің белгіленуінен адамның қажеттілігін қамтитын өзгеріс қызметі анықталады.

Тірек сөздері: еңбекке баулу, политехникалық білім беру, кәсіби бейімделу, технология, технологиялық оқыту, политехникалық оқыту, технологиялық үдеріс.

Г.Д.Ашикбаева, К.М.Еркинбекова

Важность понятия «Технология»

В данной статье рассматривается сходство между понятием «технологией» и они предлагают, что новые идеи являются основой человеческого поведения в сочетании с практической деятельностью. Здесь технология определяется не только относительно разработки производства материалов, но и представляется как важная изменяющая роль услуг человечества.

Понятие "технология" является анализом активных и важных изменений. От её развития и успешного материального производства зависит целое изменение сферы услуг нужды человека.

Ключевые слова: обучение труда, политехническое образование, профессиональное адаптирование, технологическое обучение, политехническое обучение, технологический процесс.

G.D.Ashikbaeva, K.M.Erkinbekova

The importance of the concept of «Technology»

This article explores the similarities between the concept of "technology" and they suggest that new ideas are the basis of human behavior combined with practical activities. Here technology is defined not only on the development of material production, but also appear to be important modifying role services of mankind.

The concept of "technology" is the analysis of the active and important changes. From its development and successful material production depends on the whole changes in the scope of services needs.

Keywords: labour training, Polytechnic education, professional adaptation, technological training, technical training, technological process.

Anahtar kelimeler: Emek eğitimi, politeknik eğitim, profesyonel adaptasyon, teknoloji, teknoloji eğitimi, politeknik eğitim, teknolojik süreç.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың жылдағы дәстүрлі Жолдауын қазақстандықтардың қай қайсысы болса да асыға күтетіні сөзсіз. Ал, биылғы Жолдауда айтылған мәселелердің бірі білім беру жүйесі жайлы айтылған төртінші басымдықтың маңыздылығы ерекше. Атап айтқанда, «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты тақырыбындағы саяси құжат астарына үңілсек, бүгінгінің бірлігі, өткеннің өшпесі жатыр. «Менің бастамам бойынша биыл «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы іске асырыла бастады» деген Н.Назарбаев кәсіптік білім берудің деңгейін кеңейтуге, күш-жігерімізді жұмсауға шақырды. Келешек ұрпақты білім нәрімен сусындатып, тыңғылықты тәрбие беру жолында ең алдымен ұстаздардың біліктілігі артса, мұғалімнің мәртебесі де өседі. «Мемлекет құру жолында теңдессіз, мол тәжірибе жинап, жаңа кезеңге қадам басып отырмыз. Алдымызда қандай қиындықтар кездесе де, оларды еңсере алатынымызға сенімдімін. Біздің басты күшіміз - бірлікте». Расында Елбасы шақырған бірлік Қазақстан халқында бекем болса ғана Жолдауда көрсетілген әрбір қадамның қанаты кең серпілмек. Басты құндылық адами құндылықтың дамуына, өсіп-өркендеуіне жан-жақты жағдай жасаған сарабал саясаткердің озық идеясын Қазақстанды алпауыт елдер қатарына қосуға кепіл болмақ.

Бүгінгі таңда психологиялық, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде, атап айтқанда Технологиялық білімнің маңыздылығын П.Р.Атутов, П.Н.Андрианов, В.М.Казакевич, В.А. Поляков, И.А.Сасов, В.Д.Симоненко, Ю.Л.Хотунцевтар зерттеу барысында оның біріктірілген негізін жалпы мәдениеттік ой-өрістерді кеңейтуді, технологиялық дамытуды, өзіндік практикалық қызметке дайындығын және мамандық алуды қалыптастырады деп қарастырған.

Сонымен «Технология» ұғымына политехникалық сөздікте өндіріс үдерісіндегі дайын өнімді алу үшін қолданатын өңдеу әдістерін дайындау; жағдайды, шикізаттың түрін, материалын және жартылай фабрикатты өзгерту жиынтығы; шикізатқа әсерлерінің түрлері, өндіретін құралдармен сәйкес келетін материалдар немесе жартылай фабрикаттар туралы ғылым десе [1], ал С.И.Ожегов нақты өндіріс бұтағындағы өндірістік үдерістің жиынтығы, сонымен қатар, өнім түрлерінің ғылыми бейнелері деп тұжырымдады [2].

Ал В.Д.Симоненконың пікірі бойынша, «Технология» бірегей өзгерту үдерісі және жалпыға әсерлі, оны керісінше де анықтайды деп әртүрлі түсінік берді. Ол:

- базалық түсінік, құрал және қоғамның өндірістік және адамның даму деңгейлері, үзіліс және шығармашылық идеологиясын белгілейтін әлеуметтік-философиялық ұғым;

- біріктірілген қолданбалы білім ауданы «Технология» жүйелілігі, педагогикалық үдерістің сақталуы, бұйымды жобалау және дайындау қызметтің әмбебап тәсілдерін түсіндіретін психологиялық- педагогикалық ұғым;

- жалпы мәдениеттіліктің материалдық, рухани мәдениеттілік бірлігі туралы, ойдың шығармашылық мінез-құлқын және қызметтің өзгеруін түсіндіретін мәдениеттану туралы ұғым;

- философиялық, жалпы ғылыми, арнайы, «Технология» жалпы білім беретін оқу орындарындағы оқытудың теориялық негіздерін әр түрлі деңгейде өзгерту қызметінің тәсілдерін үйрететін ғылыми білімдердің орны [3].

Ағылшын ғалымы И.Роберт пен неміс ғалымдары А.Камю, Ж.Сартр, М.Хайдегер еңбектерінде технологияларды арқылы білім беру мәселесімен қарастырған [4; 5]. «Технология» дегеніміз бірінші жағынан – білім бұтағы, екінші жағынан - жаңа объектілерді, жүйелерді, қоршаған ортаның бөлшектерін жетілдіру және орындау, адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында шығармашылық үдеріс жүйелілігін қолдану. Бұл әртүрлі деңгейлі, практикалық бірлестіктің білім үзіндісі, тұлғаның еңбекке дайындығына бағытталған, пәндік-өзгерту қызметі. Сондықтан «Технология» дегеніміз барлық болмысында өнерге тең. Анықтау барысында ол жүйелілігі, зат болсын немесе қызмет жасайтын құрал болсын, оған қарамастан, экономикалық нәтижеге жетуді технология деп білемін деген [6].

Ал В.А.Поляков «Технология» ұғымы адам қызметінің барлық орталарына дей келе, ал кең көлемде ол педагогикалық аспектілерді қозғайды немесе жасөспірімдерді тәрбиелеу және оқыту технологиясымен байланысты деген болатын [7]. Технология ғылыми заңдылықтармен байланысқан және қажетті құралдармен анықталатын немесе бір түрін екіншісімен өзгертетін (материалдарды, энергияларды, мәліметтерді, тірі организмді, адамдарды) В.М.Казакевич анықтама берген еңбегінде [8].

Яғни «Табиғат-практика-адам-ғылым» барлық жүйелермен байланыстыра келе «Технология» ұғымы соңғы жылдары өзгертілді. «Табиғат-практика-адам-ғылым» жүйесіндегі адам қызметін жасаушы-технология. Технология – адамның материалдық, рухани құндылығын жасайтын қызмет жасағыш жалпы әдістер мен құралдарды көрсететін ғылыми білім орны.

Жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеулерін зерделей келе, «Технология» ұғымы бір-бірімен ұқсас, олар жаңа ойларды адамның практикалық қызметінің біріктірілген мінез-құлқын құрайтын негіздерді болжайды. Мұнда қарастырылған жақындықта және ережелерде деңгейі

эртүрлі дәстүрлі (материалдық) немесе еңбек затын өзгертуді қорытындылау технологиясынан байқауға болады.

«Технология» ұғымы белсенді және маңызды өзгерістерді талдау болып табылады. Оның дамуына және материалдық өндірістің белгіленуінен адамның қажеттілігін қамтитын кең өзгеріс қызметі анықталады. Мұнда технология кең мағынада тек қана материалдық өндіріспен байланысты қызмет ретінде ғана емес, сонымен қатар, жалпы адамның қызметін өзгертуші ретінде анықталады.

В.А.Поляковтың «Технология» концепциясының оқыту негізі табиғи-ғылыми жақындықта және технологиялық үдерістердің байланысында негізделсе, ал П.Р.Атутовтың және С.Я.Батышевтың зерттеулерінде дамыту, еңбекке баулу білімге қатысты жүйелендірілген рөлді объективті орындауға шақырылған.

Еңбектің мақсаттары мен объектілері эртүрлі білім бұтағының заңдылық есебін болжайды, ал ғылым негізін үйрену барлық мектеп білімі уақытында қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму негізгі бағыттарымен сәйкес технологиялық білім мен дағдыны қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс.

Ю.Л.Хотунцев пен В.Д.Симоненконың ұсынған технологиясы адамға қоршаған ортаның өзгеруінің әсер етуіне байланысты анықтамаларынан байқауға болады. Егер технологиялық білім оларға материалдық және рухани құндылық негізінде тәжірибе беретін болса, онда теориялық пәндік оқыту үдерісінде оқушылар мәдениеттің жетістіктерін талап етуші ретінде көріне алады.

Сонымен В.Д.Симоненко және Ю.Л.Хотунцевтың анықтамасы бойынша қалалық және ауыл мектептеріне арналған «Технология» білім оқу орындарының бағдарламалары қазіргі заман талаптарын дамытуға көп көмек көрсетті.

Оқушылардың технологиялық дайындығындағы қазіргі педагогикалық практика мақсаттарының шешімі политехникалық еңбекке оқыту дәстүрлерін сақтау және материалдық өндіріс ортасына бағыттау туралы шешімін табады.

«Технология» – дербес пән ретінде және адам өмірін орналастыруға қабілетті кейбір білімдердің жиынтығын қамтамасыз етеді. Бұл мағынада технология эртүрлі анықтамалар береді және ол базалық принциптер негізінде мамандандырылады. Технологияға жақындық әлеуметтік-мәдени негізінде технология орта қызметі және әлеуметтік-мәдени құрылымын жасаушы болып саналатынын білдіреді. Технология қоршаған орта мен оның байланысуына қызмет етеді.

Осымен технологиялық мақсатты анықтамаларды зерделей келе олардың бірнеше түрлері анықталады, бірақ оқушыларды практикалық бағытта оқыту, сонымен кәсіптік жоспарлар мен жүйелер, жастардың ынталары шектеледі.

Тұлғаның дамуында, оның жас ерекшеліктерін де ескеруіміз керек, яғни оқушылардың технологиялық дайындығы төмендегі мақсаттарды шешуге шақырады:

- оқушылардың технологиялық білімдерді үйрену дағдылары және еңбек құралдары мен таратылған заттарды ұқыпты қолдану қызметін қалыптастыру;

- ой-өрісін политехникалық кеңейту және оқыту барысында ғылыми негіздерде алған білімдері мен дағдыларын бекіту;

- белсенді өмірлік негізге, бәсекелестік өмірге күресуге дайын болуға, нарықтық қатынас жүйесіне белсенді қатысу мүмкіншілігіне тәрбиелеу;

- шығармашылық қабілеттігінің дамуына, оның қызметінің кәсіпкерлік негіздерін меңгеруі;

- қажеттілікті кәсіптік қалыптастыру, оны іске асыру;

- еңбек нарығымен танысу, кәсіптік өзіндік анықтама, әлеуметтік-кәсіптік мансапты жоспарлау;

- қызмет түрлері мен еңбек құралдарын таңдаған мамандығының кәсіптік қызметі бойынша тереңдете меңгеру.

Сайып келгенде, жалпы білім беретін оқу орындарында қолданбалы бөлімдерді оқыту үдерісі соңғы 10 жылда ғалымдардың технологиялық оқытуға көшу ойларын жасағандықтарын көрсетеді. Бірақ, жаңа өзекті құрылымға қарамастан, оқушыларды технологиялық даярлау үлгілері мен техникалық-технологиялық түсінік маңызы практикалық-бағытталған оқытудың дәстүрлі түрлерін сақтауды нұсқайды. Бұл педагогикалық тәжірибе барысында дәлелденеді.

Оқушылардың технологиялық дайындықтарының барысы мен орнын жаңа табыстарға жетелеу, жалпы білім жүйесінде оның даму мақсаттары, жастардың әлеуметтік-еңбек құрылымына сәйкес анықталады. Оқушыларды технологиялық даярлауда қазіргі замандағы практика және алдыңғы қатардағы теория әлеуметтік-еңбек қызметтің әртүрлі салаларда кешендік құрылымын практикалық бағытталған оқытуды біріктірілген жүйеге келтіруді талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Ишлинский А.Ю.* Новый политехнический словарь. – Москва: Большая Российская энциклопедия. -2000.
2. *Ожегов С.И., Шведова Н.Ю.* "Толковый словарь русского языка". – Москва: Азбуковник.1999. 944 с.
3. *Симоненко В.Д.* Методика преподавания технологии. – М.: Вентана-Граф, 2005.
4. *Robert I.V.* Contemporary information technologies in education: didactic problems, perspectives of use. – London, 2004. 205 p.

5. *Heidegger M., Camus A., Sarte J. Issues of Pedagogy.* –Munich, 2008. - 564 s.
6. *Поляков В.А.* Роль трудового обучения в политехническом образовании школьников. – М.: Просвещение, 1985.
7. *Казакевич В.М.* Об усовершенствованном варианте проекта стандарта образовательной области "Технологии" //Школа и производства. - 1998. -ю1. -с.6-10

REFERENCES

1. *Ishlinskiy A.YU.* Novyyiy politehnicheskiy slovar. –Moskva: Bolshaya Rossiyskaya entsiklopediya. -2000.
2. *Ojegov S.I., SHvedova N. YU.* "Tolkovyyiy slovar russkogo yazyika". – Moskva: Azbukovnik.1999. 944 s.
3. *Simonenko V.D.* Metodika prepodavaniya tehnologii. – М.: Ventana-Graf, 2005.
4. *Robert I.V.* Contemporary information technologies in edication: didactic problems, perspectives of use. – London, 2004. 205 p.
5. *Heidegger M., Camus A., Sarte J. Issues of Pedagogy.* – Munich, 2008. - 564 s.
6. *Polyakov V.A.* Rol trudovogo obucheniya v politehnicheskom obrazovanii shkolnikov. – М.: Prosveschenie, 1985.
7. *Kazakevich V.M.* Ob usovershenstvovannom variante proekta standarta obrazovatelnyiy oblasti "Tehnologii" //SHkola i proizvodva. -1998. -yu1. -s.6-10

Ашикбаева Г.Д. – аға оқытушы, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ., e-mail: gumi69@list.ru

Еркінбекова Қ.М. – бөлім меңгерушісі, Мақтаарал гуманитарлық экономикалық және агробизнес колледжі. Мақтаарал қ., e-mail: karligach@list.ru

Ашикбаева Г.Д. – старший преподаватель, университет Ахмет Ясауи, г. Туркестан, e-mail: gumi69@list.ru

Еркинбекова К.М. – заведующий отдела, колледж Мақтарала гуманитарно-экономической и агробизнес, г. Мақтаарал, e-mail: karligach@list.ru

Ashikbaeva G.D. - senior teacher, Ahmet Yasavi University, Turkestan, e-mail: gumi69@list.ru

Erkinbekova K.M. - Head of Department, College of Humanitarian and Economic Development of Maktaral, Maktaaral, e-mail: karligach@list.ru

ӘОЖ 818. 992 71

А.Ә.ЖҰМАДИЛОВА, С.Р.БОРАНБАЕВ

**М.ӘУЕЗОВ АБАЙДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК
ТАНЫМЫ ЖАЙЛЫ**

М.Әуезов – қазақ әдебиетінің биік шыңы. Ол қазақ әдебиетінің барлық саласында өнімді еңбек етіп, соңына мол мұра қалдырған қаламгер. М.Әуезов – абайтану ғылымының негізін қалаушы. Ол Абайдың ғылыми өмірбаянын жазды, ақынның тұңғыш толық шығармалар жинағын дайындап жариялады. Сондай-ақ, «Абай жолы» роман-эпопеясының авторы және ақын өмірі мен шығармашылығын жан-жақты танытқан «Абай Құнанбаев» монографиясын жариялады. Мақалада М.Әуезовтің Абай шығармалары негізінде түйіндеген адамгершілік жайлы ойлары қарастырылған.

Тірек сөздері: қазақ әдебиеті, ғалым, қаламгер, өмірбаян, монография, Абай, ақын, өлең, қарасөз, адам болу, адамгершілік, мораль философиясы, толық адам.

А.А.Жумадилова, С.Р.Боранбаев

М.Ауэзов о нравственности в творчестве Абая

М.Ауэзов - вершина Казахской литературы. Он внес огромный вклад во все отрасли казахского литературоведения и оставил за собой огромное наследие. М.Ауэзов является основателем науки Абаеведения. Он написал научную биографию Абая и был первым, кто опубликовал полное собрание сочинений Абая. А так же, он автор роман-эпопеи "Путь Абая" и опубликовал монографию "Абай Кунанбаев" в котором всесторонне раскрыл жизнь и творчество великого поэта. В данной статье рассматриваются размышления М.Ауэзова о нравственности на основе произведений Абая.

Ключевые слова: казахская литература, ученый, писатель, биография, монография, поэт, стихотворение, слова назидания, быть человеком, нравственность, моральная философия, совершенный человек.

A.A.Zhumadilova, S.R.Boranbayev

M.Auezov on morality in the works of Abai

M.Auezov is the top of Kazakh literature. He made a huge contribution to all branches of Kazakh literary criticism and left a huge legacy behind him. M. Auezov is the founder of the science of Abai's studies. He wrote a scientific biography of Abai and was the first who published the complete works of Abai. And he is also the author of the novel-epic "Way of Abai" and published a monograph "AbaiKunanbayev" in which he comprehensively revealed the life and work of the great poet. This article deals with M. Auezov's reflections on morality on the basis of Abai's works.

Keywords: Kazakh literature, scientist, writer, biography, monograph, poet, poem, words of edification, to be a man, morality, moral philosophy, perfect man.

Anahtar kelimeler: Kazakedebiyatı, bilimadamı, yazar, biyografi, monografi, şair, şiir, yetiştirmesözler, biradam, ahlak, ahlakfelsefesi, mükemmel adamolmak.

Қазақ руханиятында Абайды М.Әуезовтен артық білетін адам жоқ болар. М.Әуезов Абайдың ауылына жақын маңдағы Бөрлі елдімекенінде дүниеге келген, балалық шағы ақын өмір сүрген табиғат пен әлеуметтік ортада өткен. Есейіп қолына қалам ала бастағаннан-ақ Мұхтар Әуезов Абай тақырыбына ерекше ден қойған. Жазушы әрі ғалым М.Әуезовтің ең алғашқы туындысы – «Адамдық негізі – әйел» (1917) атты ойлы дүниесіболса, оның Ж.Аймауытовпен бірігіп жазған кейінгі мақаласы «Абайдың өнері хәм қызметі» (1918) [1] деп аталады және ол Абай шығармашылығын саралауға арналған. Қырық жылдан асатын көркемдік және ғылыми шығармашылық қызметінде М.Әуезов Абай өмірі мен мұрасын танып білуге орасан мол үлес қосты. Абайдың төрт нұсқадан тұратын ғылыми өмірбаянын [2] жазды. Қазақ мемлекеттік университетіндегі қазақ филологиясы мамандығының студенттеріне 1942 жылдан бастап «Абайтану» арнайы курсынан дәріс оқыды, нәтижесінде дәрістері жинала, толығы келіп, «Абай Құнанбаев» атты ғылыми-зерттеу монографиясына [3] айналды. Төрт кітаптан тұратын «Абай жолы» роман-эпопеясы дүниеге келді. Абайтану ғылымының негізі қаланды. Ақын өмірі мен мұрасын игеруге осыншалық еңбек еткен М.Әуезовтің ғылыми ізденістері бізге әркез бағыт-бағдар береді. Ғалым М.Мырзахметұлының ұзақ жылғы зерттеуі [4] нәтижесінде ғылыми айналымға енген толық адам танымын - адамгершілік жайлы ілім деп қабылдасақ, ақындағы осы адамгершілік тақырыбының айрықша өзекті екенін ең алғаш негіздеп танытқан – М.Әуезов. Ол «Абай Құнанбаев» атты зерттеу еңбегінде былай деп жазады: «Ол адамгершілікті, моральдық философияны барлық жайдан жоғары қояды» [3.179 б.]. Ақын өлеңдері мен қарасөздерін талдап, саралау барысында М.Әуезов Абайдағы адамгершілік мәселесіне жиі соғып отырады. Абай шығармаларында адамгершілік тақырыбының мол орын алатынын М.Әуезов әртүрлі ой, пікірлерімен танытады. Осы орайда ғалымның мына ойы ақындағы адамгершілік тақырыбын әсіресе аша түседі: «...ұстаздық, әлеуметтік талабының түп мақсаты – жеке адамдарды жаманшылықтарынан арылтып, сол арқылы заманындағы қауым-қоғамын және бар халқын түзетіп өзгертпек болады. Қысқасы, нравственная личность мәселесін бар тартысының, талап-арманының тетігі етеді» [3.182 б.]. Толық адам танымына негіз болған адамгершілік мәселесі Абай мұрасының өзегі болғанын көреміз. Тіпті, М.Әуезов қолданған «нравственная личность» ұғымы мен атауын ғалым М.Мырзахметұлының ғылыми айналымға енгізген толық адамтанымымен

тығыз байланысты көреміз. М.Әуезов өзінің ақын жайлы барлық еңбектерінде оның адамгершілікке қатысты болмысын айрықша танытумен болады. Ақын өмірін жан-жақты танытқан ғылыми еңбегінде М.Әуезов Абайдың балалық шағын былайша суреттейді: «Кішкене кезінде сырт мінез жағынан аңқау, нанғыш және тентек бала болса керек. Бірақ сол кішкене күнінде өзге балалардан ерекше жері – үйге қонған қонақтардың әлдеқалай айтқан ертегі сияқты әңгімелерін құлай тыңдайды» [3.34 б.]. Өсе келе осы қалпымен адамгершілік жайлы ұғым, білімге көңіл, ой көзімен үнемі назар салғыш болып жүреді. Айналасынан адамгершілік қарым-қатынастар көргісі келеді, әрнәрсені де адамгершілік тұрғысынан бағалай бастайды: «Басында балалығының арқасында сөзге қорғана кіріскен Абай, аз жылдың ішінде үлкен табыс тапқандай болып, адымын ұлғайта береді. Бірнеше жол көріп, көзі қанған соң «пәлен жақсы, түген жақсы» дегендерінің айламенен, қанауменен қиянат болмаса, өзге жалпы білімге, ақыл шалымға, адамгершілікке татымсыз екенін сезеді» [3.39 б.]. Адамгершілік – ақынның өз өмір жолында айнымас әрі қалыпты қағидасы болғанын көреміз. Айналасы ку, сұм, қиянатшыл болса да, ақынның өзі бала кезінен-ақ жақсылыққа, адалдыққа жақын болып өскен. Абай адамның қасиеті қара күш пен оған негізделген қиянат, зорлықта емес, мейірім, рақым, әділетте деп білген. Ол қашан да әлсіздің жағында болды, зорлықшыға қарсы шықты. Өзі бай, бар ортадан шықса да, сол бай адамдардың байлығына сүйеніп жасаған түрлі қиянатына көнбеді. Көнбек түгілі, олар жасаған қиянат пен қараулыққа бар болмысымен қарсы келіп, аяусыз әшкереледі: «Абай сол күндегі «жақсы» дегенде ескі бектік, паңдық, қара күш болмаса, нағыз адамгершілік, шын талант қасиет аз екенін әшкерелей бастайды» [3.41]. Қара сөзінде жазғандай, Абай әкесінің баласы – адамның дұшпаны болмай, адамның баласы – бауыры болады [5.135 б.]. Абай бәрін де адамгершілік өлшемімен таразылайды. Адамдықты көздеп әкесіне де қарсы келіп қалған кезі болады. Бірақ оның бұл әрекеті балалық, шалалық, ақылсыздықтан емес, адамгершілікті пір тұтып жоғары санауынан туған. Ол өмірлік мақсат-мұраты ретінде адамгершілікті басты нысаны етіп, жақсы адам болуға бет алады: «Өзі туралы «елге пайдалы, адамгершілігі бар, әділ басшы болсам ғана жақсы адам боламын» деп есептейді» [3.43 б.]. Осы арман-мұратынан өмірінше айнымай өтеді. М.Әуезов осылайша өзі жазған монографиясының ішіндегі ғылыми өмірбаянында Абайдың адамгершілік жолын оның өмірімен қабыстырып баяндаумен болады: «Абай елдің ішіндегі әділдікті, тура жолды бағатын кісі болады. Шын ел қамқоры болған адамгершілік, кісілік тұтқасы Абай болады» [3.50]. Шығармаларында адамгершілікті мол насихаттаған Абайдың өз өмірімен де адамгершілікті болғанын көреміз. Өз болмысында болмағанды ақын айта алмас та, жаза алмас та еді. Ұрпағына бүгінге дейін ақылшы болып келе жатқан Абай өзінің ұлы ұстаздығын көзі тірісінде-ақ қауымы мен айналасына аянбай жұмсап баққан. Абай сөзі мен өсиетіне сүйеніп заманындағы көзіқарақты қауымы өзінің бағыт-бағдары мен бар болмысын

түзей білген. М.Әуезов мұны да назардан тыс қалдырмай атап өтеді: «Абайдың ауылы үлкен білгіштің медресесі сияқты болады. Абай ұстаз да, мұның алдына келген сөз ұғатын талапты жастарының бәрі де – шәкірт. Абай іні, бала, ағайындарына дос, жастарға мағыналы тәрбиеші бола бастайды. Енді осы ұғатын жастарды жаңа жолмен, өзі хиял қылған өнер-білімге, жаңа сапалы адамгершілікке қарай жетектеп, баулығысы келеді» [3.64 б.]. Ғалымның «жаңа сапалы адамгершілік» дегенінен М.Мырзахметұлы ғылыми айналымға енгізген толық адам танымын танығандай боламыз. Жалпы адамгершілікке қатысты әңгіменің бәрі де толық адам ұғымынан алыс кетпейді. Өз заманындағы Абайдың да, кейіннен оның төрт нұсқадан тұратын ғылыми өмірбаянын жазған М.Әуезовтің де назары адамгершілік жайына жиі ауып отырады. Осыдан-ақ адамгершілік мәселесі ақын өмірі мен өнерінің өзегі болғанын болжауға болады. Ақын өмірбаянын оның балалық шағынан өмірден өткен сәтіне дейін жан-жақты әңгімелеп жеткізген М.Әуезов Абай өмірінің қайғылы соңын сөз еткенде де адамгершілік жайлы ойын Мағауияның қазасына байланыстырып былайша пайымдаған: «Мағауия әке ұғымынша да және өз ортасының бағалауынша да Абайдың барлық баласының ең жақсысы, ең ірісі деп саналған... Елде отырып Европа тәрбиесін алған адамдардай ақыл, мінез, адамшылығы түгелімен мәдениетті кісінің халінде болған» [3.82 б.]. М.Әуезов тиянақты танытқандай, Абайдың өмірі мен ойында адамгершілік ұғымы әркез басты қасиет, негізгі өлшем болған. Өз өмір жолымен адамгершілікті осылайша аса биік қойған Абай өлең, қарасөздерімен де оны негізгі арна, басты желі етіп алған, әркез адамгершілікті насихаттап отырған. Абайдың анық қазақ ақыны болып таза қазақ тілінде жазған алғашқы туындысы – «Сап-сап, көңлім, сап, көңлім» өлеңі. Ақын бұл өлеңін жиырма-жиырма бес жасында жазса да, сол кездегі жастығына қарамай өрелі ойлар айтқан. Өзін де, өзі қатарлы құрбыларын да жеңіл, жөнсіз, мағынасыз әрекеттен аулақ болуға шақырған. Алғашқы өлеңімен-ақ ақылды, терең түйіндер жасаған. Мысалы, жас Абайдың мына сөзін көпті көріп ой түйген көнекөз қария айтар-ау деп қаламыз: «Дүние даяр өтерге, ажал даяр жетерге» [6.16 б.]. Адамгершілік ең әуелі ақылды болудан басталса керек. Ақыл, санасы болғаннан кейін де адам айуаннан биік тұрады. М.Әуезов осы өлең жайлы былай деп жазады: «Опасыз жас болмау керек, таңдап сүйген біреуі ғана бар, тең сезімге табынған жақсы жастың адамгершілік пен махаббатты қабыстырамын деген ниеті көрінеді» [3.100 б.]. Махаббат - адамгершілік қасиет, сөйтсе де сүюші адамның көңіл, сезімінде оның өз қуанышы мен рахатын ойлау жағы біршама басым көрінеді. Ал негізі, адамгершілік көбіне Абай айтқандай, «өзіне ойлағандай ойды оларға да болса игі еді демек» [5.110 б.] деген мағына мен мазмұнда келеді. Сірә, ғалым жоғарыдағы пікірін ақындағы осындай ойға сүйеніп түйіндесе керек. М.Әуезов осылайша Абайдың адамгершілікке қатысты ойларын үнемі арнайы атап, мән-мазмұнын тереңдей танытып отырады. Ол ақынның «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін талдау барысында да ақындағы

адамгершілік ойларға айрықша назар аударады. Ғылым жайын айту - білу, пайымдау, ойлау, ақылды болумен тікелей байланысты ғой. Осы орайда өлең мазмұнының М.Әуезов түйіндегендей, адамгершілікпен қабысасабақтасуы орынды: «Бұл шығарма енді халықтық, адамгершілік, ағартушылық жөнінде үлкен қияға қарай жол тартқан жаңа ақынның ашық бейнесін көрсете бастайды» [3.110 б.]. Жақсы, жағымды адам болуға жеткізетін адамгершілік ойлар осылайша ғалым тарапынан әр-әр тұста қисынымен жиі айтылып отырады. Мұндай ойын М.Әуезов ақынның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін талдау тұсында да білдіріп өтеді. Әрі ғалым бұл өлеңді ақынның өзге өлеңдерінен гөрі аса мәнді әрі жоғары санайды, ақынның «әсіресе көп ой қорытып айтқан мағыналы және програмдық бір өлеңі» [3.121 б.] деп біледі. Осы өлеңнің біздер біле бермейтін терең мән-мазмұнын ғалым М.Мырзахметұлы өз зерттеуінде аса білгірлікпен аша түскен [4.231-232 б.]. Жалпы, абайтанушы М.Мырзахметұлының зерттеу еңбектерінде Абай шығармаларының мән-мазмұны мен төркін-тегі тереңірек ашыла түсетінін атап өткеніміз жөн болады. М.Әуезов аталған өлеңдегі адамгершілік танымның алар орнын былайша пайымдап білдіреді: «...ғылым тапқан жас болса, ірі адамгершілікке ие болсын, азамат деп айтарлық ар иесі болсын. ...еңбек, терең ой, қанағат, рақым деген сияқты арлы адамгершіліктің сипаттарын санайды» [3.122]. Абайдың адамгершілікке қатысты ойларын М.Әуезов «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінен де байқаған. Ол ақын өлеңіне қатысты ең өзекті мәселені атап өтіп, өлеңнің адамгершілікке байланысты мазмұнын терең танытады. Ғалым жазғандай, өлең әсіресе «адал, шыншыл адамгершілікке сүйенген жастың достығын айрықша қадірлеп» жырлайды. ...өз ұғынуындағы адамгершілік, адалдық мінездерді жол етіп ұсынады» [3.123 б.]. Шынында да бұл өлеңнің мазмұны адамгершілік қасиеттерді дәріптеп, керісінше оған зиянын тигізетін кеселді қасиеттерді әшкерелеген мазмұнға толы болып келеді. Бұл өлеңнің айрықша тәрбиелік мазмұнын ғалым Ж.Ысмағұлов та арнайы сөз еткен [7.77-81 б.].

М.Әуезов ақын өлеңдерін талдау барысында адамгершілік пен мораль философиясына жиі назар аударады. Себебі, бұл мәселелер ақын шығармашылығының өзегі мен негізгі желісі екені байқалады. М.Әуезов түйіндегендей, ақынның мораль философиясы ретінде айтқан көп сөздері адамшылықты сипаттайды [3.156 б.]. Ғалым ойларын ерекше мән бере сүзіп оқыр болсақ, оның ақындағы адамгершілік жайлы түйіндеулерге көп тоқтайтынын байқаймыз. Сондай байқауларының ішінде М.Әуезовтің мына пікірі біздіңше, аса елеулі көрінеді: «Әрбір ұстаздық сөздің үлкен адамгершілік, қасиеттерін терең түрдегі мораль философиясымен байланыстыра айтады. Жалғыз ғана өлеңдері емес, Абайдың қара сөздерінде, «Масғұт» сияқты дидактикалық өсиет поэмасында да біз осы жолды ақынның өзіне ең бір айнымас арна етіп алғанын байқаймыз» [3.162 б.]. Ақын өлеңдерін талдай келе, М.Әуезов осындай мәнді түйінін жасайды. Демек, адамгершілік мәселесі Абай шығармашылығының күретамырымен негізгі

мазмұны болғаны көрінеді. Сөйтіп, біз М.Әуезовтің Абайдағы адам болу, адамгершілік жайлы ой, пікірлеріне барлау жасап бақтық. М.Әуезовтің бұл мәселеге соншалық сергек қарап, көзіқарақты қауымға бағыт-бағдар берер мол түйіндеулер жасағанына куә болдық. М.Әуезовтің пікірінше, Абай адам болу мен адамгершілікті өмірі мен өнеріне бірдей өзек етіп, адамгершілікті жүйелітүрде жырлап өткен ақын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абайды оқы, таңырқа... (Құрастырған, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған – М.Мырзахметов, филология ғылымының докторы). Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 бет.
2. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа (Ибраһим Құнанбайұлының ғұмырнамасы). Оқу құралы. (Құрастырған және алғы сөзін жазған ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мекемтас Мырзахметұлы). Алматы: Санат, 1997. – 416 бет.
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 20-том. Монография, мақалалар. Алматы: Жазушы, 1985. - 496 бет.
4. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. Алматы: Ғылым, 1982. – 296 бет.
5. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. Аудармалары мен қарасөздері. Алматы: Жазушы, 1986. – 200 бет.
6. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Жазушы, 1986. – 304 бет.
7. Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. Алматы: Ғылым, 1994. – 280 бет.

REFERENCES

1. Abaydy oqu, tanyrqa... (Qurastyrgan, algyi sozi men tusiniktemelerin jazgan – M.Myrzahmetov, filologiya gylymynyn doktory). Almatyi: Ana tili, 1993. – 160 bet.
2. Aueзов M. Abaydy bilmek paryz oylы jasqa (Ibrahim Qunanbaiulynyin qumyrnamasy). Oqu quraly. (Qurastyrgan jane algy sozin jazgan QR Memlekettik sylygyinyin laureaty Mekemtas Myrzahmetuly). Almaty: Sanat, 1997. – 416 bet.
3. Aueзов M. Jiyirma tomdyiq shygarmalar jinagy. 20-tom. Monografiya, maqalalar. Almaty: Jazushyi, 1985. - 496 bet.
4. Myirzahmetov M. Muhtar Aueзов jane abaytanu problemalary. Almatyi: Qylym, 1982. – 296 bet.
5. Abay (Ibrahim Qunanbaev). Eki tomdyiq shygarmalar jinagy. 2-tom. Audarmalary men qarasozderi. Almaty: Jazushyi, 1986. – 200 bet.
6. Abay (Ibrahim Qunanbaev). Eki tomdyq shyigarmalar jinagyi. 1-tom. Olender men poemalar. Almaty: Jazushy, 1986. – 304 bet.
7. Ismagulov J. Abay: aqyndyq tagylymy. Almaty: Qylym, 1994. – 280 bet.

Жұмаділова А.Ә. – магистрант, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, Шымкент қ.

Боранбаев С.Р. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университет, Шымкент қ.

Жумадилова А.А. – магистрант, Региональный социально инновационный университет, г. Шымкент.

Боранбаев С.Р. – доктор филологических наук, профессор, Региональный социально инновационный университет, г. Шымкент.

Zhumadilova A.A. - master student, Regional Social Innovation University, Shymkent.

Boranbaev S.R. - Doctor of Philology, Professor, Regional Social Innovation University, Shymkent.

ӘОЖ 818. 992 71

А.ОРАЗЫМБЕТОВА

**АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМ,
ЗАМАН ЖАЙЫ**

Абай –қазақтың бас ақыны, қазақ халқының рухани көсемі. Абай – өмір танытушы ұлы ұстаз. Ақын шығармаларында заман мен адам жайлы мол мазмұн бар. Ол өзі өмір сүрген заман шындығын терең танып суреттеген. Абай шығармаларында екінің бірі тани бермейтін білім, ғылым, ақиқат деректері жиі ұшырайды. Мақалада ақын өлеңдеріндегі заман мен адам жайлы танымды ойлар қарастырылған.

Тірек сөздері: Абай, қазақ, әдебиет, руханият, заман, адам, базар, сауда, өлең, тіршілік, шаруашылық, жастар, қасиет, мінез, жағымсыз, кеселді, ақыл-ой, тәрбие, шындық.

А.Уразымбетова

О времени и людях в произведениях Абая

Абай – первый казахский поэт, духовный вождь казахского народа. Абай - великий учитель жизни истины. Произведения Абая богаты и полны содержанием о людях и времени. Он глубоко познал - описал реальность того времени в котором сам жил и творил. В произведениях Абая очень часто встречаются фундаментальные истины, в суть и содержание которых не каждый может вникнуть. В статье рассматриваются познавательные мысли о времени и людях отраженные в произведениях Абая.

Ключевые слова: Абай, казах, литература, духовность, время, человек, рынок, торговля, стихотворение, существование, хозяйство, молодежь, достоинство, характер, отрицательный, гнусный, разум, воспитание, реальность.

A.Urazymbetova

About time and people in the works of Abai

Abai is the first Kazakh poet, spiritual leader of the Kazakh people. Abai is the great teacher of the life of truth. Abai's works are rich and full of content about people and time. He deeply knew and then described the reality of the time in which he lived and worked. In the works of Abai you can find fundamental truths, the essence and content of which not everyone can understand. The article deals with cognitive thoughts about time and people reflected in the works of Abai.

Key words: Abai, Kazakh, literature, spirituality, time, man, market, trade, poem, existence, economy, youth, quality, character, negative, vile, reason, upbringing, reality.

Anahtar Kelimeler: Abay, Kazak, edebiyat, maneviyat, zaman, insanlar, pazar, ticaret, şiir, yaşam, çiftlik, gençlik, kalite, karakter, negatif, aшағılık, zeka, eғitim, gerçeklik.

Абайды біз ойшыл ақын ретінде танып-біліп келеміз. Ақын өлеңдерін бала кезімізден оқып өссек те, өлеңдері бізге таныс секілді көрінсе де, есейе келе қайта оралып оқысақ, Абайдан бұрын өзіміз байқамаған, білмей келген тың ойларды ұшыратамыз. Бойымызды жалған намыс билеп, Абайды ұға алмай жүргенімізге ыңғайсызданатынымыз да бар. Сөйтсек, Абайды біз түгілі А.Байтұрсынов секілді марқасқалар да бірден ұғып кете алмапты: «Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес, олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең» [1.55 б.]. Осындайда қазақ халқына баласынан данасына дейін Абайды оқып тану парыз екені ойға оралады. Абай шығармаларында адам, заман, ел мінезінің жайынан мол мағлұмат беретін мазмұн бар. Біздерге Абайды танып, біліп болдық деуге болмайды екен. Мысалы, мен жақында ғана Абай өлеңдерін қайта қолға алып оқи бастадым. Бұрын білмегенмін бе, әлде өрем жетпеді ме, ақын өлеңінен жаңа мазмұн тапқандай болдым. Абайдың «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» өлеңін бұрын оқығаным тіпті есімде қалмапты. Енді байқасам, ақын бұл өлеңі арқылы өте өзекті жайларды айтыпты. Алғашқыда оқырман тақырыбына қарап, бұл өлеңнен аса мәнді мазмұн күте қоймайтындай көрінеді. Ал үңіле түсіп оқысақ, өлең базар жайын ғана сөз етпепті. Мұндай ойға ақынның базар жайын айта келіп, «біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар, бағасын пайым қылмай аң-таң қалар» [2.40 б.] деген сөзінен кейін ғана келе бастадым. Абайдың негізгі айтпақ болған ойы базар жайлы емес, «жазған соң, жерде қалмас тесік моншақ» дегендей, -өзінің өлеңі жайлы екен. Ақын өз өлеңін қалап, қажет етіп іздеушілер болмай жатқанына қынжылады екен:

«Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар,

Сәулесі бар жігіттер бір ойланар [2.40 б.].

Біздіңше, Абайдың «маржан» деп отырғаны – жазған өлеңі, өлеңдері арқылы айтпақ болған ақыл-ойлары. Сол ақыл-ойларын маржан санап, қымбат көріп қабылдар саналы қауым, «сәулесі бар жігіттер» түбінде бір шығарына ақын кәміл сенеді. Бірақ әзірге ондай жандар болмай тұрған сыңайлы, сол үшін де ақын өлең ұқпас, ақыл, ойға самарқау замандастарын қатты-қатты сынаңқырап жібереді. Сөйтсе де олардың арасында ақылы барлар да жоқ емес деп үміттенеді. Ақын «менің бұл сыным бәріне емес, араларындағы сөзді ұқпас ойсыздарға ғана арналған» деп ақталғандай болады: Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма?

Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар...

Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой,

Шамданбай-ақ, шырақтар, ұқсаң жарар [2.40 б.].

Абай бір бұл өлеңінде емес, өзге де біршама өлеңдерінде тыңдаушыларына көңілі тола бермейтінін үнемі сездіріп отырады. Мысалы, «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңінде ақын «бұл сөзді тасыр ұқпас,

талапты ұғар, көңілінің көзі ашық, сергегі үшін» [2.93 б.] десе, «Өзгеге, көңлім, тоярсың» өлеңінде «қара басқан, қаңғыған, қас надан нені ұға алсын? Көкірегінде оты бар құлағын ойлы ер салсын» [2.117 б.] деп, үнемі сөз ұқпастардан қашып, тыңдаушыларын таңдап-таңдап сөйлейді, сөздерін «талапты», «ойлы ерге» ғана айтуды жөн көреді. Шынында да Абай сөздері жоғарыда А.Байтұрсынов жазғандай, оқырман көкейіне оңай, жеңіл жете бермейді. Өз сөзінің бұрынғы айтылған сөздерден өзгеше екенін ақынның өзі де өлеңінде байқатып өтеді: «Шүү дегенде құлағың тосаңсиды, өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей» [2.93 б.]. Абай өз бағасын жақсы біледі, өзі жайлы «өзім де басқа шауып, төске өрледім, қазаққа қара сөзге дес бермедім» [2.22 б.] десе, айтар ақыл-ойларын «әсіре қызыл емес, түбі терең сөз» [2.93 б.] деп біледі. Өзіне дейінгі айтушы ақындар да, тыңдаушы қауым да ақылды, өрелі бола алмағанын еріксіз ойға алады: «айтушы мен тыңдаушы көбі надан, бұл жұрттың сөз танымас бір парасы» [2.63 б.]. Абай өзі арқылы өмірге жаңа болмыстағы өрелі ақын келгенін жариялайды: «сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» [2.64 б.]. Ендеше Абайдай ақын арқылы сөздің мән-мазмұны мен тәлім-тағылымы артып жатса, тыңдаушы біздердің де ақын сөзін ұғуда ықылас, талабымыз тереңдей бергені жөн.

Абайдың өз өлеңін іздеп, қалап, ұға, түсіне қабылдап жатқан тыңдаушының жоқтығына қынжылып жазған жоғарыдағы өлеңін не үшін базар жайлы сөзден бастағанын енді ғана болжап білгендей боламыз. Базар – «іздегені не болса, сол табылар» сауда жасайтын орын. Базарда негізі, екі-ақ қауым өкілдері жүреді, бірі - сатушылар болса, екіншісі – «өзі іздеген нәрсесі бар» сатып алушылар. Екі топтың арасын байланыстырып дәнекер болушы - «біреу астық алады, біреу маржан» дегендей түрлі-түрлі тауарлар. Абай айтқандай, «базарға, қарап тұрсам, әркім барар», яғни өмірі тіршілік пен тұрмысқа керекті заттарды қажет етумен өтетін барша адам баласы базар жайын жақсы біледі. Абай сол қауымның өздері жақсы білетін әрі жиі баратын базар жайын айту арқылы өзі қалаған ойын сол базармен байланыстырып жеткізуді ойлаған болса керек. Абай да - базардағы түрлі тауарлардың иесі секілді сатушы, оның еліне «сатпақ болып» ұсынар «тауары» - өлеңі және ондағы айтар ақыл-ойлары мен пайдалы кеңестері. Бірақ ақынның өнер, өлең «базарындағы» маржан ойларын қалап, іздеп келіп, ұғып, түсініп «сатып алушы» тыңдаушы әзірге болмай тұр, ақын соған қынжылады. Абайдың бұл өлеңін ақындыққа шындап кіріскен алғашқы жылдары жазуы да тегін болмаса керек. Айтқан сөздері нысанаға дәл тиіп, тыңдаушыларына ұғынықты түрде жетіп жатпаса, ақын үшін сол қайғы. Абай өлеңдерінің шын мағынасын танып білушілер кем болғанға ұқсайды.

Сөйтіп, Абай «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» өлеңінде негізгі айтар түйінді ойын өз кезіндегі «әркім барар» базар жайымен байланыстырып жеткізеді. Біріншіден, адам күнде көріп жүрген таныс нәрсесін жеңіл қабылдайды, сондықтан ақын өз ойын тыңдаушысына өзіне мәлім нәрсесімен салыстыра, «ананы көр де, мынаны ұқ» дегендей суреткерлік

шеберлікпен танытады. Екіншіден, Абай өзі өмір сүрген кезең мен заманның шындығын суреттеген. М.Әуезов жазғандай, XIX ғасырдың екінші жарымында қазақ сахарасына сауда капиталынан басқа өндіріс капиталы да еңдеп кіре бастаған... Қалалардың базарлары мен әр жерге орнаған жәрменкелер арқылы сауда күшейе береді [3.7 б.]. Өзіміз экономика саласының маманы болған соң болар, ғұлама ғалым М.Әуезовтің ақын өмір сүрген кезеңнің шаруашылық, экономикалық негізі жайлы сөз етуін өте орынды көрдік. Өйткені, қоғамдық формациялардың өзі мен олардың эволюциялық жолмен келесі сатысына көшіп отыруы қоғамдағы шаруашылық, экономикалық негізге тікелей тәуелді. Байқағанымыздай, Абай шаруашылық негізіне капиталистік қарым-қатынастар ене бастаған кезеңде өмір сүрген. Жеке меншікке негізделген капиталистік қоғамда базар және сату мен сатып алу әрекеттері айрықша орын алады. Осындай жағдайда ақынның базар жайын айта келіп, содан соң ғана өлеңі туралы өзекті ойын жеткізуге көшетіні көңілге қонады, ең бастысы, қауымы мен тыңдаушысы ақын ойын тез қабылдайды.

Тұрмыс пен тірлігінде базар мен сауда әрекеті мол орын алған заманда адам мінезінің де ортасына орай өзгеріп қалыптасатыны көрінеді. Ақын өзі өмір сүрген заман мен ондағы адамдар, әсіресе жастар жайлы «Заман ақыр жастары» атты өлеңінде тым ащы ақиқатты жайып салады. Қомағай капиталистік қоғамда әркім де бар дүниені иеленіп, өзіне мол үлес алып қалуға тырысады, әр адам өзін ғана ойлайды. Мұндай өзімшіл, жағымсыз мінез жаңаны тез қабылдағыш жастар бойынан да көрініс тауып жатады. Абай бұл өлеңінде заманының жағымсыз мінездерін бойына «жұтырған» жастарын аяусыз әшкерелейді. М.Әуезов жазғандай, қоғамда болатын үлкен уақиғаның барлығын тудырушы себептер: шаруашылық және соған негізделген қоғамдық, тарихтық ерекше жағдайлар [3.6 б.]. Абай суреттеген жастар да – сол кезеңдегі шаруашылық, қоғамдық тарихи дәуірдің жемісі мен туындысы: Заман ақыр жастары

Қосылмас ешбір бастары.

Біріне бірі қастыққа -

Қойнына тыққан тастары [2.129 б.].

Мұндай мінез сол кезеңдегі тек жастарға ғана емес, жалпы қауымға қатысты кесел екенін Абай үшінші қара сөзінде де айтады: «Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не?» [4.97 б.]. Ақын өзіне осындай сауалдар қояды да, жауабын да өмір шындығынан туындатып өзі ұсынады: «Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтеміннен басқа ойының жоқтығынан» [4.97 б.]. Ақша, пайда, өз мүддесін ғана ойлаушылық өз соңынан өзге де кеселді қасиеттерді туындата береді. Жеке меншікке иек артқан шаруашылық негізден пайда болған қоғамдағы заман жайы мен ел мінезі ақын шығармаларында мейлінше мол суреттелген:

Терін сатпай, телміріп көзін сатып,
Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман [2.25 б.].
Күшті жықпақ, бай жеңбек әуел бастан,
Қолға түсер сілесі әбден қатып.
Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,
Өркім бір ит сақтап жүр ырылдатып [2.29 б.].
Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,
Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда [2.30 б.].
Баяғы кулық, бір алдау,
Қысылған жерде – жан жалдау [2.90 б.].

Ақын шығармаларында заман жайы мен адам мінезінің жайсыз, жағымсыз көріністері осылайша жалғаса береді. Адал еңбек етуші - күшін сатқан кедейлер ғана. Олар да біршама мал бітіп байи қалса, өзі де өзгенің еңбегін пайдаланып жалқау, жатып ішер болуға бейім тұрады. Абай бұған дейінгі қанаушы қоғамның қалдықтары сақталған әрі жаңадан жеткен капиталистік қарым-қатынастардың енді ене бастаған ашқарақ кезеңінде өмір сүріп, ел үстінен күн көрудің неше түрлі сұм-сұрқия әдістері мен тәсілдеріне куә болған. Сөйтіп көрген, білгендерінің бәрін де ақыл-ойы, жан-жүрегінің сүзгісінен өткізіп, өлең, қарасөздерімен ашына жырлап, жазып қалдыра берген. Ақын шығармаларында ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ өмірінің шындығы көбіне-көп адам мен заман жайы арқылы көрініс тапқан.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абайды оқы, таңырқа... – Алматы: Ана тілі. 1993. -160 бет.
2. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Жазушы. 1986. -304 бет.
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 20-том. Монография, мақалалар. – Алматы: Жазушы. 1985. -496 бет.
4. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. - Алматы: Жазушы. 1986. -200 бет.

REFERENCES

1. Abaydy oqu, tanyirqa... –Almaty: Ana tili. 1993. -160 bet.
2. Abay (Ibrahim Qunanbaev). Eki tomdyiq shyigarmalar jinagy. 1-tom. –Almaty: Jazushyi. 1986. -304 bet.
3. Auezov M. Jiyirma tomdyiq shyigarmalar jinagy. 20-tom. Monografiya, maqalalar. –Almaty: Jazushyi. 1985. - 496 bet.
4. Abay (Ibrahim Qunanbaev). Eki tomdyiq shyigarmalar jinagy. 2-tom. -Almaty: Jazushyi. 1986. - 200 bet.

Оразымбетова А. – оқытушы, Алматы политехникалық колледжі, Алматы қаласы.

Оразымбетова А. – преподаватель, Алматинский политехнический колледж, г. Алматы.

Orazumbetova A. - teacher, Almaty Polytechnic College, Almaty.

ӘОЖ 796.8

А.К.АНАРБАЕВ

**ӘР ТҮРЛІ СТИЛЬДЕ КҮРЕСЕТІН БАЛУАНДАРДЫҢ
ШАБУЫЛДАУ АРАЛЫҚТАРЫН ЗЕРТТЕУ**

Мақалада грек-рим күресіндегі балуандар үшін қайталама шабуыл түріндегі техникалық, күштік және қызметтік стильдің тактикалық шабуылдаушылық әрекеттерін ұйымдастыру жөніндегі зерттеу материалдары ұсынылған. Шабуыл жасау тактикалық дайындықтың құрамдас бір бөлігі болып табылады. Олар өзі арқылы техникалық әрекеттерді іске асыруды не уақыт қашықтығын сақтай отырып, белгілі бір жүйеліліктегі шабуылға ықпал етуді білдіреді. Осыған байланысты тренажерлік құрылғыға имитациясын пайдалану арқылы тұтас жоспарлау шабуыл әрекеттерінің ұтымды санын, сондай-ақ балуандардың жеке стилін ескере отырып, уақыт үзілісі және қарсыласы туралы мәліметтер және халықаралық аренада жетістіктерге жету мақсатында балуандардың өз жеке және жетекші қасиеттерін ұтымды қолдануға мүмкіндік беретін олардың техникалық-тактикалық әрекеттерге сенімділігі мен тиімділігін арттырады.

Тірек сөздері: тактикалық шабуыл іс-қимыл, қайталап шабуылдар, тренажерлер, жеке қасиеттер.

А.К.Анарбаев

**Исследование интервалов атак борцов с различными
стилями ведения борьбы**

В статье представлены исследовательские материалы по организации тактических атакующих действий в виде повторных атак для борцов технического, силового и функционального стиля в греко-римской борьбе. Атаки являются одним из составных частей тактической подготовки. Они представляют собой реализацию технических действий, либо воздействие на атакуемого в определенной последовательности с соблюдением временного интервала. В связи с этим нами предполагалось, что целевое планирование с использованием имитаций на тренажёрном устройстве рационального количества атакующих действий, а также время паузы с учетом индивидуальных стилей борцов и сведений о противниках повысит надежность и эффективность технико-тактических действий и позволит борцам рационально применять свои индивидуальные и ведущие качества в целях достижения успехов на международной арене.

Ключевые слова: тактические атакующие действия, повторные атаки, тренажёрное устройство, индивидуальные качества.

A.K.Anarbaev

**Investigation of Intervals of Attack Fighters with
Different Styles of Wrestling**

The article presents research materials on the organization of tactical attack in the form of repeated attacks for fighters with technical, power and functional style in Greco-Roman wrestling. Repeated attacks are one of the components of the tactical training. They present realization of technical actions or effect on attacked ones in certain sequence in compliance with the time interval. In this connection, we assumed that the target planning of rational number of attacking actions with using simulations on fitness equipment, and pause time with considering individual features of the fighters, and information about enemies will increase the reliability and efficiency of technical and tactical actions, and will allow the fighters to use their individual and leading qualities in order to reach success on the international arena.

Key words: tactical offensive action, repeated attacks, fitness equipment, individual qualities

Anahtar Kelimeler: taktik saldırı eylemi, tekrarlanan saldırılar, fitness ekipmanları, bireysel nitelikler.

Кіріспе. Үлкен спорттың жоғары санаттағы балуандарды дайындау жүйесінің міндеттерінің бірі функционалдық дайындықты күшейту және оның негізінде техника - тактикалық дайындықты арттыру болып табылады. Қандай да бір қозғалыс қасиеттеріне анағұрлым тиімді әсер ету үшін тренажерлермен жаттығу құрылғыларының мәні зор. Себебі тренажерлер жұмсалған күш-қуатты сандық есептеуге және жаттығу үдерісін бағытына қарай құрауға, жүрек соғу жиілігіне бұдан әрі ЖСЖ, дененің тыныс алуы мен басқа да жүйелеріне тиімді әсер етуге мүмкіндік беріп, нақты қарқынды жағдайда негізгі дене қасиеттерінің дамуына септігін тигізіп, қарсыласқа қарсы әрекеттерді қалыптастыра отырып, нақты техника - тактикалық іс-әрекетті іске асырады.

Спортшылар энергетикалық қуаты жеке аспектілерінің дамуы әр түрлі деңгейде екенін белгілі. Бұл, негізінен, адам физиологиясына тән анықталады. Сондықтан, бұл айырмашылықтар жарыс кезінде іс-қимылдың белгілі бір режимінде жеке балуандарға әсер етуі мүмкін [1].

Біз қайталанған шабуылдар түріндегі тактикалық шабуылдау іс-әрекеттерін ұйымдастыру жарыс жекпе-жектері үдерісінде тактикалық міндеттерді орындауды бұдан әрі ТМО, іске асырудың анағұрлым тиімді амалы екендігін басшылыққа алдық. Қайталанған шабуылдар тактикалық дайындықтың құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл техникалық іс-әрекеттердің іске асырылуы, болмаса уақыт аралығын (іс-әрекеттер арасындағы үзілісті) сақтай отырып, нақты реттілікпен шабуылдаушыға әсер ету [2,3,4,5]. Тренажер стендінің қызметтік сипаттамаларына сәйкес зерттеу жұмысы үшін келесі қайталанған шабуылдар ерекшеленді: «прессинг»-

максималдық күштен 40% манекенге қысым жасау арқылы белсенділікті жаттығуларды орындау және 330 Вт қуатпен қол эргометрін айналдырып «қолды байлау»; «тықсыру» түріндегі қайталанған шабуылдар-максималдық күшпен алға-артқа манекеннің швунгімен максималдық күшпен және жылдамдықпен манекенді шабуылдау мен үзу-соғу; «күту» түріндегі қайталанған шабуылдар- барлау, манекенге қысымсыз және жүктемесіз қол эргометрін айналдыру негізіндегі белсенді демалыс [6,7].

Соған орай, тренажерлік құрылғыға бұдан әрі ТҚ жаттығуларды орындау, шабуылдау іс-әрекеттерінің тиімді көлемін, балуандардың жеке ерекшеліктері мен қарсыластар туралы ақпараттарды ескере отырып, үзіліс уақытын қолданумен мақсаттық жоспарлаудың техника-тактикалық іс-әрекеттер бұдан әрі ТТІ, сенімділігі мен тиімділігін арттыруға және балуандарға халықаралық аланда жетістіктерге жету мақсатында жеке және басты қасиеттерді тиімді пайдалануға мүмкіндік беретіндігі болжамдалды.

Келесі мәндер басшылыққа алынды:

- Қайталанған шабуылдарды ұйымдастыру барысында күрес жүргізудің әр үлгісі үшін қолайлы жоғарғы дәрежедегі балуандарының ТТІ жетілдірудің қазіргі заманғы қарқыны;

- функционалдық дайындық құрылымы.

Модельдік тәжірибеге грек-рим күресінің 20 балуаны, спорт шеберлері, техникалық, күштік және функционалдық үлгілермен күрес жүргізетін өкілдер қатысты. 1-кезеңде балуандар арнайы төзімділіктің 5 минуттық 2 тестін, жұмыс қарқыны шамалы, 40 секунд сайынғы 20 секундтық шабуылмен қарсыласпаған әріптесті иықтан асырып тастау(5 рет) жаттығуларын орындады.

Әр 20 секунд сайын, 20 секундтық шабуылдармен әріптесті иықтан асырып тастау тесті де орындалды. Екінші тесттің орындалуы балуанның дене бітімін тәжірибелік жағдайға келтірді, себебі жаттығу жүктемесі бұдан әрі ЖЖ, оны орындау барысында жарысу жүктемесінен жоғары болды. Тестілеу барысында қарқынды және кинематикалық өлшем бірліктер тіркелді.

Балуандарды тексеруден өткізу барысында техникалық іс-әрекеттердің бұдан әрі ТІ, тығыздық көрсеткіштерінің төмендігі жарысушылық іс-әрекеттерде бұдан әрі ЖІ, арнайы төзімділіктің төменгі және орташа деңгейлеріне негізделетіндігі анықталды. Әр спортшы аталған тесттерді екі күндік аралықпен орындады.

Техникалық белсенділік қарқынын сараптай отырып жасалған қорытындымыз бойынша техникалық стильдегі балуандары демалыстың 1-минутынан кейін 1 және 2-тесттің басында иықтан асырып тастау амалдарын ТІ анағұрлым тиімді жасайды. Функционалдық стильдегі балуандары үшін №1 тестті орындаудың келесі ерекшеліктері тән: 1-минутта техникалық стильдегі өкілдерінің орташа көрсеткіштеріне қарағанда иықтан асырып тастаулар 8-ден төмен, шабуылдау іс-әрекеттерінің орташа бағасы – 4,86±

0,14; ЖСЖ = $134 \pm 4,82$ сок/мин. Бірақ одан соң 5-минутқа дейін зерттелген көрсеткіштер жақсарды. Тек 5-минуттың соңына қарай ЖСЖ $157,4 + 7,8$ сок/мин болғанда шабуылдау іс-әрекеттерінің көлемі 7-ге дейін төмендеді.

Қорытынды тестісі барысында түрлі үлгілерде күресетін балуандар арасындағы күрделі айырмашылықтар техникалық үлгі балуандарының шаршаған сайынғы жағдайларға төменгі бейімділігімен түсіндіріледі. Оның дәлелі ретінде функционалдық үлгі балуандарымен салыстырғанда техникалық үлгі балуандарының ЖСЖ-ы жоғары болуын келтіреміз.

Осылайша 20 секундтық аралық демалыстарды қолдану барысында техникалық үлгі балуандарында дене мүмкіндіктерінің төмендеуі, сонымен бірге бұл жағдайда орындалатын амалдардың сапалық және көлемдік көрсеткіштерінің нашарлауы жарыс жекпе-жегінде бұл үлгі балуандарынан шабуылдар аралығын 30-40 секундқа дейін арттыруды талап етеді, зерттеулердің көпшілігінде сайыс түгелдей емес, жеке жекпе-жек үдерісінде күресу тиімділігін арттырудың түрлі нұсқалары қарастырылғандықтан, жекпе-жектердің аралығын кемінде 20 минут (демалыс аралықтары жарыс ережелерімен белгіленеді) болатын турнирлік жарыстарды модельдейтін жағдайда техникалық және қызметтік үлгілер балуандарының нәтижелілігін зерттеу қажеттілігі пайда болды. Арнайы еңбек қабілеттілікті тіркеу мақсатында балуандар орындаған 5 минуттық тест –прессинг шабуылдау іс-әрекеттері түрінде иықтан асырып тастау, 20 секунд сайынғы аралықпен иілу жасалды. Техникалық үлгі балуандарында 5 минуттық №1 тестте орындалған шабуылдау іс-әрекеттерінің көлемі қызметтік үлгі балуандарымен салыстырғанда төмендігі(иықтан асырып тастау саны да аз) анықталды. 20 секунд демалғаннан кейін 5 минуттық 2-тапсырмада иықтан асырып тастау саны дәлелсіз артты, педагогикалық баға айтарлықтай өзгермеді. 5 минуттық 3-тестті орындау барысында 1 мен 2-тапсырмалармен салыстырғанда еңбек қабілеттілігінің дәлелсіз төмендеуі анықталды. Тіркелген ЖСЖ орындалған жұмыс жүктемесінің жоғарылығын білдірді. Жұмсалған қуат 2300 кДж. Техникалық үлгі балуандарына еңбек қабілеттілік 5 минуттық тестті қайтадан орындау барысында дәлелсіз артқандығы тән.

Бұл зерттеулердің негізгі міндеті жоғарғы санаттағы балуандардың қандай қарқын аумағында күресіп жатқандығын(нақтырақ жекпе-жек жүргізу мәнеріне қандай қарқын аумағы сәйкес екендігін), қуатты қамтамасыз етудің қандай механизмін, қандай құралдармен дамыту керектігін және қандай әдістемені қолдану керектігін анықтау. Яғни балуандардың күрес жүргізуінің әр үлгі (техникалық, күштік, функционалдық) нақты қызметтік, дамыған вегетативтік қызметті қарастырып, өзінің негізгі қасиеттерін қолдануға мүмкіндік беріп, қозғалыс міндетін орындау барысында артықшылықты қалыптастырады. Осылайша, жоғарғы санаттағы балуандардың жаттығу жүктемелерін топтастыру барысында жекпе-жек жүргізудің нақты мәнерлеріне сәйкес келетін, жаттығу тапсырмаларының үш түрі анықталды. Жаттығу тапсырмаларының 1-түрі қарқын аумағында

орындалатын ТІ мөлшері ең көптігімен, ЖСЖ- 144-162 сок/мин және барлық жүктеменің 23% мөлшерімен, жаттығу уақыты орташа 100,4+3,8 мин., демалыстың жалпы уақыты 25,5 мин құрауымен сипатталды. Тапсырмалардың бұл түрі жалпы төзімділіктің «функционалдык» қозғалыс қасиеттері есебінен қарқынды жағдайдың тапсырмаларын орындайтын, жоғарғы санаттағы балуандарға тән. Жаттығу үдерісі келесі ретпен іске асырылады(1 кесте), үш серия, он тұрғы, таза жұмыс уақыты 100,4+3,8 мин., демалыстың жалпы уақыты 25,5 мин.

1 кесте. Күрес жүргізудің «функционалдык» үлгісіне жататын балуандардың жаттығу жүктемелерінің тиімді аралықтары.

Жарыс іс- әрекетінің түрі	Серия саны	Тұрғылар саны	Жаттығу жүктемелерінің аралығы, мин.	Демалыс аралығы, мин.	ЖСЖ сок/мин.
1	2	3	4	5	6
Функционалдык			13,1 ±3,1	1,5	
	3	3	12,5 ± 3,3	1,3	
			11,6 ± 2,9	1,2	
			37,2 ± 3,1	4	
				5 мин.	144-162
		3	10,7 ± 1,5	1,5	
			11,2 ± 1,8	1,8	
			10,9 ±2,8	1,9	
			32,8 ± 2,1	5,2	
				5 мин.	
		4	11,1 ± 3,1	2,1	
			9,1 ± 2,9	2,3	
			8,4 ± 3,5	1,9	
			8,2 ± 3,1	Толық қалпына келгенге дейінгі демалыс	
			36,8 ± 3,2	9,1	
Жалпы сома	3	10	100,4 + 3,8	25,8	

Жаттығу тапсырмаларының екінші түрі ЖІ-ні орындау аумағында жасаумен сипатталады, мұнда жүктемені орындау қарқыны ЖСЖ 168-180 сок/мин. шегінде болады. Мұндай жүктеме күш қасиеттері есебінен қарқынды жағдайларды іске асыратын балуандарға тән («күштік»)(2 кесте).

2 кесте. Күрес жүргізудің «күштік» үлгісіне жататын балуандардың жаттығу жүктемелерінің тиімді аралықтары

Жарыс іс-әрекетінің түрі	Серия саны	Тұрғылар саны	Жаттығу жүктемелерінің аралығы, мин.	Демалыс аралығы, мин.	ЖСЖ сок/мин.
1	2	3	4	5	6
Күштік			8,9 ± 1,3	1,6	
	3	3	8,7 ± 1,3	1,4	
			8,5 ± 1,4	1,4	
			26,1 ± 1,3	4,4	
				5 мин.	168-180
		4	8,8 ± 1,2	1,4	
			7,7 ± 2,1	1,5	
			7,5 ± 2,3	1,3	
			6,9 ± 2,5	1,2	
			31,4 ± 2,2	5,5	
				5 мин.	
		3	6,7 ± 3,1	1,5	
			6,2 ± 3,3	1,4	
			6,1 ± 3,3	Толық қалпына келгенге дейінгі демалыс	
		19 ± 3,2	2,9		
Жалпы сомасы	3	10	72,3 ± 1,8	22,8	

Жаттығу сабақтарының толық уақыты 72,3±1,8 мин, жалпы демалыс уақыты 22,8 мин. құрады.

Жаттығу тапсырмаларының үшінші түрі ТІ-нің аз мөлшерімен сипатталады, бірақ олардың орындалуы үлкен кернеуді талап етіп, ЖСЖ 186 сок/мин және одан жоғары болады. Мұндай жүктеме «техникалық» жылдамдық-күштік сипаттағы ТТІ есебінен қарқынды жағдайларды іске асыратын балуандарға тән(3 кесте).

3 кесте. Күрес жүргізудің «техникалық» үлгісіне жататын балуандардың жаттығу жүктемелерінің тиімді аралықтары.

Жарыс іс-әрекетінің түрі	Серия саны	Тұрғылар саны	Жаттығу жүктемелерінің аралығы, мин.	Демалыс аралығы, мин.	ЖСЖ сок/мин.
1	2	3	4	5	6
Техникалық			6,7 + 2,1 мин., демалыс уақыты 2,9 мин.	6,5 +1,5 мин., дема-лыс уақыты 2,7 мин.	
	3	3	6,3 + 1,1 мин., демалыс уақыты 2,7 мин.	5,9 +1,3 мин., дема-лыс уақыты 2,5мин.	
			6,7 + 2,1 мин., демалыс уақыты 2,9 мин.	6,5 +1,5 мин., демалыс уақыты 2,7мин.	
				5 мин.	168-180
		4	8,8 ± 1,2	1,4	
			7,7 ± 2,1	1,5	
			7,5 ±2,3	1,3	
			6,9 ± 2,5	1,2	
			31,4 ± 2,2	5,5	
				5 мин.	
		3	6,7 ± 3,1	1,5	
			6,2 ± 3,3	1,4	
		6,1 ± 3,3	Толық қалпына келгенге дейінгі демалыс		
		19 ± 3,2	2,9		
Жалпы сомасы	3	10	72,3 + 1,8	22,8	

Қорытынды.

1. Балуандардың күрес жүргізуінің әр үлгі (техникалық, күштік, функционалдық) нақты қызметтік, дамыған вегетативтік қызметті қарастырып, өзінің негізгі қасиеттерін қолдануға мүмкіндік беріп, қозғалыс міндетін орындау барысында артықшылықты анықталды.

2. Жоғарғы санаттағы балуандардың жаттығу жүктемелерін топтастыру барысында жекпе-жек жүргізудің нақты мәнерлеріне сәйкес келетін, жаттығу тапсырмаларының үш түрі анықталды.

3. Жаттығу жүктемелері мен олардың еңбек қабілеттілікке әсерін және техника-тактикалық іс-әрекеттерді орындау тиімділігінің лабораториялық зерттеулері көрсеткендей, олар тактикалық тапсырмаларды орындау уақытына, қарқындылық аумағына, сонымен бірге демалыс уақыттарына байланысты болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Sawczyn S., Jagiello W., Fetisov V.I., Mishchenko V.S.* Взаимосвязь предрасположенности к работе в различных энергетических режимах и индивидуальные особенности тактического подхода квалифицированных борцов // Archives of budo, USA. Том:8 Выпуск: 2. 2012. 79-86с.

2. *Новиков А.А., Акопян А.О.* Функциональная система управления подготовкой спортсменов в различных видах единоборств. Теория и практика физической культуры.- 1983.- № 11. 20-22 с.

3. *Телюк СИ.* Контроль за совершенствованием технического мастерства и физических качеств борцов вольного стиля высокой квалификации: Метод. рекомендации // ВНИИФК.- М., 1986.- 41с.

4. *Ашмарин В.А.* Теория и методика педагогических исследований в физическом воспитании - М.: Физкультура и спорт, 1978 с.

5. *Малков О.Б.* «Основы тактики борьбы с позиции теории конфликтной деятельности» // Теория и практика физической культуры. 1999 г. № 2. 45-50 с.

6. *Бубе Х.* Тесты в спортивной практике. Пер. с нем.- М.: физкультура и спорт, 1988.- 239 с.

7. *Дахновский В.С., Венглярский Г.А.* Велозргометрическое тестирование специальной работоспособности дзюдоистов // Спортивная борьба. Вып.1.- М.: Физкультура и спорт, 1982. 52-61с.

REFERENCES

1. *Sawczyn S., Jagiello W., Fetisov V.I., Mishchenko V.S* Vzaimosvyaz predraspolozhonnosti k rabote v razlichnih energeticheskikh rezhimah i individualniye osobennosti takticheskogo podhoda kvalificirovannih barcov // Archives of budo, USA. Tom : 8 Vipusk:2. 2012. Str.: 79-86

2. *Novikov A.A., Akopyan A.O.* Funktsionalnaya sistema upravleniya podgotovkoy sportsmenov v razlichnih vidah edinoborstv. Teoroya i praktika fizicheskoy kulturi.-1983. - № 11.20-22 b.

3. *Telyuk SI.* Kontrol za sovershenstvovaniyem tehnicheskogo masterstva i fizicheskikh kachestv borcov volnogo stilya visokoy kvalifikacii: Metod.rekomendacii// VNIIFK.-M., 1986.-41b.

4. *Ashmarin V.A.* Teoriya i metodika pedagogicheskikh issledovaniy v fizicheskom vospitanii –M. Fizkultura i sport 1978 b.

5. *Malkov O.B.* “ Osnovi taktiki borbi s pozicii teorii konfliktnoy deyatelnosti” \\ Teoriya i praktika fizicheskoy kulturi. 1999 g. № 2.45-50 b.

6. *Bube H.* Testi v spartivnoy praktike. Per. s nem.- M.: fizkultura i sport, 1988.- 239 b.

7. *Dahnovskiy V.S., Venglyarskiy G.A.* Veloergometricheskoye testirovaniye specialnih rabotosposobnosti dzyudoistov // Sportivnaya borba. Vip.1.-M: Fizkultura i sport, 1982. 52-61 b.

Анарбаев А.К. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ. e-mail: almas_6262@mail.ru

Анарбаев А.К. – кандидат педагогических наук, доцент, университет Ахмета Ясави, Туркестан қ. e-mail: almas_6262@mail.ru

Anarbaev A.K. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Ahmet Yasawi University, Turkestan қ. e-mail: almas_6262@mail.ru

Б.С.МЫРЗАЛИЕВ, Я.С.ЯДГАРОВ, В.А.СИДОРОВ

**ФЕНОМЕН РЫНОЧНОГО ХОЗЯЙСТВА:
ПОИСК РЕШЕНИЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИХ ПРОБЛЕМ
(ФОРУМ ПАМЯТИ ОРГАНИЗАТОРА ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НАУКИ)**

В период с 29 марта по 1 апреля 2017 года в Сочи состоялась пятая научно-практическая конференция «Феномен рыночного хозяйства: от истоков до наших дней», посвященная памяти известного ученого-крупного организатора экономической науки, одного из первых на юге России докторов экономических наук по специальности «политическая экономия» – профессора *Александра Федоровича Сидорова*. В повестку дня конференции, как и на предыдущих четырех, были включены наиболее актуальные дискуссионные вопросы эволюционной и воспроизводственной составляющей феномена рыночного с присущими ему социально-институциональными и междисциплинарными аспектами. А обобщающие итоговые материалы этого форума нашли широкое отражение в ряде печатных экономических изданий России, Армении, Казахстана, Грузии, Беларуси [1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9].

